М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ӘОЖ 37.013.3.043.2 Қолжазба құқығында

**ПАРМАНКУЛОВА ПЕРИЗАТ ЖАКСЫЛЫКОВНА**

# Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері

6D012000 - Кәсіптік оқыту

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
п.ғ.д., профессор
Жолдасбекова С.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші
п.ғ.д., профессор
И.Раззақов атындағы ҚМТУ
Асаналиев М.К.

Қазақстан Республикасы
Шымкент, 2022

## МАЗМҰНЫ

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**............................................................ 4
**АНЫҚТАМАЛАР**............................................................................................ 5
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**...................................................... 6
**КІРІСПЕ**............................................................................................................ 7
**1 ДУАЛЬДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУҒА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**.......................................... 20
1.1 Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдіснамалық негіздері......................................... 20
1.2 «Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту» ұғымының мәні, мазмұны және құрылымы........................................................................... 35
1.3 Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесінің зерттелуі және қазіргі жағдайы............ 48
1.4 Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі............................................ 68
Бірінші бөлім бойынша тұжырымдама...................................................... 80
**2 ДУАЛЬДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУҒА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР**............................ 82
2.1 Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттары.................................... 82
2.2 Болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлық деңгейін диагностикалау жұмыстары.............................. 98
2.3 Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың формалары мен әдістері..................................... 109
2.4 Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау бойынша тәжірибелік эксперимент нәтижелері........................................................................................................ 122
Екінші бөлім бойынша тұжырымдама........................................................ 136
**ҚОРЫТЫНДЫ**.............................................................................................. 137
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**......................................... 142
**ҚОСЫМША А** Н.П.Фетискин «Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзіндік бағалау әдістемесі».......................................................................... 157
**ҚОСЫМША Ә** Л.Н.Бережнова «Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет деңгейін диагностикалауәдістемесі» ...................... 159
**ҚОСЫМША Б** В.Синявский және Б.А.Федоришин «Тұлғаның коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін бағалау әдістемесі».......................................................................................................... 162
**ҚОСЫМША В** Инклюзивтік оқытуға көзқарас .......................................... 164
**ҚОСЫМША Г** 7М01450-«Кәсіптік оқыту» мамандығының оқу жоспары.......................................................................................................... 170
**ҚОСЫМША Ғ** 5В012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығының оқу жоспары.......................................................................................................... 171

**ҚОСЫМША Д** Оқулықтар, оқу құралдары, куәліктер................................ 172
**ҚОСЫМША Е** Ендіру актілері.................................................................. 173

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылды:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана. 30-тамыз, 1995.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. 2016 жылғы 1 қаңтар.

Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Мемлекет Басшысының Қазақстан халқына Жолдауы. 2019 жылғы 2 қыркүйек.

Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек.

Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2021 жылғы 01 қыркүйек.

Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2022 жылғы 16 наурыз.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. - 13 б.

«Саламанка декларациясы: ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласындағы ұстанымдар, саясат және іс-әрекет туралы». Испания 1994 жылғы 7-10 маусым.

«Баршаға арналған білім туралы дүниежүзілік декларация». Джомтьен, 1990 жыл.

«Дакар іс-қимыл шеңбері» баршаға арналған білім. Дакар, Сенегал, 2000 жылғы 26-28 сәуір.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39-III Заңы.

# АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

**Дуальды оқыту** – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны («Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы).

**Дуальды білім беру жүйесі -** еңбек рыногының сұранысына сай бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды даярлау мақсатында кәсіпорынның, оқу орнының және білімгерлердің мүдделерін біріктіретін инновациялық жүйе *(авторлық анықтама).*

**Инклюзивті оқыту -** кез келген тұлғаның сапалы білім алу құқығын және сапалы білімнің қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған үдеріс *(авторлық анықтама).*

**Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту** – кәсіпорын мен оқу орнының мамандарды кез келген айырмашылықтарына қарамастан бірлесе даярлайтын инновациялық үдерісі *(авторлық анықтама).*

**Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау** – кәсіпорын мен оқу орнының бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды инклюзивті білім беруге бірлесе даярлайтын инновациялық үдерісі *(авторлық анықтама).*

**Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту педагогы** – ізгіліктік принципін ұстанған, адами құндылықтарға бағдарланған, толерантты, теорияны практикамен ұштастыра білетін, бәсекеге қабілетті, ұтқыр маман *(авторлық анықтама).*

**Педагогикалық шарт -** бұл жүйенің өнімді дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, осы жүйенің жеке және процессуалдық аспектілеріне әсер ететін білім беру және материалдық-кеңістіктік орта мүмкіндіктерінің жиынтығын көрсететін педагогикалық жүйенің құрамдас бөлігі.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі белгілеулер мен қысқартулар қолданылды:

ҚР - Қазақстан Республикасы
ҚРБҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы
ДБМШТ - денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлға
ЕБҚТ - ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар
ЖОО - жоғары оқу орны
ОҚУ - Оңтүстік Қазақстан университеті
РОӘК - Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі
ОН - оқу нәтижелері
ТжКБ - техникалық және кәсіптік білім
МОӨЖ - оқытушының басшылығымен магистранттардың өзіндік жұмысы
КП - кәсіптік пәндер
БТ- бақылаутобы
ЭТ - эксперимент тобы
т.б. - тағы басқа

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Елімізде қалыптасқан еңбек нарығы өз міндеттерін сапалы және жауапкершілікпен орындайтын, құбылмалы экономикалық жағдайларға жылдам бейімделетін мамандарға мұқтаж, осыған орай жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, заман талабына сай ұтқыр мамандарға деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасында қазіргі еңбек нарығына қажетті маман «кәсіби құзыретті, азаматтық ұстанымы айқын, ойлау қабілеті жоғары тұлға» болуы тиіс екендігі айтылған [1]. Өйткені қоғамымыздың қарқынды дамуы үшін өз кәсібі саласында бәсекеге қабілетті сапалы маман еліміздің еңбек ресурсын қалыптастыруға, адам капиталын дамытуға өз үлесін қосады.

ЮНЕСКО-ның Екінші халықаралық Конгресінде XXI ғасырда қоғам мен экономиканың түбегейлі өзгерістерге ұшырайтындығы, бұл өзгерістер білікті мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз ететін кәсіптік жоғары білім беру саласына да ықпал ететіндігі [2] атап көрсетілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында «кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттаған дұрыс, себебі болашақ жастарымыз терең білімді болуы үшін кез келген істі жүзеге асыра алатындай кәсіби дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажет» деген қорытынды жасады [3].

Сонымен қатар «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында «жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті, өйткені мамандықты жиі өзгерте білу және жаңа кәсіптерді игере алу арқылы ғана болашақ маманның бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ете аламыз» дей отырып, жоғары оқу орындарына үлкен жауапкершілік жүктеді [4].

Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүргізген еңбек нарығындағы мамандар қажеттілігін зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, еліміздің еңбек нарығында 2022 жылы 59 376 маман жетіспейді [5].

Қоғамда барлық адамдар бірдей емес, арамызда дене бітімінде, ақыл-ойында белгілі бір бұзылыстары, сенсорлық немесе психикалық ауытқулары бар, денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі (ДБМШ) тұлғалар бар екендігін барлығымыз білеміз.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму саласындағы 17 жаһандық мақсатының бірі «инклюзивті және әділ сапалы біліммен қамтамасыз етудің және барлық адамдар үшін өмір бойы білім алу мүмкіндігін арттыру» болып отыр [6].

Қазіргі таңда практикаға бағдарланған, кәсіби құзыретті мамандарды даярлаудың ең тиімді жолы ретінде дуальды білім беру жүйесі болашақ мамандардың еңбек рыногына бейімделуіне жағдай жасауды, мемлекетімізді білікті мамандармен қамтамасыз етуді өзіне мақсат етіп қояды. Міне, осы тұста еңбек рыногының сұранысына қажетті сапалы мамандарды даярлайтын тұлға

педагог екендігі белгілі. Осы орайда дуальды білім беру жүйесі денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың практикалық дағдыларды меңгеруіне өте тиімді [7]. Алайда күні бүгінге дейін дуальды білім беру жүйесінде денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту, оларға кәсіби білім беру мәселесі отандық білім беру жүйесінде ауқымды түрде талқылауды қажет ететін зерттеу пәні ретінде қарастырылмай келеді.

2020 жылғы мәліметтер бойынша жоғары оқу орындарында білім алатын, инклюзивті оқытумен қамтылған денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі студенттер саны 1666 адамды құрап отыр [8]. Бұл денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар арасында жоғары білім алуды, белгілі бір кәсіпті меңгеруді мақсат еткен азаматтар саны жылдан жылға өсіп отырғандығын білдіреді. Қазіргі таңда ДБМШ тұлғалардың денсаулық ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім беретін педагогтар тапшы, сондықтан инклюзивті оқытуды іске асыратын педагогтарға деген сұраныс мәселенің өзектілігін айқындайды.

Қоғамда орын алған әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани және мәдени жаңғыртулар отандық білім беру жүйесін айналып кеткен жоқ, білім саласы да елеулі өзгерістерге ұшырауда. Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің жаңашыл бағыты мен сипаты педагогтардың сапасын көтеруді, инновациялық білім беруді дамытуды, оны ғылыми-зерттеу әрекетімен байланыстыруды және білім беру мақсаттарын жүзеге асыруда сапалы білім беруге дайын педагогтармен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Қазір жоғары оқу орындары үздіксіз кәсіби дамуға, өзін-өзі жетілдіруге бағдарланған құзыретті педагогтар даярлау үшін тиісті жағдайлар жасауда. Соңғы жылдары педагогтардың кәсіби сапасын арттыру және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру бағытында оң үдерістер орын алды. Өйткені қазіргі қоғамға теориялық және практикалық дайындығы бар, оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын меңгерген сапалы педагог қажет. Мыңдаған мамандықтардың ішінде педагог мамандығы «адам-адам» жүйесінде әрекет ететін мамандық болғандықтан, болашақ мамандардың қалыптасуына ықпалы зор екендігі белігілі. Сапалы педагог - еліміздің ертеңі, олай болса болашақ мамандарға білім беретін педагогтардың бейнесі аталған талаптарға сай болуы тиіс. Сондықтан дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда келесі зерттеу жұмыстарын басшылыққа алдық:

-болашақ педагогтарды даярлау мәселесін зерделеген Л.М. Митина [9], В.А.Сластенин [10], В.Д. Шадриков [11], Е.Н. Шиянов [12] және т.б. еңбектері;

-дуальды білім беру мәселелерін қарастырған С.П. Романов [13], С.А. Жолдасбекова [14], Ж.О. Нуржанбаева [15], К.Ж. Бузаубакова [16], М.Асаналиев [17], А.Т. Туралбаева [18], А.А. Сманова [19], Н.Д.Тастанбекова [20] және т.б. еңбектері;

-педагог кадрларды кәсіби даярлауда дуальды оқыту элементтерінің ендірілуін зерттеген А.М. Әбдіров [21], М.Д. Есекешова [22], Ж.Е.Алшынбаева [23], А.Э. Айтенова [24] еңбектері;

-инклюзивті оқыту мәселелерін саралаған С.В. Алехина [25], М.М.Семаго [26], денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектелуі тұлғаларды инклюзивті оқыту мәселесін қарастырған Н.Н. Малофеев [27], Н.Д.Шматко [28] еңбектері;

-болашақ маманның кәсіби-педагогикалық бағыттылығын қарастырған Т.К.Мусалимов [29], кәсіптік оқыту педагогының кәсіби мәдениетін зерделеген К.М. Беркимбаев [30] еңбектері.

И.Н.Хафизуллина [31] өзінің диссертациялық зерттеуінде болашақ педагогтардың инклюзивті құзыреттілік мәселелерін, Ю.В.Шумиловская [32] болашақ педагогты инклюзивті оқыту жағдайында тұлғалармен жұмыс жасауға даярлауды, Э.А. Гафари [33] мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын зерделесе, Ю.В.Мельник [34] шетелдер мен Ресейдегі инклюзивті оқытуға салыстырмалы талдау жасады, ал Н.А.Медова [35] муниципалдық білім беру жағдайында инклюзивті оқыту моделін ұсынды.

Отандық ғалымдар Р.А.Сулейменова [36], Ж.И. Намазбаева [37], З.А.Мовкебаева [38], А.Т. Искакова [39], А.А. Байтұрсынова [40] өз еңбектерінде инклюзивті білім берудің ізгіліктілік-философиялық сипатына, құқықтық-нормативтік негізіне тоқтала отырып, инклюзивті орта құру мәселелерін тереңінен қарастырды. И.Оралканова [41], А.К. Оралбекова [42], С.Д. Аубакирова [43], Б.М.Мажинов [44], Г.А. Испамбетова [45], Д.С.Хамитова [46] философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық зерттеу жұмыстарында мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен жұмыс жасайтын мамандарды дайындау, инклюзивті оқыту жағдайында болашақ педагогтарды даярлау мәселелерін зерделеген.

Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша әдебиеттерге жасалған талдау дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесі тіпті зерттелмегендігін көрсетті. Яғни дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесі, оның әдіснамалық негіздерін айқындау, моделін жасау, педагогикалық шарттарын, формалары мен әдістерін айқындау, оқу-әдістемелік кешенін жасау - өзекті мәселе. Сондықтан дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесі ғылыми тұрғыдан зерделеуді қажет етеді.

Бүгінгі таңда қоғамға «кәсіпқойлықтың жаңа түрін» меңгерген С.В.Алехина [47], барлық баланың білім алуына қолайлы жағдай жасауға дайын педагогтар қажет. Осылайша, инклюзивті оқытуды сәтті жүзеге асырудың маңызды шарты - болашақ педагогтардың кәсіби қызметін атқаруға және денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен жұмыс жасауға даяр болуы. Әрине педагогтың инклюзивті оқытуға даярлығы оның педагогикалық қызметті тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік беретін білімі мен құзыретінің деңгейін айқындайды.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» ғылымды дамытудың басым бағытымен, ҚР «Білім туралы» заңымен, ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауларымен, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасымен,

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII Заңымен, «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 01 маусымдағы № 348 бұйрығымен және «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығымен үйлестірілген.

Диссертациялық зерттеу жұмысы мемлекет бюджетінен қаржыландырылған 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасының 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағытында орындалған 3149/ГФ4 «Техникалық және кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мамандарды дуальды оқытуға даярлау процесін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері» жобасының (2015-2017) шеңберінде орындалды және осы гранттық жобаның үйлесімді жалғасы болып табылады.

Зерттеу жұмысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары көрсетілген «М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің 2016-2020 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына» сәйкес «Кәсіптік оқыту» кафедрасының базасында жүргізілген мемлекеттік бюджеттік Б-16-10-15 «Болашақ мамандарды дуальды оқыту негізінде кәсіби даярлау» тақырыбы (№5 хаттама, 18.12.2015ж.) аясында жүргізілді.

Зерттеу барысында педагог мамандарға деген сұраныс пен дуальды білім беру жүйесінде денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту арасында келесі ***қарама-қайшылықтар*** анықталды:

-*әлеуметтік-педагогикалық деңгейде:* дуальды білім беру жүйесінде денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту қажеттілігі мен дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын педагогтардың болмауы арасында;

-*ғылыми-теориялық деңгейде:* дуальды білім беру жүйесінде денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту педагогтарына айқын сұраныс пен дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық тұрғыда негізделмеуі арасында;

-*әдістемелік-практикалық деңгейде:* дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру қажеттілігі мен дуальды оқыту жүйесінде болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлығын қалыптастыру үшін практикаға бағдарланған оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілмеуі арасында.

Жоғарыда көрсетілген мәселелердің шешімін іздестіру, мәселенің көкейкестілігі, оның практикада жеткіліксіз дамуы бізге зерттеу жұмысымыздың проблемасын айқындауға және тақырыпты **«Дуальды білім**

**беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері»** деп таңдауымызға негіз болды.

**Зерттеу мақсаты:** Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды теориялық тұрғыда негіздеу және оқу-әдістемелік кешенін ұсыну, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелдеу.

**Зерттеу нысаны:** Жоғары оқу орнында болашақ педагогтарды даярлау үдерісі.

**Зерттеу пәні:** Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** *егер,* дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалса, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі жасалып, даярлаудың педагогикалық шарттары ұсынылса, оқу-әдістемелік кешені жасалса, *онда* дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды жүзеге асыруға даяр болашақ педагогтың тұлғасы қалыптасып, инклюзивті оқытуда білімі, іскерлігі мен дағдылары арта түседі, өйткені бұл қоғам талабы.

**Зерттеудің міндеттері:**

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделін әзірлеу;

-болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындау;

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістері мен формаларын айқындау, оқу-әдістемелік кешенін ұсыну және оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент жүзінде тексерістен өткізу.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға жоғары білім беру жүйесінде даярлаудың тәжірибелік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану негізінде болашақ педагогтардың инклюзивті оқыту бойынша білім, іскерлік және дағдыларын арттыру арқылы бәсекеге қабілетті, ұтқыр, біліктілігі жоғары педагог даярлауға септігін тигізеді.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері** зерттеудің әдіснамалық ұстанымдары, зерттеу тақырыбына сай ұғымдардың мәнін ашатын философиялық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік тұжырымдар, қағидалар, білім беру үдерістері мен жүйелерді құру теориясы туралы ережелер, білім беруді ізгілендіру, дуальды білім беру мен инклюзивті оқыту идеясы, ұстанымдары, болашақ педагогтарды даярлау тұжырымдамасы, білім саласындағы мемлекеттік құжаттар, инклюзивті оқытуға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық, философиялық тұғырлар, ресми құжаттар болып табылады.

**Зерттеу көздері:** дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесі қарастырылған философиялық,

психологиялық, педагогикалық, әдістемелік ғылыми зерттеулер; халықаралық және Қазақстан Республикасының заңнамалары мен қаулылары, нормативтік құжаттар; ҚР Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік бағдарламалары, тұжырымдары; білім беру саласындағы ресми құжаттар және жалпыға міндетті білім беру стандарттары; отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу тақырыбы бағытындағы ғылыми еңбектері; диссертациялық зерттеулер және гранттық жобалар; ғылыми-әдістемелік мақалалар.

**Зерттеу әдістері:**

-*теориялық әдістер:* зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, оқу-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу; диссертациялық зерттеулерді, гранттық жобаларды, мерзімдік ғылыми басылымдарды, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау; синтездеу, салыстыру, сәйкестендіру, модельдеу;

-*эмпирикалық әдістер:* мақсатты бағдарланған сауалнама, сұрақ-жауап, интервью алу, тестілеу, диагностикалық әдістер, анықтау, қалыптастыру, және бақылау эксперименттері, мәліметтерді математикалық-статистикалық өңдеу, мониторинг жасау.

**Зерттеу базасы:** Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеттерінде өткізілді.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері:**

*Бірінші кезеңде (2017-2018жж.*) зерттеу мақсатына сәйкес материалдар, ресми құжаттар деректері жинақталып, талдау жасалды, ғылыми аппарат негізделді; зерттеу мәселесінің теориялық және әдіснамалық негіздері, мәселенің ғылымда зерттелу жайы айқындалды; дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың негізгі ұғымдары мен олардың мәні айқындалды; дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың мәні мен мазмұны зерделеніп, теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделді; дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың озық тәжірибелері жинақталды; тәжірибелік эксперимент жұмыстарының бағдарламасы жасалып, мазмұны мен әдістемесі белгіленді; анықтау эксперименті жүргізілді.

*Екінші кезеңде (2018-2019жж.)* дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесі теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделді; болашақ педагогты инклюзивті оқытуға даярлаудың құрылымдық моделі жасалды; дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттары және әдістері мен формалары айқындалып, білім беру бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешен жасалды; оқу-әдістемелік құрал дайындалды; электрондық оқулық әзірленді; дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың қалыптастыру эксперименті жүргізілді; аралық кесінділер алынды.

*Үшінші кезеңде (2019-2020жж.)* дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі,

оқу-әдістемелік кешені апробациядан өткізілді; болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың диагностикалық жұмыстары жүргізілді; дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың оқу-әдістемелік кешені жасалды; оқу құралы әзірленді; эксперимент жұмысы кезеңінде алынған аралық және қорытынды нәтижелерге салыстырмалы талдау жасалды; мәліметтерді статистикалық өңдеу жұмыстары жүргізілді; эксперимент нәтижелері қорытындыланып, пайдаланылған әдебиеттер тізімі реттелді; диссертацияны талапқа сай рәсімдеу жұмыстары жүргізілді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәні:**

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдіснамалық-теориялық негіздері айқындалды;

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педаготарды даярлаудың құрылымдық моделі әзірленді;

-болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары анықталды;

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістері мен формалары айқындалып, оқу-әдістемелік кешені ұсынылып, оның тиімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде тексерілді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:**

Диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын дуальды білім беру жүйесінде болашақ инклюзивті оқыту педагогтарын даярлайтын жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде, колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагогтардың кәсіби біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде, қосымша білім беру саласында пайдалануға болады. Зерттеу жұмысының барысында келесі нақты практикалық нәтижелерге қол жеткізілді:

-7М01450 - «Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған білім беру бағдарламасы;

-«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» элективті курсы;

-«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу-әдістемелік кешені;

-5В012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған «Дуальды оқыту жүйесінде оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы (ҚР БҒМ РОӘК оқу-әдістемелік бірлестігінің ұсынысымен, 10.05.2018ж. хаттама № 5);

-«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу құралы (ҚР БҒМ РОӘК оқу-әдістемелік бірлестігінің ұсынысымен, 21.05.2021ж. хаттама № 6);

-«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» электрондық оқулық.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

1. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері. Дуальды білім беру жүйесі дегеніміз - еңбек рыногының сұранысына сай бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды даярлау мақсатында кәсіпорынның, оқу орнының және білімгерлердің мүдделерін біріктіретін инновациялық жүйе. Инклюзивті оқыту - кез келген тұлғаның сапалы білім алу құқығын және сапалы білімнің қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған үдеріс.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау – кәсіпорын мен оқу орнының бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды инклюзивті білім беруге бірлесе даярлайтын инновациялық үдерісі.

2. Дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлау мақсаты мен міндеттеріне, әдіснамалық тұғырлары мен қағидаларына, мазмұны мен көрсеткіштеріне сай мақсатты, әдіснамалық, мазмұндық, үдерістік және рефлексивтік блоктарының өзара тығыз байланыстылығын қарастыратын құрылымдық моделі.

3. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыру мыналарды қамтамасыз етеді: *ұйымдастырушылық* - дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделін әзірлеу және енгізу; *теориялық* - дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мазмұнын құрастыру; *технологиялық* - дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың оқу-әдістемелік кешенін жасау; *мониторингтік* - болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлығы деңгейіне кезеңдік мониторинг жүргізу, денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқытуды жүзеге асыруға оң көзқарас қалыптастыру.

4. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістері мен формалары оқу-әдістемелік кешеннің педагогикалық ЖОО-ның оқу үдерісіне ендірілуімен іске асырылады.

**Зерттеу нәтижесінің дәлелдігі және негізділігі:**

Зерттеу жұмысының қорытындылары теориялық және әдіснамалық қағидалармен дәлелденуімен, ғылыми аппараттың мазмұнына сәйкестігімен, кешенді әдіс-тәсілдерді қолдануымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсаттылығымен және кезеңділігімен, ұсынылып отырған оқу-әдістемелік кешеннің тиімділігімен, сонымен қатар зерттеу нәтижелерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруден өткізуімен және тәжірибеге ендірілуімен қамтамасыз етілген.

**Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру:** Ізденушінің зерттеуіндегі негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалды. Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша авторлық бірлестікте жазылған барлығы 29 ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның ішінде Scopus компаниясының деректер базасында индекстелетін ғылыми журналдарда – 2 мақала, Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5 мақала, шетелдік базаларда индекстелетін ғылыми журналдарда – 2 мақала, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында – 13 мақала, республикалық ғылыми-педагогикалық дөңгелек үстел жинақтарында -2 мақала жарияланды. Сонымен қатар 1 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 электрондық оқулық жарық көрді, осы оқу құралдарына 2 авторлық куәлік алынды. 7M01450 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының білім беру бағдарламасы, оқу бағдарламасы және оқу-әдістемелік кешені дайындалып бекітілді және жоғары оқу орнының оқу үдерісіне ендірілді.

Сонымен, докторант П.Ж. Парманкулованың жарияланған ғылыми еңбектері:

*Scopus компаниясының деректер қорына енетін ғылыми журналдарда – 2 мақала:*

1) Dual education the conditions for pedagogical bases of specialists inclusive traning //Cypriot Journal of Educational Sciences, -2022. -Vol. 17, № 3. -P.765-771. https://doi.org/10.18844/cjes.v17i3.6937. CiteScore in Scopus – 33% (Co-authored by Zholdasbekova S.A., Nurzhanbayeva Zh.O., Saipov A., Zhiyentaeva B.Zh., Kuanyshbayeva Zh., 80%);

2) Methodological guidelines for the professional adaptation of future teachers of dual education // International Journal of Psychosocial Rehabilitation, -2020. -Vol. 24, № 7. -P.6274-6281. ISSN: 1475-7192. CiteScore in Scopus – 12% (Co-authored by Mamedov Rikhsibay, Karatayev Galymzhan, Nurzhanbayeva Zhanat, Mukatai Klara, Zholdasbekova Saule, 60%).

*ҚР Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5 мақала:*

1) Теоретические модели подходов инвалидности в Республике Казахстан //Вестник НАН РК. -2021. -Vol.2, № 390. -P. 289-297. ISSN 1991-3494. https://doi.org/10.32014/2021.2518-1467.83 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., 90%).

2) Folk games in the education of children with physical, mental and sensory disturbances//New of the National academy of sciences of the republic of Kazakhstan. Series of sjcial and Human science. -2018. -№ 6 (322). -P. 195-202. ISSN 2224-5294 (Co-authored by Zholdasbekova S.A., Parmankulova P.Zh., Assanaliyev M.K., 80%).

3) Проблемы подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования//Вестник ЕНУ. Серия Педагогика. Психология. Социология. -2019. -№ 3 (128). -С.49-55. ISSN (Print) 2616-6895 ISSN (Online) 2663-2497 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., 90%).

4) Подготовка будущих специалистов в дуальной системе обучения// Вестник ПГУ. Педагогическая серия. -2019. -№3. -С.152-158. ISSN 1811-1831 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., 70%).

5) Мүмкіндігі шектеулі жас мамандарға қазақтың оюымен өрнектелген көрпе-жастық тігетін цех ашудың бизнес-жоспары//Қазақстанның ғылымы мен

өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. -2019. -№3. -Б.115-122. ISSN 2073-333X (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., 90%).

*Индекстелетін шетелдік ғылыми журналдарда – 2 мақала:*

1) The conceptual field of professional adaptation of future specialists to dual traning //Zhanstvena misel. Ljubljana, Slovenia. -2017. -Vol. 2, №5. P.22-25. ISSN 3124 -1123 (Co-authored by Zholdasbekova S.A., Mamedov R., Karatayev G., Nurmaganbetova Zh., 60%).

2) Цифровые технологиии в инклюзивном образовании //Известия Кыргызского государственного технического университета им. И.Раззакова. Теоретический и прикладной научно-технический журнал. -2019. -№1 (49). -С.40-44. ISSN 1694-5557 (Авторлық бірлестікте: Асаналиев М.К., 90%).

*Халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектерінде – 13 мақала:*

1) Инклюзивтік білім беру барысында болашақ мамандарды кәсіпке баулу мәселелері // «Рухани жаңғыру: Ұлттық білім беру жүйесі және әлемдік тәжірибе» Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. -Шымкент, 2017. Т.1. -Б.580-584 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., Тажен А., 80%).

2) Внедрение и развитие инклюзивного образования в Республике Казахстан // Труды международной научно-практической конференции «Феномен Н.А. Назарбаева: политическое кредо и инициативы». -Шымкент, 2018. Т.1. -С.36-38. ISBN 978-9965-03-584-5 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., Асаналиев М.К., 80%).

3) Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті топ студенттерін кәсіби құзыреттілігін арттыру ерекшеліктері // Н.Ә. Назарбаев феномені: саяси ұстанымы мен бастамалары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері. -Шымкент, 2018. Т.2. -Б.139-141. ISBN 978-9965-03-584-5 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., Нуржанбаева Ж.О., 80%).

4) Кәсіптік білім беру жүйесінде дуальді оқыту // «Юнусов оқулары: Рухани жаңғыру және индустрияландыру жағдайындағы білім мен ғылымның интеграциясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. -Шымкент, 2018. Т.1. -Б.162-165 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., 70%).

5) Обзор мировой практике внедрения инклюзивного образования // Труды международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения - 16: «Четвертая промышленная революция: новые возможности модернизации Казахстана в области науки, образования и культуры». -Шымкент, 2018. Т.2(1). -С.294-297. ISBN 978-9965-03-607-1 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., Мусабекова Ж.Н., Тажен А., 80%).

6) Болашақ мұғалімдерді инклюзивті оқытуға кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру // «Ұлы дала жастары» жобасы негізінде «Білім - болашақта табысқа жетудің негізгі факторы» тақырыпта «Жастар және ғылым» XVII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Алматы,

2018. -Б.74-76. ISBN 978-601-7331-71-9 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., Тәжен А.Ә., 80%).

7) Дуальное обучение: подготовка будущих специалистов с ограниченной возможностью здоровья // Республиканская научно-методическая конференция «Профессиональная подготовка педагогических кадров в условиях обновленного содержания образования: компетентность, технология, инновация». –Атырау, 2019. Т.1. -С.155-159. ISBN 978-601-262-320-8 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., 90%).

8) Методическая деятельность педагога колледжа в дуальной системе обучения // Збірник статей науково-інформаційного центру «Знання» за матеріалами XLIII міжнародної науково-практичної конференції: «Розвиток науки в XXI столітті», г. Харків: збірник зі статтями (рівень стандарту, академічний рівень). - Х.: науково-інформаційний центр «Знання». -Украина, Харьков. -2019. -С. 55-59 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., 60%).

9) Қазақстанда инклюзивтік білім беру жүйесінің құрылуы // «Әуезов оқулары-17: Әлемдік кеңістіктегі ғылым мен руханияттың жаңа серпілістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. -Шымкент, 2019. Т.3. -Б.266-269 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., Асаналиев М.К., 80%).

10) Социализация детей с ограниченными возможностями здоровья // Труды международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения - 17: Новые импульсы науки и духовности в мировом пространстве». -Шымкент, 2019. Т.3. -С.269-271 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., Асаналиев М.К., 80%).

11) Professional preparing of persons with disabilities the conditions of dual education // 8th International conference «Science and Society – Methods and Problems of Practical Application». -Vancouver, Canada, 2019. -P. 30-33. ISBN 978-1-7792-493-1 (Co-authored by Zholdasbekova S.A., Tagayeva G., 80%).

12) Открытые онлайн курсы в обучении лиц с ОВЗ // Труды Международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения-19: 30 лет независимости Казахстана». –Шымкент, 2021. -С.114-116. (100%).

13) Some questions of inclusive education development in Kazakhstan // VI International Scientific and Practical Conference Perspectives of world science and education. -Osaka, 2020. -P.181-192. ISBN 978-4-9783419-8-3 sci-conf.com.ua (Co-authored by Zholdasbekova S.A., 90%).

*Республикалық дөңгелек үстел жинақтарында - 2 мақала:*

1) Подготовка лиц с ОВЗ конкурентоспособными специалистами в ДСО. Республиканский научно-педагогический круглый стол «Креативная молодежь – путь к интеллектуальной державе и модель 4К –креативность, критическое мышление, коммуникабельность, умение работать в команде». -Шымкент. 2019. -С.94-96 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А. 80%);

2) Иппотерапия мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды емдеу және оңалту тәсілі ретінде // «Интеллектуалды қуатты елге жол – креативті жастар» және 4К моделі – креативтілік, сыни ойлау, байланысқа бейімділік, командада жұмыс

істей білу» атты Республикалық ғылыми–педагогикалық дөңгелек үстел. -Шымкент. 2019. -С.97-99 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А. 80%).

*Оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал, электрондық оқулықтар - 3:*

1) Методика преподавания в дуальной системе обучения: учебно-методическое пособие. -Ш.: Издательство ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2017. -132 с. (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., Камалов Ю.Н., 45%);

2) Профессиональная подготовка личности с ограниченными возможностями здоровья: учебное пособие. –Шымкент: Әлем, 2021. -120 с. ISBN 978-601-255-248-5 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., 65%);

3) Профессиональная подготовка личности с ограниченными возможностями здоровья: электронный учебник. -Шымкент: Издательство ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2019. - 44 с. (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., 65%).

*Авторлық куәліктер -2:*

1) А.к. 2607. Методика преподавания в дуальной системе обучения. Авторлық құқықпен қорғалатын обьектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік. 03.04.2019 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., Камалов Ю.Н., 45%);

2) А.к. 8321. Профессиональная подготовка личности с ограниченными возможностями здоровья. Авторлық құқықпен қорғалатын обьектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік. 20.02.2020 (Авторлық бірлестікте: Жолдасбекова С.А., 65%).

**Диссертация құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыс жалпы 175 бетке компьютермен теріліп басылған, 23 кестемен, 26 суретпен безендірілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 207 аталымнан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, ғылыми болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негіздері, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар тұжырымдалып нақтыланды, зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі, тәжірибеге енгізілуі баяндалды.

**«Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері»** атты бірінші тарауда зерттеу мәселесі бойынша еңбектерге теориялық талдау жасалынып, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдіснамалық негіздері анықталды; «дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту» ұғымының мәні нақтыланды, болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың қазіргі жағдайы сараланып, құрылымдық моделі әзірленді.

**«Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар»** тақырыбындағы екінші тарауда дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттары

айқындалып, диагностикалық жұмыстары жүргізілді; дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістері мен формалары анықталды, оқу-әдістемелік кешені жасалды; болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау бойынша эксперименттік-тәжірибе жұмыстары жүргізілді; эксперименттік жұмыстардың нәтижелері сараланды, математикалық талдау жасалды, өңделді.

**Қорытындыда** зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары түйінделді, зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын дуальды білім беру жүйесінде болашақ инклюзивті оқыту педагогтарын даярлайтын жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде, колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагогтардың кәсіби біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау орталықтарында және қосымша білім беру саласында пайдалану туралы ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

## 1 ДУАЛЬДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУҒА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### 1.1 Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдіснамалық негіздері

Қазіргі таңда жалпы зерттеу жұмыстарында, соның ішінде білім беру саласындағы зерттеулерде әдіснамалық негіздерді зерттеу, жүйелеу жұмыстары кеңірек жүргізілуде.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдіснамалық негіздерін айқындау мақсатында алдымен *«әдіснама»* ұғымының мәнін ашып алған дұрыс. «Әдіснама» ұғымына философиялық, педагогикалық, психологиялық сөздіктерде әр түрлі анықтамалар берілген. Уикипедия сөздігінде «әдіснама» сөзіне мынадай нақтырақ түсініктеме беріледі:

1) «әдіснама» гректің «methodos» сөзі, қазақ тіліне аударғанда, «зерттеу жолы», «теория» деген мағына береді, ал «logos» - «ілім» деген сөз;

2) ғылыми таным әдісі;

3) ғылымда қолданылатын негізгі ұстанымдар.

Мұнда «әдіснама» - әдістер туралы ілім, әдістер теориясы, зерттелген мәліметтерді бірізге келтіру тәсілдері [48].

Әдіснаманың міндеті зерттеу жұмысын әдіснамалық негіздеу болғандықтан, әдіснамалық негіздің келесі түрлерін ажыратамыз: философиялық негіз (дүниетанымдық, гносеологиялық, құндылықтық); теориялық негіз (тұжырымдамалық идеялар); әдіснамалық негіз (әдіснамалық құрал-жабдық, ғылымилық идеалы мен нормалары); қисынды негіз (формалды және диалектикалық қисын заңдары, дәлел және аргумент ережесі); эмпирикалық негіз (ғылыми айғақтар, эксперимент нәтижелері, тәжірибелік-ізденушілік жұмыс). Бұны сызба ретінде келесідей беріп отырмыз (сурет 1).




Сурет 1 – Әдіснамалық негіздердің жіктелуі

Біз осы негіздердің ішінде зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін (әдіснамалық құрал-жабдық, ғылымилық идеалы мен нормалары) қарастырамыз [49, б.108].

Әдіснамалық негіздердің мазмұнын айқындауда *«әдіс», «тұғыр», «қағида», «ұстаным»* ұғымдары қолданылады. Әрине, біз зерттеу жұмысымызда әдіснамалық негіздерді құрайтын осы ұғымдарға сүйенетін боламыз.

*«Әдіс»* ғылыми-педагогикалық әрекет тәсілдерінің жиынтығын білдірсе, *«әдіснамалық тұғыр»* осы тәсілдердің зерттеу жұмысының бүкіл кезеңіне негіз болатынын көрсетеді. Әдіснамалық тұғырлар дегеніміз - педагогикалық мәселені зерттеуде қолданылатын ұстанымдар, әдістер, тәсілдер жиынтығы.

Дуальды білім беру жүйесінің және инклюзивті оқытудың әдіснамалық негіздерін көптеген ғалымдар зерттеген. Зерттеулердің ортақ мәселесі тұлғаға бағытталған тұғырлардың нысаны жеке тұлға болып отыр (А.Г.Асмолов, Е.В. Бондаревская, В.А.Ситаров).

Отандық және шетелдік ғалымдар инклюзивті білім беруді зерттеуде әдіснамалық, философиялық және ғылыми теориялық ұстанымдарға сүйенеді.

Э.Г. Юдиннің әдіснаманы деңгейлік сатыға жіктеуі ерекше [50], біз оны келесі сызбада беріп отырмыз (сурет 2).




Сурет 2 - Әдіснаманы деңгейлік жіктеу (Э.Г. Юдин бойынша)

Белгілі ғалымдар В.А. Сластенин, С.А. Смирнов, И.Б. Котова және Е.Н.Шияновтардың педагогикалық зерттеулерінде ұсынылған өзге еңбектерде қайталанбайтын диалогтық, мәдени-танымдық, этнопедагогикалық әдіснамалық тұғырлардың мазмұнын ашып көрсетейік. Диалогтық тұғыр адамның тұлға ретінде мәнін ашады, тұлғаның адами, ізгіліктік мазмұнға ие болуы айналадағы адамдармен қарым-қатынасының нәтижесі екендігіне нұсқайды. Мәдени-танымдық тұғыр педагогикалық шындықтың ғылыми әдіснамасы ретінде таным мен түрлендірудің құндылықтар негізін құрайды. Мұнда тұлға мәдениеттің белгілі бір көлемін игере отырып, жаңа мәдениет жасаушы болып табылады. Этнопедагогикалық тұғыр бойынша тұлға өз халқының ұлттық салт-дәстүрлерінің, мәдениетінің, әдет-ғұрыптарының негізінде тәрбие алады, бұл этнопедагогикалық ортаны қалыптастырады [51].

Сондай-ақ И.В.Блауберг, В.Н.Садовскийлер жіктеген әдіснамалық тұғырлардың кешендік, тұтастық және праксиологиялық түрлеріне тоқталамыз:

кешендік тұғыр білім беру формалары мен әдістерін, құралдарын әлеуметтік-экономикалық, психологиялық және педагогикалық мәселелердің бірлігінде қарастырады. Тұтастық тұғыр жеке тұлғаны біртұтас тұлға ретінде дамытуда өзара байланысқан мақсат, міндеттер, мазмұн, технологиялар, формалар, әдістер мен құралдар бірлігіндегі оқу процесінің сипаттамасы болып табылады. Праксиологиялық тұғыр өзін-өзі бағалау, кәсіби рефлексия, педагогикалық іс-әрекеттер мен педагогикалық процестің нәтижелері арасында себеп-салдарлық байланыстар орнату, педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі мен тиімсіздігінің себептерін айқындау, оны әрі қарай жетілдірудің нақты жолдарын анықтау жұмыстарын қамтиды [52].

Әдіснамалық тұғырларды инклюзивті оқыту тұрғысынан қарастырған бірнеше ғалымдар болды. Соның ішінде А.В.Бахарев өзінің диссертациялық зерттеуінде субъект-субъектілік, тарихи және өркениеттік тұғырларды ұсынады. Ғалымның пікірінше, субъект-субъектілік тұғыр мүмкіндіктері шектеулі жандардың белсенді түрде өзін-өзі әлеуметтік анықтауын, өзін-өзі жүзеге асыруын және өзін-өзі дамытуын және мәдениетті игеруін білдіреді. Тарихи тұғыр инклюзивті білім беруде баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісі қоғамдағы болып жатқан тарихи өзгерістерге қатысты жаңғырып отыратындығын білдіреді. Өркениеттік тұғыр инклюзивті оқытуды дені сау және денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың бірлесе өмір сүру болмысының нысаны ретінде қарастырады [53].

В.Ф. Петрова, М.Ш. Хасанов, Б.А. Джаамбаевалар инклюзивті оқытудың әдіснамалық негіздерін сипаттай отырып, «әлеуметтік тұғыр» ұғымын қолданады. Ғалымдар әлеуметтік тұғырды тұлға мен әлеуметтік ортамен байланыстыра қарастырады, әлеуметтік ортаның тәрбиелік ықпалы мен оны жандандыру шарттарын негіздейді [54].

Біздің ойымызша, педагогикалық проблемаларды зерттеудің әдіснамалық ұстанымдары Ш.Т. Таубаеваның «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» еңбегінде толық көрсетілген. Айта кететініміз, ғалым Ш.Т.Таубаева педагогиканың әдіснамалық тұғырларын ғылымның даму бағыттарына сәйкес үлкен 3 топқа бөліп көрсетеді:

1) Мегаәдіснамалық тұғырлар (жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық);

2)Макроәдіснамалық тұғырлар (мәдени, синергетикалық, инновациялық, экологиялық);

3) Микроәдіснамалық тұғырлар (тұлғалылық, жүйелілік, әрекеттік және т.б. [49, б. 104].

Біз әдіснамалық тұғырларды жүйелей келе, барлық ғалымдардың жіктемелерінде тұрақты кездесетін, барлық жіктемелерге ортақ тұғырларды анықтадық, олар: жүйелілік, тұлғалық, іс-әрекеттік, антропологиялық, философиялық, әдіснамалық және аксиологиялық тұғырлар.

Білім берудің жүйеленген әдіснамалық тұғырларын келесі кестеде беріп отырмыз (кесте 1).

Кесте 1- Әдіснамалық тұғырлардың жүйеленуі

| Авторлар | Жиі кездесетін ортақ тұғырлар атауы | Ғалымдар ұсынған қайталанбайтын тұғырлар атауы |
|---|---|---|
| Сластенин В.А., Смирнов С.А., Котова И.Б., Шиянов Е.Н. | Жүйелілік, тұлғалық, іс-әрекеттік, әдіснамалық, антропологиялық, аксиологиялық | Диалогтық, мәдени-танымдық, этнопедагогикалық |
| Блауберг И.В., Юдин Э.Г., Садовский В.Н. | Жүйелілік, аксиологиялық, әрекеттік, жүйелілік-әрекеттік, жеке-тұлғалық | Кешендік, тұтастық, праксиологиялық |
| Петрова И.Ф., Хасанов М..Ш., Джаамбаева Б.А. | Антропологиялық, әдіснамалық, аксиологиялық | Тарихи-философиялық, онтологиялық, әлеуметтік, гносеологиялық, |
| Бахарев А.В. | Жеке тұлғалық, әрекеттік, философиялық, аксиологиялық, антропологиялық, | Субъект-субъектілік, тарихи-педагогикалық, тарихи-салыстырмалы, өркениетті |
| Таубаева Ш.Т. | Іс-әрекеттік, философиялық, антропологиялық, аксиологиялық | Синергетикалық, мәдени-танымдық, акмеологиялық, герменевтикалық |

Жоғарыда келтірілген әдіснамалық тұғырларға сүйене отырып, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың келесі алты: *жүйелілік, әрекеттік, аксиологиялық, тұлғаға бағдарлылық, синергетикалық, құзыреттілік* тұғырларын анықтадық.

***Жүйелілік тұғыры*** ішкі және сыртқы факторларды талдау арқылы білім беру жүйесінің барлық элементтерін, оның мазмұны мен іске асыру әдістерін, құралдарын, субъектілерін, материалдық базаларын қарастырады.

А.И.Уемов жүйелілік тұғырды жүйетану әдісі десе, В.Н.Садовский ғылыми білімді дамытудың келешегі зор стартегиясы дейді [55,56].

А.Н. Аверьянов жүйелілік тұғыр келесілерді болжайды деп көрсетеді:

-іс-әрекет нысанын жүйе ретінде қарастыруды;

-жүйенің құрылымын, элементтері мен бөліктерін, олардың арасындағы өзара байланысты анықтауды;

-жүйенің ішкі байланыстары мен маңыздылығын көрсетуді;

-жүйенің басқа жүйелер арасындағы рөлін анықтауды;

-жүйе құрылымы мен қызметін талдауды;

-жүйе заңдылықтары мен даму тенденциясын айқындауды [57].

М.Сарыбеков пен М.Сыдыкназаров еңбектерінде жүйелілік тұғырды өзара байланысты жиынтық ретінде қарастыра отырып, «біртұтас күрделі бірлік, жүйе ішінде бөлінуге қабілетті» деген анықтама береді [58].

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытудың мақсаты мен міндеттерін іске асыру ерекшелігі оның осы жүйелілік тұғырға негізделуі болып отыр. Жүйелілік тәсіл білімгерлердің білім, іскерлік және дағдыларын

қалыптастыруда өте маңызды. Жүйелі ойлау, жүйелі жоспарлау, іс-әрекетті жүйелі меңгерту мамандарды жеделдете даярлау міндеттерін сапалы және оңтайлы шешуге ықпал етеді. Жүйелілік субъектінің іс-әрекетімен, қоршаған ортаның шындық объектілерін жүйелі тануымен, жүйелі зерттеу тәсілдерін қолдануымен сипатталады.

Бұл тәсілдерді оқу үдерісінде білім алушылардың өзіндік жұмыстарында қолданған тиімді. Жүйелілік тұғыр оқу құралдары, оқулықтар негізінде жеткізіледі.

С.В. Алехина инклюзивті оқытуды ресурстық қамтамасыз етудің негізгі жүйелілік бағыттарын анықтайды:

- ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- инклюзияның барлық қатысушыларын психологиялық сүйемелдеу;
- білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінің өзара іс-қимылы;
-мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жеке дамытудың практикаға бағытталған бағыттарын әзірлеу;
- инклюзивті білім беру ортасын модельдеу және құру.

Ғалымның пікірінше, осы бағыттарда жүйелі жүргізілген жұмыс өз нәтижесін береді [59].

***Әрекеттік тұғыры*** тұлғаның дамуының негізі, құралы және факторы, зерттеушілік, өзгергіштік және әлемге, өзіне деген практикалық қарым-қатынасында көрінетін іс-әрекет формасы ретінде қызмет тәсілінің жетекші категориясы болып табылады. Іс-әрекеттік тұғыр тарихи-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық зерттеулерде нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылады. Осы тұста А.Н.Леонтьев теориясының негізгі қағидасы – «барлық әрекет бірінші кезеңде саналы жасалған әрекет ретінде, сонан соң біртіндеп шапшаң орындайтын міндетті қызметке» айналады [60].

Білімгерлердің іс-әрекетіне түрткі болатын мотивацияның келесі түрлерін ажыратып көрсетеміз:

-әрекетке тікелей ынталандырушы мотивация: жеке тұлғаның эмоционалды көріністеріне, жағымды немесе жағымсыз эмоцияларға негізделген жанама мотивтер, сыртқы тартымды атрибуттар, педагогтың жеке басының тартымдылығы, тапсырма орындау барысында мадақтау алуға деген ұмтылыс және т.б.;

-перспективалық ынталандырушы мотивация: білімнің, пәннің дүниетанымдық, әлеуметтік, практикалық, белгілі бір нақты білім мен дағдылардың мәнін түсіну, оқу пәнін болашақ тәуелсіз өмірмен байланыстыру, болашақта сыйақы алуды күту және т.б.;

-зияткерлік мотивация: білімге деген қызығушылық, мәдени деңгейді кеңейтуге ұмтылыс, белгілі бір іскерліктер мен дағдыларды игеру, оқу-танымдық міндеттерді шешу процесіне деген құштарлық [61].

Инклюзивті оқытудағы жеке тұлға іс-әрекеті Б.Г. Ананьев, Д.А.Леонтьев, В.А. Сластенин, В.П. Ильиннің еңбектерінде қарастырылды.

***Аксиологиялық тұғыр*** танымның практикалық және абстрактілі-теориялық деңгейлері мен қоршаған ортаға қатынасы арасындағы байланысты бейнелейді. Аксиология - әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін, мәдени

құндылықтардың қалыптасуын, нақтылы даму тектерін және бағдарларын айқындайтын білімдердің нақтылы-тарихи жүйесі. Педагогикалық құндылықтар білім саласында қалыптасқан қоғамдық дүниетаным, көзқарастар мен педагог қызметі арасындағы педагогикалық іс-әрекетті реттеуші талаптардан тұрады.

Ізгіліктілікке негізделген аксиологиялық идея инклюзивті білім берудің бастауы болып табылады. Оның негіздері құндылық қарым-қатынас мәселелеріне, еркіндік, тең құқықтық, адамдық қадір-қасиетке сүйенеді. Сократ, Платон, Гельвеций, Кант, Гегель еңбектерінде, Шығыс философиясында адамның еркіндігі немесе еркін еместігі сөз болады [62].

В.А. Сластенин аксиологиялық ойлаудың негізінде өзара тәуелді, өзара әрекеттесетін әлем тұжырымдамасы жатқандығын айта келіп, ізгіліктік идеясы әрбір адамның жеке ерекшеліктерін құрметтеуге және қабылдауға сүйенеді деп көрсетеді [63].

Аксиологиялық тұғыр инклюзивті оқытуда денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаның білім алу құқығын тану арқылы білімнің құндылығын, өмір сүру сапасын қарастырады. Инклюзивті оқыту ізгіліктікке негізделе отырып, тұлғалардың түрлі мұқтаждарына бейімделген қолжетімділікті білдіреді. Білім беру ортасы білім беру процесінің белгілі бір кезеңінде тұлғаның нақты даму қажеттіліктерін қамтамасыз етуі қажет. Білім беруді инклюзивті білім беруге айналдыру әрбір білімгердің білім алу әлеуетін ескере отырып, әлеуметтік әділеттілікті талап етеді.

Инклюзивті оқытуды дамыту тұжырымдамасын зерделеу барысында арнайы қажеттіліктерді қанағаттандыру алғашында символдық қағидат түрінде болғандығына көз жеткіздік. Н.Н. Малофеев уақыт өте келе инклюзивті тәсіл «Баршаға арналған білім» мазмұнының негізін қалаушы қағидат ретінде қарастырылатындығын атай отырып, инклюзивті оқытудың біртұтас мазмұнды ізгіліктік тұжырымдамасы пайда болатындығын айтты [64].

***Тұлғаға бағдарлылық тұғыры*** білімгердің жеке-тұлғалық сапаларының дамуын білім беру жүйесінің мақсат, міндет, нәтижелерімен байланыстырады. Педагогикалық сөздіктерде «тұлғаға бағдарлану тұғыры - тұлғаның дара, шығармашылық ерекшеліктерін ашу және есепке алу» деп анықтама берілген.

Тұлға - адамгершілік ұстанымдары қалыптасқан жеке адам болып табылады. Бағдарлылық - адамның даму динамикасы, оның мінез-құлқының негізгі тенденциялары көрінетін ең маңызды феномен. Тұлғаға бағдарланған инклюзивті оқыту қалыптасқан субъектілік тәжірибесі бар тұлғаның жекелігіне, өзіндік құндылығына, өзіндік ерекшелігіне басым көңіл бөлу, әлеуметтендіру, субъектілік тәжірибенің үнемі байып, өзгеріп отыруы арқылы да жүзеге асырылады [65].

С.Л. Рубинштейн бойынша, тұлғаға бағдарлылық динамикалық тенденцияларды білдіреді, мұнда мінез-құлық мотиві ретінде адамның іс-әрекеті анықталады. С.Л. Рубинштейн бағдарлылықты тұлғаның негізгі қызығушылықтары, қажеттіліктері, бейімділіктері мен ұмтылысының сипаттамасы ретінде қарастырған [66].

Ал Б.Ф. Ломов тұлғаға бағдарлылықты оның бүкіл психикалық құрылымын анықтайтын жүйені қалыптастырушы құрылым ретінде қарастырады [67].

К.К. Платоновтың пікірі бойынша, тұлғаға бағдарлылық - бұл тұлға құрылымы, ол деңгей, кеңдік, қарқындылық, тұрақтылық сияқты ерекшеліктермен сипатталады [68].

Тұлғаға бағдарлылық тұғыры жеке тұлғаның дамуын, жеке тұлғаның тәжірибесін қалыптастырудың мәнін, шартын және құралдарын белгілеуді, жеке тұлғаның мүмкіндігі мен даралығын субъект тәжірибесін қалыптастыруға бағыттауды қарастырады. Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен жұмыс жасайтын педагогтар жеке тұлғаның таным қабілетін, қызығушылығын, оқыту іс-әрекетіндегі негізгі білім және біліктілік дағдыларын үйрену үшін жағдай жасауды мақсат етеді. Мұнда білімгерлердің психофизикалық және әлеуметтік дамуындағы ерекшеліктері мен әртүрлі қажеттіліктеріне сәйкес білім беру үрдісін ұйымдастырады. Тұлғаға бағдарлылық тұғыры бойынша адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады, әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті.

Инклюзивті оқытуда тұлғаның өмірлік жеке тәжірибесіне сүйену арқылы даралығын, шығармашылығын дамытуға және тұлға ретінде өзін-өзі дамытуға жағдай жасалады. Инклюзивті оқыту денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі білімгерлердің ақыл-ойын, әлеуметтік, рухани, шығармашылық, эмоционалды дамуын қамтамасыз етеді. Мұнда педагог ақпарат беруші емес, білім алушының жеке басын дамытуда көмекші болады.

***Синергетикалық тұғыр*** жеке тұлға мен ұжымның өзін-өзі ұйымдастыруының негізгі факторларының әсерін талдауға мүмкіндік береді. Бірдей факторлардың әсерінен туындаған өзін-өзі ұйымдастырудың екі деңгейінің өзара байланысын баса көрсетеді. Синергетика өзін-өзі сақтау, ұйымдастыру және дамытудың өздігінен пайда болу тетіктерін зерделеуге баса көңіл бөледі. «Синергия» ұғымының бірлік, тұтастық мағынасындағы мәні тек үлкен жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін өзі дамытуы (П.Анохина, Е.Князев, С. Курдюмова, Н.Моисеева, Д.Мехонцева), жүйелілік-әрекеттік тәсілдердің дамуы (Жанабаев З.Ж) деп болжайды.

Синергетика өзін-өзі ұйымдастырудың заманауи теориясын, жаңа дүниетанымын, сызықтық емес, тепе-теңсіздік, «хаос арқылы тәртіптің» орнауын білдіреді [69].

Синергетиканың қамтитыны жеке тұлғаның өзгеруі, психологиялық ерекшеліктері, ішкі әлеуетінің мүмкіндігі, педагог пен білімгердің өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіруі, жеке тұлғаның біртұтас дамуы, шығармашылық белсенділігі. Осылайша, негізгі синергетикалық ұғымдар өзін-өзі ұйымдастырудың көзін, механизмін және векторын зерттеуге мүмкіндік береді.

***Құзыреттілік тұғыры*** білім беру мақсаттарын анықтаудың, білім беру мазмұнын іріктеудің, білім беру процесін ұйымдастырудың және білім беру нәтижелерін бағалаудың жалпы қағидаларының жиынтығын білдіреді. Жоғары

кәсіптік білім беру жүйесіне құзыреттілік тәсілді енгізу еңбек нарығында өзара іс-қимылды жақсартуға, мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, мазмұнын, әдіснамасын және тиісті оқыту ортасын жаңартуға бағытталған.

Енді құзыреттілік ұғымына тоқталайық, С.Ожегов сөздігіне келесідей анықтамалар берілген:

1) Белгілі бір кәсіби қызметке байланысты қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік;

2) Қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері [70].

Ал педагогикада «құзыреттілік» әрекеттің күрделі түрлерін жасай алу қабілеті деп түсіндіріледі:

- танымдық іс-әрекет тәжірибесі;
- іс-әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі;
- шығармашылық іс- әрекет тәжірибесі.

Әдетте құзыреттілік белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, іскерлігінің сәйкестілігі арқылы сипатталады.

Құзыреттілік тәсіл білім сапасын арттыруды, білім мазмұнын ұлғайтуды құзырлылық тұрғысынан ұйымдастырудың құралы ғана емес, оны қазіргі талапқа сай ұйымдастырудың қажетті механизмі ретінде де қарастыруға болады. Қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай педагогтардың құзыреттілігін қалыптастыру білім берудің парадигмасының өзгеруі және бүгінгі күнгі әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен болашаққа қарай ұстанған бағыты білім беру мекемелерінің жаңа бағдарын анықтап, мамандардың құзыреттілігін көтеруді талап етіп отырғандығына байланысты болып отыр.

Зерттеу барысында педагогиканың әдіснамалық тұғырларына сүйену бірқатар мәселелерді шешуге: нақты мәселені көрсетуге, стратегиясы мен шешу жолдарын анықтауға және білім проблемаларын сараптауға және олардың сатылылық тәртібін анықтауға мүмкіндік береді, болжауды жүзеге асырады.

Енді өзіміз ұсынған дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың алты әдіснамалық тұғырын келесідей бейнелеп көрсетеміз (сурет 3).




Сурет 3 - Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ

Инклюзияның әдіснамалық негіздемесінде теория мен практиканың байланысын анықтайтын қағидалар ерекше мәнге ие. Зерттеу жұмысының әдіснамалық тұғырларын нақтылау арқылы зерттеудің келесідей негізгі бес **қағидасын** айқындадық: *ізгіліктік, әлеуметтік бейімделу, синергетикалық, жеке тұлғалық, теорияның практикамен байланысы.*

***Ізгіліктік қағидасы*** кез келген тұлғаның жеке ерекшеліктеріне қарамастан, құндылықтар жүйесін қалыптастыруды, педагог пен білімгерлер арасында ізгіліктік қарым-қатынас орнатуды, мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім алуға мүмкіндік беруді, оңтайлы жағдай жасауды қамтиды. Ізгіліктік адамның қадір-қасиетін, еркіндігін, бақытқа құштарлығы мен талпынысын, адамның құқығы мен жауапкершілігін, арын, намысын, мейірбандығы мен қайсарлығын, адамның жасампаздығын ұлықтайды. Ізгіліктік қағидасының жүзеге асуы жалпы адами құндылықтардың көрінісін білдіреді. Олардың көріну ерекшеліктері белгілі бір елдің мәдени-тарихи даму ерекшелігіне, діни дәстүріне, өркениет түріне тәуелді. Ізгіліктік қағидасы үшін адами тұлға - ең жоғарғы құндылық. Сондай-ақ барлық адамдар тең және әр түрлі ұстанымды қолдайды [71].

Инклюзивті оқыту ізгілікке негізделе отырып, тұлғалардың түрлі мұқтаждарына бейімделген қолжетімділікті білдіреді. Білім беру ортасы білім беру процесінің белгілі бір кезеңінде тұлғаның нақты даму қажеттіліктерін қамтамасыз етуі қажет. Білім беруді инклюзивті оқытуға айналдыру әрбір білімгердің білім алу әлеуетін ескеруді, әлеуметтік әділеттілікті талап етеді. Инклюзивті оқытудың негізінде барлық тұлғалардың тең қарым-қатынасын қамтамасыз ететін, ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларға ерекше жағдай жасайтын, оларды қандай да бір кемсітуге жол бермейтін идеология жатыр.

***Әлеуметтік бейімделу қағидасы*** денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар бейімделетін білім беру ортасын құруды, әлеуметтендіру, мүмкіндіктері шектеулі білімгерлердің отбасымен серіктестікте болу, медициналық, әлеуметтік және психологиялық қызмет өкілдерінің жұмысын, білім беру мекемелерінің жұмысын үйлестіре білуді қарастырады.

Қазақстан Республикасының инклюзивті оқытудағы мемлекеттік саясаты әлеуметтік бейімделу қағидасына сүйенеді:

- мүгедектіктің алдын алу;
- әлеуметтік қорғау, соның ішінде мүгедектерді оңалту;
- мүгедектерді қоғамға кіріктіру.

Мүмкіндіктер шектеулі тұлғалар өмір сүруге, қоғам өміріне белсенді араласуға, физикалық, ақыл-ой қабілеттерін дамытуға, сапалы білім алуға, қызмет түрі мен ұнаған мамандығын таңдауға, мемлекеттің қоғамдық өміріне қатысуға құқылы. Өйткені инклюзивті білім беру жағдайында кедергілерді жою, әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, әлеуметтендіру және әлеуметтік қорғауға бағытталған мемлекеттік саясаттың басымдығына айналды. Әлеуметтену - өмірге қажетті білімді, дағдыларды игеру процесі және нәтижесі, мінез-құлық пен қарым-қатынастың әлеуметтік нормаларын игеру және көбейту, бейімделу, адамның әлеуметтік шындыққа бейімделуі [72].

***Синергетикалық қағида*** мүмкіндіктері шектеулі білімгерлерді оқыту процесінің мазмұны мен оны ұйымдастырудағы өзгерістердің жүйелілігін, пәнаралық байланысты, ДБМШ білімгерлерді, олардың отбасын толығымен психологиялық және педагогикалық қолдау мен сүйемелдеуді қарастырады.

Синергетика қағидалары мен шарттарының педагогикалық теория мен практикаға енгізілу мәселесі өзекті. Педагогикалық синергетиканы білім беру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі оқытудағы студенттердің тұлғалық қалыптасуына бағытталған көп факторлы өзара әрекеттесудің синтезі ретінде қарастырады [73].

Ғылыми қоғамдастықта, педагогикалық үдерісте синергетика қағидалары мен тұжырымдамаларын, түсініктерін қолдануға тек оң ғана емес, сонымен қатар теріс көзқарастар бар. Адамның әмбебаптығы оның еркіндігін, өмірдің алуан түрлі жағдайларында басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынас мәтініндегі рухани құрылымын білдіреді. Синергетика қағидалары гуманизм мен дамушы педагогиканың қағидаларына қайшы келмеуі, керісінше, олар өз кезегінде оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық әдістеріне кедергі жасамауы үшін білім мен тәрбие беруде әртүрлі тәсілдерді үйлесімді біріктірудегі қолданыс мәселесі қозғалады.

***Жеке тұлғалық қағидасы*** ДБМШ тұлғалардың функционалдық жағдайын диагностикалау, жеке траекториясына негізделген жеке оқу жоспарын, жеке оқыту және тәрбиелеу бағдарламаларын, денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін вариативті білім беру ортасының болуын қамтиды.

Тұлға - адамның жеке ерекшеліктері мен мінез-құлық сипатының құрылымы. А.Маслоу ұсынған тұлға теориясы биологиялық және жеке қажеттіліктерден тұрады [74].

А.И. Анцыферованың көзқарасы бойынша, адам дамып, қалыптаса отырып, жеке әлеуметтік мүше болып табылады [75].

Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаның жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, өзін-өзі тану мүмкіндіктерін дамыту, педагогикалық қолдауды кезең-кезеңмен жоспарлы жүзеге асыру, оқыту процесінде одан әрі білім беру бағытын анықтау жұмыстары жатады.

Жеке тұлғаның өзіндік белсенділігін дамытуда қабілеттілік ерекше орын алады. Қабілеттілік дегеніміз - білімді өте жоғары деңгейде меңгеру нәтижесіне байланысты адамның көптеген іс әрекеттерге икемі болуы, шеберлігінің тез қалыптасуы. Шығармашылық қабілет - адамның әлі ешкім білмейтін жаңа бір бейнені өз бетінше құруымен сипатталады, яғни іс-әрекеттің қандай түрінде болмасын жаңалық ендіру арқылы, жасампаздық бейне жасау арқылы өзіндік жеке даралық дамудың бір көрінісін байқатқан жағдаймен түсіндіріледі.

Жеке тұлғаның белсенділігі өз игіліктерінің басымдылығынан, жеке басының мүддесі, беделінің басым болуынан туындайды. Өзін-өзі белсендендіру қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұлғалар - бұл өзін-өзі танытқан адамдар, олардың қызығушылық пен шығармашылық ойлау қабілеті негізгі мақсатын көрсетеді.

***Теорияның практикамен байланысы қағидасы.*** Осы қағидатта білім, іскерлік және дағдыларды игеру біртұтас және ажырамас жүйе ретінде қарастырылады. Жоғары кәсіби білім беретін оқу орны үшін бұл өте маңызды. Маманнан, әсіресе жоғары білікті маманнан теория мен практиканың үйлесімінің жоғары деңгейі талап етіледі. Теория мен практиканың байланысы білімгерлердің теориялық және практикалық дайындығын байланыстырып қана қоймайды, сонымен қатар әр компоненттің өзара әсерін және өзара күш-жігерін талап етеді. Сондықтан теория мен практиканың бірлігінің маңызды шарттарының бірі - бұл бірліктің объективті заңдылықтарын, оның дамуы мен көрегендігін орнату. Оқыту теориясы мен практиканың байланысы принципін теория мен практиканың бірлігі принципі тұрғысынан қарастыру әдіснамалық тұрғыдан маңызды. Негізгі мақсат - оқытуды өнімді еңбекпен біріктіру. Бұл – жоғары кәсіптік білім беретін оқу орнының оқу-тәрбиелік жұмысының негізгілерінің бірі. Еңбек алған білімді қолданып, оны бекітеді. Еңбек барысында білімгердің психологиялық қасиеттері және іскерлік қасиеттері дамытылады, еңбек ерік-жігерді шыңдайды, ыждағаттылыққа, талаптанушылыққа тәрбиелейді.

Оқытудағы теория мен практиканы байланыстыру мынадай талаптарды анықтайды:

- теория мен практиканың байланысты болуы біліммен, дағдылармен және іскерліктермен жүйелі түрде каруландыру негізінде іске асырылуы тиіс;

- практикалық істерді таңдау оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес болуға тиіс;

- жергілікті оқу орындарының жоспарын ескере отырып таңдауы тиіс, ізденуді талап ететін, теориялық білімдерге қатысты, осының нәтижесінде білімгерлерді ақыл-ой жағынан жетілдіруге әсерін тигізетін практикалық істер болуы тиіс.

Болашақ педагогтардың алған білімдерін практикада қолдануы барлық пән сабақтарында нақтылы тапсырмалар, өздігінен орындайтын байқау, зерттеу жүргізетін жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Білімгер ереже, заңдарды практикада қолдана алса ғана, білімді меңгеріп ала алғандығы.

Сонымен, теория мен практиканың байланысы қағидасы білімгерлердің жеке қабілеттері мен икемділіктерін дамытуға, олардың талап-тілектеріне сәйкес іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуына және белсенді өмірлік позициялары мен кәсіби бағдарларын анықтауға зор ықпал жасайды.

Енді дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың жоғарыда аталған бес қағидасын келесі суретте бейнеледік (сурет 4).




Сурет 4 -Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау қағидалары

Инклюзивті білім беру арнайы *қағидаларды* басшылыққа алады, олар:

-адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес, әр адам бірегей;

-әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті;

-әрбір адам қарым-қатынас жасауға және оны өзгелердің тыңдауына құқылы;

-барлық адам бір-біріне мұқтаж, барлық адам құрдастары мен тәлімгерлерінің қолдауына және достығын зәру;

- білімгерлердің жетістігі олардың қолынан не келетіндігінде;

- түрлі құбылыстар адам өмірінің барлық жақтарын күшейтеді [76].

Инклюзивті оқытудың теориялық-философиялық негіздерін жалпылау келесі ұстанымдарды қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігін анықтадық:

-*ғылымилық ұстанымы* инклюзивті оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, бағдарламалық-әдістемелік құралдарды әзірлеуді, нәтижелерін талдауды және мониторингтеуді, технологияларды тиімді бағалауды, тәуелсіз сараптама жүргізуді қамтиды.

-*жүйелілік ұстанымы* денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың сапалы білімге қолжетімділігін, білім беру сатылары арасындағы сабақтастықты қарастырады.

-*вариативтілік ұстанымы* әлеуметтік-білім беру талаптарын қанағаттандыру мақсатында түзету-дамыту жұмыстарын кешенді ұйымдастыруды, психофизикалық дамуы бұзылған тұлғаларды оңалту, қоғамға бейімдеу үшін жағдай жасауды білдіреді.

-*ізгілендіру ұстанымы* жеке тұлғаға бағытталған, жеке дара, сараланған, ізгілендіру тәсілдерін жүзеге асыруды қарастырады.

-*отбасының әлеуметтік жауапкершілігі ұстанымы* баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту, оның табиғи қабілетін дамыту үшін тиісті жағдай жасауды, оқу-оңалту процесіне қатысуды қамтиды.

-*ведомствоаралық кіріктіру және әлеуметтік әріптестік ұстанымы* денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың білім беру интеграциясы процесін оңтайландыру мақсатында түрлі ведомстволардың, әлеуметтік институттардың, қызметтердің іс-қимылдарын үйлестіруді білдіреді.

Қазақстан Республикасында кәсіптік білім беруді жаңғырту бағыттарының бірі денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың сапалы кәсіптік білім алуға қолжетімділігін, білім беру кеңістігіне кірігуін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасында 2009 жылы инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленді. 2011 жылдан бастап «инклюзия» термині қолданысқа енді. Елімізде денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды білім беру кеңістігіне кіріктірудің нормативтік-құқықтық негізін жасау іс-шаралары алғаш рет «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» айқындалды [77].

Ал дуальды жүйе кәсіптік білім берудің неғұрлым ұтымды жолы ретінде 2012 жылдан бастап ендіріле бастады. Осы он жылдық уақыт ішінде дуальды оқытудың нормативтік-құқықтық базасы қалыптасты.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 32-1-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, «дуальды оқыту - кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының жауапкершіліктері тең болған кезде білім беру ұйымындағы оқытуды кәсіпорында білім алушыларға жұмыс орындарын бере отырып және өтемақы төлемін төлей отырып, оқыту мен практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны» деген анықтама берілді [78].

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне «дуальды оқыту», «дуальды оқыту туралы шарт» ұғымдары (9-тарау) ендірілді. Кодекстің 9-тарауының 2-тармақшасында дуальды оқытуға мынадай анықтама берілген: «дуальды оқыту - тең жауапкершілікте кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушыға жұмыс орындарын ұсыну және өтемақы төлемін төлеу арқылы өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы ұштастыра отырып, кадрлар даярлау нысаны». Сонымен қатар кодекске «Дуальды оқыту» атауымен 119-бап енгізілді. Осы бапта «дуальды оқыту үлгілік шарт негізінде жасалатын дуальды оқыту туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады» деп көрсетілген [79].

2016 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын» бекіту туралы № 50 бұйрығы жарыққа шықты. Аталмыш қағидатта білім алушы, білім беру бағдарламасы, дуальды оқыту және дуальды оқыту туралы шарт ұғымдарына анықтама берілді [80].

Демократия және ізгілік идеяларына негізделген заманауи білім беру философиясы денсаулығындағы түрлі бұзылыстарына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды оқытуды ұйымдастырудағы өзгерістерді айқындады.

Енді инклюзивті білім берудің концептуалдық негіздеріне тоқталамыз. Қазақстан Республикасының заңнамасы халықаралық құжаттарға сәйкес барлық тұлға сапалы білім алуға тең құқылы қағидатын ұстанады. Оған Қазақстан Респубикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының заңдары кепіл болады [81].

Елімізде инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда төменде көрсетілген халықаралық нормативтік-құқықтық құжаттардың негізгі идеялары басшылыққа алынады:

-Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы,1948 жылғы 10 желтоқсан;

-Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция, 1960 жылғы 14-15 желтоқсан;

-Бала құқықтары туралы конвенция, 1989 жылғы 20 қараша;

-Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларация, 1990 жылғы 30 қыркүйек;

-Баршаға арналған білім туралы дүниежүзілік декларация, Джомтьен, 1990 жыл;

-Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларация, Нью-Йорк, 1990 жылғы 30 қыркүйек;

-Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты ережелері, 1993 жыл;

-Саламанка декларациясы: ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласындағы ұстанымдар, саясат және іс-әрекет туралы, Испания 1994 жылғы 7-10 маусым;

-Дакар іс-қимыл шеңбері: баршаға арналған білім, Дакар, Сенегал, 2000 жылғы 26-28 сәуір;

-Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция, Нью-Йорк, 2006 жылғы 13 желтоқсан [82].

Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңында мүгедектерді әлеуметтік қорғау қағидаттары қарастырылған. Осы қағидаттарды келесі суретте жүйеледік (сурет 5).




Сурет 5 - Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік қорғаудың қолданыстағы қағидаттары

«Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» 26-бабында «әр адамның білім алуға құқығы бар..... білім барлығына бірдей қол жетімді болуы керек» делінсе [83], «Бала құқықтары туралы Конвенцияда» «денсаулығында ақауы бар баланың білім беру саласындағы қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз етуді мақсат етеміз» деп көрсетеді [84].

«Баршаға арналған Білім туралы Дүниежүзілік декларацияның» 3-бабында «мүгедектердің білім алуға деген қажеттіліктері ерекше назар аударуға лайық...» деп атап айтылды [85].

«Балалардың өмір сүруін, қорғалуын және дамуын қамтамасыз ету туралы Дүниежүзілік декларацияның» 20-бабының 6-тармағында «барлық балаларға өмір бойы білім алуға мүмкіндік беру» туралы сөз болады [86].

Ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың білім беру саласындағы қағидаттары, саясаты және практикалық қызметі туралы Саламанка декларациясы қарастырды [87].

Қазақстан Республикасының мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қолдау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сүйенеді. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың тіршілік әрекетін құқықтық қамтамасыз ету және инклюзивті білім беруді қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық актілерге мыналар жатады:

-Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз (23.05. 2021 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

-Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

-Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II Заңы;

-Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы;

-Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы, 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39-III Заңы [88].

Әрбір тұлғаның дене бітімінің, психикасының, имандылығының және рухани жағынан толыққанды дамуы үшін қажетті тұрмыс деңгейі мен жағдайларына құқығы бар. Мемлекет бұл жағдайлардың жасалуын әлеуметтік және экономикалық шаралар жүйесі арқылы қамтамасыз етеді» деп көрсетілген [89].

Инклюзивті білім беруді дамытуда Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы ұсынған әдістемелік құралдар мен ұсынымдар маңызды:

-Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;

-Білім беру ұйымдарының тәжірибесіне инклюзивті педагогика мен енгізу жүйесінің қағидаларын дайындау;

-Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау;

-Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар;

-Арнайы білім беру ұйымдарының мүмкіндігі шектеулі оқушыларына арналған кәсіби еңбек оқу бағдарламаларына қойылатын талаптар;

-Инклюзивті білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балаларды оқытуды ұйымдастыру;

-Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі;

-Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жолдары.

Қорыта келгенде нормативтік құжаттарға, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын педагогтарды даярлау мәселесі қарастырылған еңбектерге жасаған талдау нәтижесі, біріншіден, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесінің бұрын соңды өз алдына зерттеу объектісі болмағандығын көрсетсе, екінші жағынан, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау қажеттігін дәлелдейді.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдіснамалық негіздерін құрайтын жүйелілік, әрекеттік, әдіснамалық, аксиологиялық, тұлғаға бағдарлылық, синергетикалық, құзыреттілік тұғырлары айқындалды. Аталған әдіснамалық тұғырлар негізінде ізгіліктік, әлеуметтік бейімделу, синергетикалық, жеке тұлғалық, теорияның практикамен байланысы қағидалары анықталды.

Жоғарыда көрсетілген мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларында, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауларында көрініс тапқан.

### 1.2 «Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту» ұғымының мәні, мазмұны және құрылымы

Қазіргі таңда өңірлердің инвестициялық тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралдарының бірі практикаға бағдарланған, кәсіби құзыретті мамандарды даярлауды жүзеге асыратын дуальды білім беру жүйесі болып отыр.

Дуальды жүйенің пайда болу тарихына үңілсек, оның XII–XIII ғасырларда қолөнер өндірісімен байланысты екендігіне көз жеткіземіз. Сол кездің өзінде Алманияда практикалық оқыту мен тәлімгерлік мәселелеріне үлкен мән берілген. Шебер мен шәкірттердің біліктілігіне қойылатын талаптар өте жоғары болған. Ал «дуальды жүйе» ұғымы алғаш рет ХХ ғасырдың 60-шы жылдары Алманияда қолданылды [90].

«Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту» ұғымының мәнін, мазмұны және құрылымын айқындамас бұрын *«дуальды»* және *«жүйе»* ұғымдарын қарастырамыз. «Дуальды» ұғымы философия ғылымының категориясы ретінде материалдық және идеалды болмыстың мәнін, «екеулік», «қосарлы» «екі бірлік», «екі жақты» деген мағына береді.

Педагогика ғылымында «дуальды жүйе» термині болашақ мамандарды даярлайтын оқу орындары мен кәсіпорын арасындағы оқу-өндірістік ортаға қатысты қолданылады.

Википедия сөздігінде «дуальды оқыту - бұл оқытудың теориялық бөлігі білім беру ұйымының базасында, ал практикалық бөлігі жұмыс орнында өтетін оқыту түрі» деп көрсетілген [91].

«Жүйе» дегеніміз – «systema» грек тілінен аударғанда «жекелеген бөлшектерден тұратын бүтін» деген мағына береді. Білім берудің мазмұны, формалары және әдістері бірігіп бүтінді құрайды. И.П. Подласый бұл жүйені «толық емес» деп санайды. Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, «оқу-тәрбие үдерісін басқару», «технология», «нәтижелер» элементтерін қосу керек [92].

П.Н.Балташ, С.А.Жолдасбекова «дуальды жүйеге» түсінік бере отырып, дуальды жүйеде екі түрлі оқу-өндірістік ортаны: «жеке кәсіпорын және мемлекеттік кәсіби мектеп» деп көрсетеді [93].

Енді шетелдік және отандық ғалымдардың дуальды білім беру жүйесінде қолданған ұғым-түсініктерге берген анықтамаларына тоқталайық (кесте 2).

Кесте 2 – «Дуальды білім беру және «дуальды оқыту» ұғымдарына берілген анықтамалар

| Анықтама | Авторы |
|---|---|
| Дуальды оқыту- кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны | Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары |
| Дуалды оқыту дегеніміз - нақты кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір бейіндегі және біліктілік деңгейіндегі кадрларды даярлауда білім беру және өндірістік ортаның келісілген өзара әрекетін болжайтын кәсіби даярлықты ұйымдастырудың инновациялық нысаны | Н.В.Григорьева |
| Дуальды білім беру жүйесі – оқу үдерісі мен практикалық тәжірибе жинақтайтын кезеңдердің алмасуын көздейтін білім жүйесі | Н.Д.Тастанбекова |
| Педагогикалық білім берудегі дуальді оқыту – бұл заманауи қоғам мен нақты білім беру ұйымының қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір бейіндегі және біліктілік деңгейіндегі педагог кадрларды даярлауда білім беру мен практикалық салалардың өзараәрекеттестігіне негізделген, мақсаты мен құндылықтарының, білім беру мазмұны мен кәсіби даярлық технологияларының ортақтығын көрсететін оқыту | Э.А.Айтенова |
| Кәсіби білім берудегі дуальді оқыту –аксиологиялық (білім беру және өндірістік құндылықтар мен мақсаттардың теңдігі), онтологиялық (модульдік-құзыреттілік тәсіл), технологиялық (білім беру және кәсіби қызметті ұйымдастыру) үш әдіснамалық бірлік негізінде мамандар даярлаудағы білім беру және өндіріс салаларының өзара іс-қимылын үйлестіретін мақсатты кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың инновациялық түрі | А.А.Сманова |
| Дуалды білім беру - педагогикалық, технологиялық және басқарушылық құрамы өзара байланысқан бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың қарқынды нысаны және жүйелі инновация | Н.В.Матвеев |
| Дуальды білім беру жүйесі дегеніміз - еңбек рыногының сұранысына сай бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды даярлау мақсатында кәсіпорынның, оқу орнының және білімгелердің мүдделерін біріктіретін инновациялық жүйе | Авторлық анықтама |

Кестеден көріп отырғанымыздай, *«дуальды оқыту»* және *«дуальды білім беру жүйесі»* ұғымдары жиі қолданылған. Алайда әр анықтаманың өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, *дуальды оқыту* - кәсіпорынның нақты қажеттіліктеріне сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практика негізінде педагог кадрларды даярлайтын инновациялық оқу нысаны деген ортақ сипатқа ие болады. Ал *дуальды білім беру жүйесі* - бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды даярлаудың инновациялық жүйесі.

Отандық гранттық жобалар мен диссертациялық зерттеу жұмыстарын зерделей келе, диссертациялық жұмыстарда *«дуальды»* және *«дуальді»* сөздері қолданылатындығына көз жеткіздік. Ж.О. Нуржанбаева, А.А.Сманова және Э.А. Айтенова өз зерттеулерінде *«дуальді»* сөзін қолданса, Ж.Е.Алшынбаева мен Н.Д. Тастанбекова *«дуальды»* сөзін қолданған. Бұл жерде мәселе сөздің дұрыс жазылуына қатысты туындады. Г.К.Исаева 2015-2017 жылдары орындалған гранттық жобада *«дуалдық»* деп береді. Мұның өзі дуальды оқытудың ұғым-түсініктерін біртекті қабылдаудың болмағандығын көрсетті. Осы мәселеге баса назар аударып, толық саралаған ғалымдар Э.А.Айтенова және Н.Д.Тастанбекова болды.

Біз де өз зерттеуімізде осы мәселеге баса назар аудардық, себебі ғалымдардың еңбектерінде ұғымның әр түрлі қолданылуы ойландырды. Біз зерттеу тақырыбымызда *«дуальді»* немесе *«дуальды»* ұғымдарының қайсысын қолданған дұрыс деген мәселе бойынша іздендік.

Зерттеу жұмыстарын саралай келе, біз Н.Д.Тастанбекованың *«дуальды»* ұғымын қолдануымен келістік, себебі елімізде нормативтік-құқықтық актілер мемлекеттік маңызды құжат болып саналады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 455 бұйрығымен бекітілген «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларына» сүйене отырып, біз де *«дуальды»* ұғымын қолданған дұрыс деген шешімге келдік [94].

Мұнда дуальды білім беру жүйесіне қатысты ұғымдардың тіркесуінің де біркелкі еместігін айқындадық. Мысалы, Н.Д.Тастанбекова «*дуальды білім беру жүйесі»* ұғымын қолданса, Айтенова *«дуальді жүйе», «дуальді білім беру», «дуальді оқыту»* ұғымдарын қолданады. А.А.Сманова *«кәсіби білім берудегі дуальді оқыту»,* Э.А.Айтенова *«педагогикалық білім берудегі дуальді оқыту»* ұғымдарын қолданған.

Біздің диссертациялық зерттеуімізде қызығушылық тудырған *«дуальды білім беру»* ұғымына қатысты тоқталып өтейік.

*Білім* - адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының жиынтығы. Білім адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады [95].

«Білім» термині үш бағытта қолданылады:

-бірдеңені істеу, жүзеге асыру үшін хабардар болуға негізделген білім мен машық қабілеттері;

-кез келген танымдық мәні бар ақпарат;

-практикамен өзара байланыста болатын ерекше танымдық бірлік.

*Білім беру* - мазмұны күрделі, көп аспектілі ұғым. А.Г. Асмолов білім берудің жалпы анықтамасын «тұлғаның өмір жолында өзін-өзі дамытуға, өз мүмкіншілігін жете білуге бағытталған процесс» деп болжайды [96].

Демек білім беру - іс-әрекет тәсілдерін игеру, ақыл, білім, дағды және іскерлікті дамыту арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру нәтижесі.

Сонымен біз **Дуальды білім беру жүйесі дегеніміз** - еңбек рыногының сұранысына сай бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды даярлау мақсатында кәсіпорынның, оқу орнының және білімгерлердің мүдделерін біріктіретін инновациялық жүйе деген *авторлық анықтамамызды* ұсынамыз.

Жоғарыда аталған еңбектерге жасалған талдау дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесі арнайы **зерттеу нысанына алынбағандығын** көрсетті.

Зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері»** деп алуымызға бұл тақырыптың бұрын-соңды диссертациялық жұмыс деңгейінде зерттелмегендігі негіз болды.

Енді **«дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту»** ұғымының мәнін ашу мақсатында **«инклюзивті оқыту»** ұғымының мәнін, мазмұнын және құрылымын қарастырамыз.

Осыған орай біз «инклюзивті оқыту» ұғымына қатысты түрлі көзқарастарға талдау жасадық. Инклюзивті оқытудың ұғымдық аппараты философияға, педагогиканың тұжырымдамалық негіздеріне, заңдылықтарына және ұстанымдарына сүйенеді. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім беру мен оқытуда *«инклюзия», «инклюзивті білім беру», «инклюзивті оқыту»* ұғымдары қолданылады. Алдымен «инклюзия» ұғымына талдау жасауды жөн көрдік, себебі «инклюзивті білім беру» ұғымы «инклюзия» ұғымынан туындайды.

Қазақстанда «инклюзия» ұғымы 2011 жылдан бастап қолданысқа енді. Аталған ұғымдар мағынасын сөздіктерден анықтайтын болсақ:

Ұлттық аударма бюросының сөздігінде «инклюзив» сөзі («inclusivity») «белгілі бір қауымдастық қатарына аудитория өкілін қосу» деген мағына береді деп көрсетілген [97].

Әмбебап Википедия сөздігіне жүгінетін болсақ, «inclusivus» сөзін латын тілінен аударғанда «кірістіремін», «includere» «қосамын» деген мағына, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын», француз тілінен аударғанда «inclusif»-«өзімді қосқанда» деген мағынаны береді деп қарастырған [98].

Қысқартылмаған жаңа Вебстер әмбебап сөздігі инклюзияны бірдеңе қосылатын, тартылатын, қамтылатын немесе бүтіннің құрамындағы бір бөлік ретінде анықтайды [99].

ЮНЕСКО тұлғалардың түрлі жеке ерекшеліктерін оқу үдерісін байыту мүмкіндігі деп көрсетеді [100].

«Инклюзия» ұғымы алғаш рет 1994 жылы Саламанка қаласында өткен ЮНЕСКО конференциясында қолданылды. Бұл конференцияда «Саламанка мәлімдемесі» қабылданып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға

білім қолжетімді болуы керек, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету керек екендігі айтылды.

Н.В Борисова, С.А Прушинский, М.Перфильева инклюзия дегеніміз - психофизикалық дамуында ауытқулары бар білім алушыларды қосу деп көрсетеді [101]. Инклюзияға қатысты М.Р. Хуснутдинованың пікірі өте маңызды: «инклюзия – білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін жаңа құбылыс» [102]. С.В. Алехина инклюзия мектепті ғимарат ретінде де, ұжым ретінде де, өмір салты ретінде де өзгертеді деп қарастырады [103].

Ресей ғалымы Н.М.Назарова аталған «инклюзия» мен «интеграция» ұғымдары өзара байланысты, сондықтан екеуі бір үдерісті сипаттайды деп анықтайды [104].

Ғалым О.Н.Ертанова «инклюзия» мен «интеграция» терминдері өзара синоним сөздер, екі ұғым өзара баламалы деген тұжырым жасайды [105].

Е.А.Екжанова интеграция инклюзияның бастапқы кезеңі, интеграция инклюзияға жалғасады деген қорытынды жасайды [106].

Қазақстанда инклюзивті білім беруді алғашқылардың бірі болып зерттеген ғалым З.А.Мөвкебаеваның көзқарасы бойынша инклюзия - «жалпы білім берудің қолжетімділігін және барлық балалардың, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім алу қажеттіліктеріне бейімделуін білдіретін жалпы білім берудің даму үдерісі» [107].

Т.Бут пен М.Эйнскоу «инклюзия ұмтылуға болатын, алайда толық қол жетпейтін идеал» дей отырып, инклюзияның дамуының үш аспектісін бөліп көрсетеді және оны 6-суретте көрсеттік [108].




Сурет 6 - Т.Бут пен М.Эйнскоу ұсынған инклюзияның дамуының үш аспектісі

Ғалымдар еңбектеріне жасалған талдау инклюзивті білім беру әрбір мемлекеттің экономикалық жағдайына, әлеуметтік мәртебесіне, білім беру саласындағы жаңғырту реформасына байланысты болатындығын көрсетті.

Сонымен ғалымдардың жоғарыда айтылған тұжырымдамаларды есепке ала отырып, *инклюзия* дегеніміз - тұлғалардың кез келген айырмашылықтарына

қарамастан, білім беру үдерісіне қосуды білдіретін әлеуметтік ұғым деген қорытындыға келдік.

«Интеграция», «арнайы білім беру», «инклюзивті білім беру» ұғымдарының бөлінуінің нәтижесінде «инклюзивті оқыту» ұғымының мағыналық өрісі қалыптасты [109]. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту процесін сипаттау мақсатында инклюзивті білім беру ұғымы қолданылады. Инклюзивті білім беру барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларға ерекше жағдай жасайтын, кемсітуге жол бермейтін ізгіліктікке негізделеді. Ең алғаш рет 1994 жылы Саламанка декларациясында «инклюзивті» ұғымы «білім беру» ұғымымен бірге қолданылды [110].

«Инклюзивті білім беру» ұғымын философия, саясаттану, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдары түрлі элементтердің өзара әрекеттесуі орын алатын үдерістер жиынтығы, әлеуметтік тұтастық, бүтін бір жүйеге біріктіру, бөліктерді толықтыру, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың өзін-өзі сақтау қабілеттілігі бағытында қарастырады. Инклюзивті білім беру қазіргі таңда қоғамдағы жаңа педагогикалық құбылыс болып отыр, инклюзивті білім беруді зерттеу педагогика ғылымының ұғымдары қатарын кеңейтті.

Педагогикада «инклюзивті білім беру» ұғымы дені сау және денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды бірлесе оқытуды, оларға сапалы білімнің қол жетімділігін білдіреді. Осы бағыттағы жүргізілген зерттеулер педагогикалық теория мен практика тұрғысынан да, білім беру құқығы тұрғысынан да білім берудің жаңа философиясын қалыптастыруға негіз болды.

Енді «инклюзивті білім беру» ұғымына тілдік, мазмұндық, ұғымдық және компоненттік тұрғыдан талдау жасайық. «Инклюзивті білім беру» ұғымына *тілдік тұрғыдан талдау* жасасақ, «инклюзивті» ұғымы 1-жақ көпше есімдікке қатыстылығын білдіретін есімдік формасы деп түсінуге болады. «Инклюзивті білім беру» ұғымына *мағыналық талдау* жасайтын болсақ, ол «біреуді, бірдеңені белгілі бір санға қосу» дегенді білдіреді.

«Инклюзивті білім беру» ұғымын түсіндіру үшін оның мәнін семантикалық компоненттер жиынтығы түрінде ұсынуды көздейді. «Инклюзивті білім беру» ұғымына жасалған *ұғымдық талдау* осы ұғымның бір бірлігі «арнайы білім беру» ұғымы екендігін көрсетті. Аталған екі ұғымның мазмұнын жақындастыратын [111] ортақ белгі екі ұғымның да денсаулығында бұзылыстары бар мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім беруде қолданылуы болып табылады.

Ғалым Н.В.Васильеваның көзқарасы бойынша «арнайы білім» ұғымы психофизикалық дамуында бұзылыстары бар тұлғаларды оқыту, әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға кіріктіру мәселелерін қамтиды [112].

«Инклюзивті білім беру» ұғымына жасалған *компоненттік талдау* ұғымдарды салыстыруда мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қатынасы тұрғысынан қарағанда мәндік айырмашылықтар бар екендігі анықталды. Д.З.Ахметова интеграция тек денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі

тұлғаларға қатысты, ал инклюзия білім беру саласының барлық қатысушыларына қатысты қолданылады деп тұжырымдайды [113].

Педагогикада «инклюзивті оқыту» ұғымы дені сау және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды бірлесе оқытуды, кәсіптік даярлауды, оларға сапалы білімнің қолжетімді болуын білдіреді.

*«Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі тұлға»* ұғымы адамның физикалық немесе психикалық саласының жетіспеушілігін білдіретін кең мағынада қолданылады. Медицинада денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектелуі тұлғаның еңбек қабілетін тұрақты немесе ұзақ уақытқа жоғалтуын немесе мүмкіндігінің шектелуін сипаттайды. Заң ғылымы тұрғысынан денсаулығына байланысты тұлғаның мүмкіндігінің шектелуі дәрігерлік - еңбек сараптау комиссиясы растаған еңбек қабілетін тұрақты немесе ұзақ уақытқа жоғалтуына байланысты кәсіби еңбекке қабілетсіз болуын білдіреді.

Қазіргі уақытта педагогикалық және әлеуметтік салада медициналық «мүгедек» ұғымын қолдану этикалық тұрғыдан қолайсыздық тудырады. Сондықтан педагогикада «мүмкіндіктері шектеулі тұлға» ұғымын қолдану басымдық алып отыр, өйткені мүмкіндіктердің шектелуі, мұндай тұлғаның ажырамас кемшілігі ретінде емес, педагогикалық ықпал ету шамасы ретінде қолданылады [114].

Бірқатар ғалымдар «мүмкіндігі шектеулі тұлға» ұғымын пайдаланса, соңғы кезде ізгіліктік қағидатына сүйенген ғалымдар қатары бұл ұғымға қарсы шығып, «ерекше қажеттіліктері бар тұлға» ұғымын пайдалануды ұсынды. Бұл екі ұғымның қатар қолданылуы инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттарына сай қолданылатын сөздерді, ұғым түсініктерді әлі де нақтылау қажеттігін көрсетеді. Сондықтан біз төменде «инклюзивті білім беру» ұғымына берілген түрлі анықтамаларды ұсынып отырмыз (кесте 3).

Кесте 3 – «Инклюзивті білім беру» және «инклюзивті оқыту» ұғымдарына ғалымдардың берген анықтамалары

| Ұғым анықтамасы | Авторы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Инклюзивті білім беру - барлық білім алушылардың негізгі білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыратын, сапалы білім алу құқықтарына негізделген білім беру | Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) |
| Инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс | ҚР Білім туралы Заңы |
| Инклюзивті білім беру - оқуға, мәдени қызметке және қоғамдық өмірге қатысуын кеңейту, сондай-ақ білім беру жүйесі шеңберінде әлеуметтік оқшаулау ауқымын төмендету және қоғамнан шығарып тастауға жол бермеу арқылы барлық білім алушылардың әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған үдеріс | ЮНЕСКО |
| Инклюзивті білім беру - философиялық сенімге негізделген оқыту тәжірибесі | Гэри Банч |

3 –кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Инклюзивті білім беру - жынысына, жасына, этникалық қатыстылығына, қабілетіне, даму бұзылыстарының және АИТВ-инфекциясының бар-жоқтығына қарамастан, барлық тұлғаларға қоғам өміріне қатысуға және оған өз үлесін қосуына мүмкіндік беретін инклюзивті қоғам құруға жасалған қадам | Д.Митчелл |
| Инклюзивті білім беру - ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, барлық білім алушылардың білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету | Е.Н.Кутепова |
| Инклюзивті білім беру - әр тұлғаға физикалық, ақыл-ой, әлеуметтік, сезімдік, тілдік және өзге де ерекшеліктеріне қарамастан, оқытудың, тәрбиелеудің, даму мен әлеуметтенудің біртұтас үдерісіне қосылуға, қоғамның тең мүшесі болуға, оның бөлінуі мен оқшаулану қаупін азайтуға мүмкіндік беретін оқыту | А.С.Сунцова |
| Инклюзивті білім беру - мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға қол жетімділігін қамтамасыз ететін барлық балалардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімдеу тұрғысынан алғанда жалпы білім берудің бір бөлігі | Ю.В.Шумиловская |
| Инклюзивті білім беру - барлық балалардың білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету, мүмкіндігі шектеулі балалардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделу тұрғысынан алғанда жалпы білім берудің бір бөлігі | В.В.Хитрюк |
| Инклюзивті білім беру - отбасы жағдайлары, әлеуметтік тап, жыныс, тіл, мәдени шығу тегі немесе оның құндылықтар мен сенім жүйесіндегі мүмкіндіктері нәтижесінде туындаған әртүрлілік пен айырмашылықтарды ынталандыратын және адам құқықтары мен әлеуметтік әділеттілікке негізделген тәжірибе | Bryer Beamish |
| Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған білім беру үдерісін құратын әлеуметтік-педагогикалық феномен, мұнда мүмкіндігі шектеулі тұлғалар дені сау құрбыларымен бірге білім алады, оның ерекші білім алуға деген қажеттілігін қанағаттандыратын арнайы педагогикалық қолдауға ие болады | О.С.Кузьмина |
| Инклюзивті білім беру - адам тұлғасының ерекше құндылығына, оның бірегейлігіне, лайықты өмір сүру құқығына, оның физикалық жағдайына негізделген ізгіліктің дамуының нәтижесі | С.В.Алехина |
| Инклюзивті білім беру - бұл форма емес, өзінің философиясы бар жаңаша оқыту, мүмкіндіктер мен еркін таңдау | Л.Ф.Тихомирова |
| Инклюзивті білім беру - барлық тұлғалардың бірегейлігін, құндылығы мен алуан түрлілігін мойындайтын және оларды кемсітудің кез келген түрін болдырмайтын, әр тұлғаның толыққанды әлеуметтенуіне ықпал ететін, тұлғаның жалпы білім беру жүйесіне нәтижелі қосылуы мен қатысуын қамтамасыз ететін көп өлшемді педагогикалық құбылыс | Н.Г.Сигал |
| Инклюзивті оқыту - денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі тұлғалар мен мұндай шектеулері жоқ тұлғаларды оқу сабақтарын, демалыстарын, түрлі қосымша білім алу түрлерін ұйымдастыру арқылы бірге оқыту | Д.З.Ахметова |
| Инклюзивті білім беру - бұл жүйелілік пен дәйектілікті, үздіксіздік пен оны іске асырудың кешенді тәсілін талап ететін ұзақ мерзімді стратегия | А.Г.Ряписова |

3 –кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Инклюзивті білім беру - бұл балаларды бөлектейтін кедергілерді жоюға, жасына, жынысына, этникалық және діни ерекшеліктеріне, дамуында артта қалуына немесе экономикалық мәртебесіне қарамастан, барлық балаларды жалпы білім беру процесіне бейімделуіне отбасының белсенді қатысуына және баланың жеке қажеттіліктеріне әлеуметтік атаулы қолдау көрсету арқылы және баланы емес, қоршаған ортаны балалардың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы тиісті білім беру жағдайларын жасауға бағытталған мемлекеттік саясат | Р.А.Сулейменова |
| Инклюзивті білім беру – жалпы білім берудің қолжетімділігін және барлық балалардың, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың әртүрлі білім алу қажеттіліктеріне бейімделуін білдіретін жалпы білім берудің даму үдерісі | З.А.Мовкебаева |
| Инклюзивті білім беру – балалардың әртүрлі білім алу қажеттіліктерін түсіну және білім беру үдерісіне толығырақ қатысу, жұртшылықты тарту және білім берудегі бөлектеу мен кемсітуді жою арқылы осы қажеттіліктерінесай қызметтер көрсету | И.А.Оралканова |
| Инклюзивті оқыту – әрбір жекелеген жағдайда ата-аналардың қалауы бойынша және баланың мүдделері мен мүмкіндіктеріне қарай жеке бейімделген білім беру бағдарламасы бойынша оқыту | И.В.Ивенских |
| Инклюзивті білім беру – барлық тұлғалардың бірегейлігін, құндылығы мен алуан түрлілігін мойындай отырып, оларды кемсітуге жол бермейтін қолжетімді білім беру үдерісі | Авторлық анықтама |
| Инклюзивті оқыту - кез келген тұлғаның сапалы білім алу құқығын және сапалы білімнің қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған үдеріс | Авторлық анықтама |

Кестеде көрсетілгендей, «инклюзивті білім беру» және «инклюзивті оқыту» ұғымына әр түрлі анықтама берілген. Осы анықтамаларды келесідей топқа бөліп көрсеттік: философиялық сенімге негізделген оқыту тәжірибесі (Гэри Банч); инклюзивті қоғам құруға жасалған қадам (Д.Митчелл); бөліну мен оқшаулану қаупін азайтуға мүмкіндік беретін оқыту (А.С.Сунцова); балалардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімдеу тұрғысынан алғанда жалпы білім берудің бір бөлігі (Ю.В.Шумиловская, В.В. Хитрюк, О.С.Кузьмина); ізгіліктің дамуының нәтижесі (С.В. Алехина); білім алушылардың білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету (Е.Н.Кутепова); форма емес, өзінің философиясы бар жаңаша оқыту, мүмкіндіктер мен еркін таңдау (Л.Ф.Тихомирова); барлық тұлғалардың білім беру жүйесіне нәтижелі қосылуы мен қатысуын қамтамасыз ететін көп өлшемді педагогикалық құбылыс (Н.Г.Сигал); мемлекеттік саясат (Р.А.Сулейменова); білім алу түрлерін ұйымдастыру арқылы бірге оқыту (Д.З.Ахметова); жалпы білім берудің даму үдерісі (З.А.Мовкебаева); ұзақ мерзімді стратегия (А.Г.Ряписова); адам құқықтары мен әлеуметтік әділеттілікке негізделген тәжірибе (Bryer Beamish); білім берудегі бөлектеу мен кемсітуді жою арқылы осы қажеттіліктеріне сай қызметтер көрсету (И.А.Оралканова); бейімделген білім беру бағдарламасы бойынша оқыту (И.В.Ивенских). Аталған ғалымдардың ішінде Д.З. Ахметова

және И.В. Ивенских «инклюзивті оқыту» ұғымын қолданады, қалған ғалымдардың барлығы мәселені «инклюзивті білім беру» аспектісінде қарастырады.

АҚШ, Алмания, Италия, Ұлыбритания, Швеция елдерінің заңнамасында «инклюзивті білім беру» ұғымына ресми анықтама берілмеген, себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды басқа балалардан ерекшеленетін жеке топ ретінде қарастырмайды.

Енді инклюзивті оқыту мәселелерін зерттеуге бағытталған отандық және шетелдік ғалымдардың диссертациялық зерттеу жұмыстарына тоқталайық. Диссертациялық зерттеу жұмыстарын саралай келе, жұмыстарды жүйелеп кестеге түсірдік (кесте 4).

Кесте 4 – Инклюзивті білім берудің диссертациялық зерттеулерде қарастырылуы

| Зерттеу бағыты | Диссертациялық зерттеу жұмысы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Инклюзивті білім беруді салыстырмалы зерттеу | Сравнительный анализ общего инклюзивного образования в странах запада (Канада, США, Великобритания) и России. Мельник Ю.В. (2012);мProviding Quality Education for Children with Disabilities In Developing Countries:Possibilities and Limitations of Inclusive Education in Cambodia. Diana Kartika (2017) |
| Инклюзивті оқытудың педагогикалық шарттары | Педагогические условия организации раоты с подростками с ограниченными возможностями здоровья на уроке музыки. А.Б.Бахромеева (2009); Организационно-педагогические условия обучения детей с ограниченными возможностями здоровья средствами инклюзивного образования. Н.П. Артюшенко (2010); Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары. Б.М. Мажинов (2017); Педагогическиеусловияорганизациидистанционногообученияступденто вс инвалидностьюввузе. Д.С. Хамитова (2021) |
| Инклюзивті білім беруде педагогикалық сүйемелдеу және бейімдеу | Педагогическое сопровождение преодоления инновационных барьеров педагогов инклюзивного образования. Д.А. Петров (2017); Социально-профессиональная адаптация обучающихся с ограниченными возможностями здоровья в условиях инклюзивного среднего профессионального образования О.Б. Гудожникова (2016) |
| Педагогтардың инклюзивті құзыреттіліктерін қалыптастыру | Формирование инклюзивной компетентности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки. И.Н. Хафизуллина (2008); Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования. И.А. Оралканова (2014); Формирование деонтологической готовности будущих педагогов к работе в условиях инклюзивного образования. С.Д. Аубакирова (2017); Формирование коммуникационной компетентности с использованием информационных технологий при обучении бакалавров педагогического образования. Э.В. Байрамов (2019); Формирование проектной компетентности педагога инклюзивного образования в системе дополнительного профессионального образования. Ю.И. Лебедева (2020) |

4-кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Инклюзивті білім беруді ендіру және жүзеге асыру | Механизм управления инновационным проектом по внедрению инклюзивной модели образования в вузе. С.И. Кондратьева (2010);мСовременное состояние и тенденции развития инклюзивного образования за рубежом. Н.Г. Сигал (2016);мРазвитие инклюзивных практик в истории современного российского образования. А.В. Бахарев (2018); Многоуровневое управление развитием региональной системы инклюзивного образования. Л.В. Жаворонкова (2022) |
| Педагогтардың инклюзивті білім беруге даярлығы | Подготовка педагогов к работе в условиях инклюзивного образования. О.С. Кузьмина (2015); Formação inicial do pedagogo e a experiência no pibid educação inclusiva na ufc: saberes, práticas e vivências. Ana Larissedo Nascimento Maranhão. (2017); Профессиональная подготовка педагогов к проектированию инклюзивного образовательного пространства (на примере подготовки магистров). Е.С. Ромашевская (2017); Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау. А.К. Оралбекова (2017); Inklusive Lehrerbildung für Sonderpädagogen und Regel-schullehrkräfte im Primarbereich in Bayern und Korea. Suk Nam (2017); Развитие методической компетентности преподавателей вуза в условиях инклюзивного образования. О.Ю. Муллер (2019); Психологическая готовность будущих педагогов начального образования к работе с младшими школьниками в условиях инклюзивного обучения. И.В. Ивенских (2019); Formação de professores de Ciências e a Educação Especial/Educação Inclusiva: análise dos indicadores do Censo Escolar das Regiões Norte e Centro-Oeste. Lucas Mendes (2019); Готовность преподавателей вузов к обучению студентов с инвалидностью. А.А. Кабдырова (2021) |
| Инклюзивті білім беру моделі | Модель инклюзивного образования в условиях муниципальной образовательной системы. Н.А. Мёдова (2013) |
| Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар | Ақли заиф ўқувчиларда вербал ва новербал мулоқотга киришиш кўникмаларини таълим жараёнида ривожлантириш (бошланғич синфлар мисолида). Н.С. Мусаева (2018); Инклюзивті білім беруде мүмкіндігі шектеулі студенттердің дене шынықтыру әдістемесін жетілдіру. Г.А. Испамбетова (2020); Возрастно-психологические особенности социальной ситуации развития младших школьников в условиях инклюзивного образования. Т.А.Юдина (2021); Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында). Б.Ж. Альмухамбетова (2022) |

Кестеден көріп отырғанымыздай, инклюзивті білім беру мәселелерін зерттеуге арналған диссертациялық зерттеулер 8 бағытта жүргізілген:

-инклюзивті білім беруді ендіру және жүзеге асыру (С.И.Кондратьева, Н.Г.Сигал, А.В.Бахарев, Л.В.Жаворонкова);

-инклюзивті білім беруді салыстырмалы зерттеу (Ю.В. Мельник, Diana Kartika);

-инклюзивті оқытудың педагогикалық шарттары (А.Б.Бахромеева, Н.П.Артюшенко, Б.М. Мажинов, Д.С.Хамитова);

-инклюзивті білім беру моделі (Н.А. Мёдова);

-педагогтардың инклюзивті білім беруге даярлығы (О.С. Кузьмина, Ana Larisse do Nascimento Maranhão, Е.С. Ромашевская, А.К.Оралбекова, Suk Nam, О.Ю.Муллер, И.В. Ивенских, Lucas Mendes, А.А. Кабдырова);

-педагогтардың инклюзивті құзыреттіліктерін қалыптастыру (И.Н.Хафизуллина, И.А. Оралканова, С.Д. Аубакирова, Э.В.Байрамов, Ю.ИЛебедева);

-инклюзивті білім беруде педагогикалық сүйемелдеу және бейімдеу (Д.А.Петров, О.Б.Гудожникова);

-мүмкіндігі шектеулі тұлғалар, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар (Н.С.Мусаева, Г.А.Испамбетова, Т.А.Юдина, Б.Ж.Альмухамбетова).

Енді осы инклюзивті оқытудың 2015 жылдан бері қарай ҚР БҒМ Ғылым комитеті гранттық қаржыландырған жобаларда зерттелу мәселесіне тоқталайық (кесте 5).

Кесте 5 – Инклюзивті білім берудің гранттық зерттеулерде қарастырылуы

| Зерттеу бағыты | Гранттық зерттеу жұмысы |
|---|---|
| Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері | 2643/ГФ4 «Теоретико-концептуальные основы развития инклюзивного образования в Казахстане». А.К. Мухамедханова (2015-2017); АР08856467 «Развитие инклюзивного общества: роль модели образования и социального государства (всеобщего благосостояния), опыт скандинавских стран» Ғ.Ө. Жүсіпбек (2020-2022) |
| Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтарды даярлау | АР05134666 «Подготовка педагогических кадров в к профессиональной деятельности в условиях инклюзивного образования». С.К. Абильдина (2018-2020) |
| Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту | АР08857092 «Организация довузовской подготовки лиц с ограниченными возможностями здоровья в системе инклюзивного высшего образования». С.С. Жакипбекова (2020-2022); АР05134037 «Формирование дистанционной образовательной среды вуза для обучения маломобильных (неподвижных) студентов-инвалидов». З.А. Мовкебаева (2018-2020); АР05130202 «Управление процессом оценки учебных достижений обучающихся с особыми образовательными потребностями». А.Н.Аутаева (2018-2020); 4072/ГФ4 Роль и место искусства в творчестве людей с ограниченными возможностями». Г.Ж. Мусагулова (2015-2017); АР08856309 «Научно-методическое сопровождение волонтерской деятельности студентов в рамках инклюзивного образования». С.К.Абильдина (2020-2022) |

Біз 2015 жылдан бері қарай ҚР БҒМ Ғылым комитеті гранттық қаржыландырған жобаларды жүйелеп қарастырдық және орындалып жатқан жобаларды 3 бағытқа топтадық:

*Бірінші бағыт* - инклюзивті білім берудің теориялық, концептуалдық негіздері, инклюзивті қоғамды дамыту (А.К.Мухамедханова, Ғ.Ө. Жүсіпбек);

*Екінші бағыт* - инклюзивті білім беру жағдайында педагогтарды даярлау (С.К. Абильдина);

*Үшінші бағыт* - мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту, ЖОО дейінгі даярлау, қашықтықтан оқыту ортасын қалыптастыру, оқу үдерісін басқару және әдістемелік сүйемелдеу (С.С. Жакипбекова, З.А.Мовкебаева, А.Н. Аутаева, С.К. Абильдина).

Сонымен гранттық және диссертациялық зерттеу жұмыстарындағы инклюзивті білім беру жүйесінде қолданылатын ұғым-түсініктерді келесідей топтадық (сурет 7).




Сурет 7 - Инклюзивті білім беруде қолданылатын ұғым-түсініктердің жүйеленуі

Т.Б. Земляная инклюзивті білім беруді заң тәжірибесі тұрғысынан қарастыра отырып, инклюзивті білім беру жүйесінде *«денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі білімгерлер»* ұғымын бөліп көрсетеді. Осы ұғым тобына «психикалық және физикалық дамуында кемістігі бар тұлғалар», «мүгедек тұлғалар», «ерекше тұлғалар», «дамуында ауытқушылықтары бар тұлғалар», «мүмкіндігі шектеулі тұлғалар», «ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар» ұғымдарын жатқызды [115].

Педагогикада *«ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар»* ұғымы қолданылса, заңдар мен нормативтік актілерде *«мүгедек»* ұғымы жиі қолданылады. «Инклюзивті оқыту» ұғымымен қатар қолданылатын «ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар» ұғымында ерекше қажеттіліктің өзін нақтылау керек екендігі белгілі. Шетелде «мүгедек» ұғымы тек тар кәсіби мағынада медицинада ғана қолданылады. Осы бағыттағы зерттеулер педагогикалық теория мен практика тұрғысынан да, білім беру құқығы

тұрғысынан да білім берудің жаңа философиясын қалыптастыруға негіз бола алады.

Қорыта келе жоғарыда айтылғандарға және «дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту» ұғымына жасалған талдауға сүйене отырып, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытудың категориялық аппараты, ұғым түсініктері әлі толық айқындалмағандығына, сонымен қатар баршаға бірдей, нақты анықтамасы жоқ екендігіне көз жеткізе отырып, әзірге отандық және шетелдік ғалымдар дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытудың мәні туралы ортақ түсінікке әлі келген жоқ деген қорытынды жасауға болады.

Сонымен Н.Альзахранидің нақты тұжырымдалған тұжырымдамалық аппараттың болмауы инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда қиындықтарға әкеледі деген пікірімен толықтай келісеміз [116].

Сондықтан біз зерттеу нәтижесінде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту» ұғымына өзіміздің авторлық анықтамаларымызды тұжырымдап ұсынып отырмыз.

*Инклюзия* - тұлғалардың кез келген айырмашылықтарына қарамастан, білім беру үдерісіне қосуды білдіретін әлеуметтік ұғым, ал *инклюзивті білім беру* - барлық тұлғалардың бірегейлігін, құндылығы мен алуан түрлілігін мойындай отырып, оларды кемсітуге жол бермейтін қолжетімді білім беру үдерісі дей отырып:

**Дуальды білім беру жүйесі** - еңбек рыногының сұранысына сай бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды даярлау мақсатында кәсіпорынның, оқу орнының және білімгерлердің мүдделерін біріктіретін инновациялық жүйе *(авторлық анықтама).*

**Инклюзивті оқыту** - кез келген тұлғаның сапалы білім алу құқығын және сапалы білімнің қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған үдеріс *(авторлық анықтама).*

### 1.3 Болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау мәселесінің зерттелуі және қазіргі жағдайы

Енді болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың қазіргі жағдайы мен зерттелуіне тоқталамыз.

Қазақстандағы инклюзивті білім беру және оқыту мәселелері қарастырылған, білім беру саласындағы ұлттық саясатқа шолу жасалған «Қазақстан, Қырғыз Республикасы және Тәжікстан 2009: ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі білімгерлер» зерттеуі болып табылады [117].

«Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинағында білім беру жүйесі қызметінің әлеуметтік-экономикалық шарттары, негізгі көрсеткіштері мен индикаторлары, кәсіптік білім беру, білім беру саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру мәселелері қарастырылған [118].

Қазақстанда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының құзыреттіліктерін дамыту стратегиясында Қазақстанның басты стратегиялық басымдығы, әлеуметтік осал топтарға жататын тұлғалардың құзыреттілігін дамыту және күшейту, тұрақты дамыту формалары берілген [119].

Инклюзивті білім берудің зерттелуінде «Инклюзивтілік және білім беру: баршаға деген білім» Орталық және Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азияда білім беруді мониторингтеу бойынша дүниежүзілік баяндамаға ерекше назар аударған жөн. Баяндамада инклюзивті білім беру, дискриминация, инклюзивті саясат, инклюзивті білім беру құқықтары сөз болады [120].

«Қазақстан жастары» Ұлттық баяндамасы инклюзивті білім беруде жастардың білім алу құқығы, білім беру ортасында инновациялардың қолжетімділігі, сапасы, жастардың әлеуметтік осал санатының жай-күйі мен мүмкіндіктері, NEET санатындағы жастар санын азайту жөніндегі халықаралық және қазақстандық тәжірибе, жастардың әлеуметтік маңызы бар аурулары жөнінде мәселе көтереді [121].

Диссертациялық жұмысымыздың 1.2 бөлімінде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытудың отандық және шетелдік диссертациялық еңбектерде және гранттық жобаларда зерттелуін терминдік талдау мақсатында қарастырған болатынбыз. Енді осы аталған жұмыстардың мазмұнына назар аударамыз. Жалпы 2-ге бөліп қарастырайық (сурет 8).




Сурет 8 – Дуальды және инклюзивті білім берудің зерттелуінің негізгі бағыттары

Natalie Gail Cook диссертациялық еңбегінде дуальды оқыту жүйесінде мамандарды кәсіби даярлауға сұраныстың өскенін білім алушылардың санының артуымен байланыстырады. Дуальды оқыту бағдарламалары студенттерге академиялық тұрғыдан өте тиімді, себебі болашақта бұл жоғары білім алуға үлкен дайындық болады» дейді. Сондықтан зерттеу жұмысының мақсаты дуальды оқыту жүйесінің тиімді тетіктерін жетілдіруді мақсат еткенін атап көрсетеді [122].

Диссертациялық зерттеу жұмыстарында дуальды білім берудің мазмұндық берілуін келесі кестеде ұсынып отырмыз (кесте 6).

Кесте 6 – Дуальды білім беру мәселелерін зерделеген диссертациялық жұмыстар

| № | Диссертациялық зерттеужұмысының атауы | Диссертациялық жұмыстың авторы | Қорғаған жылы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Развитие дуальной системы инженерно-педагогическогообразования в вузе | Романов Сергей Павлович | 2008 |
| 2 | Научно-методическое обеспечение дуальной целевой профессиональной подготовки студентов В ССУЗ | Самолдина Людмила Николаевна | 2008 |
| 3 | How race, gender, and pell status affect the persistence anddegree attainment rates of dual enrollment students | Karline S. Prophete | 2013 |
| 4 | Особенности профессионального образования молодежи с особыми образовательными потребностями в скандинавских странах | Кравченко Наталья Владимировна | 2014 |
| 5 | Dual enrollment: a correlational analysis of high-schoolstudents' participation and college persistence in Florida | MariaSalome E. Davis | 2014 |
| 6 | Pedagogy and successful practices in dual language programs | Regula Sellards | 2015 |
| 7 | Формирование профессиональных компетенций техников высокотехнологичной отрасли в дуальном образовании | Шувалова Марина Александровна | 2016 |
| 8 | The lived experience of dual enrollment: a qualitativestudy of high-achieving africanamerican male students | Elizabeth Malveaux Hudson | 2016 |
| 9 | Assessing the effect different state legislation has made uponoverall student engagement and success in dual enrollmentHuskins, learn and earn online, and concurrent enrollment (2008)In comparison to career and college promise (2012) programs in North Carolina communitycolleges | Frank Sciuletti | 2016 |
| 10 | Exploring the dual natureof engineering educationopportunities and challenges in integrating theacademic and professional aspects in the curriculum | Kristina Edström | 2017 |
| 11 | Дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері | Нуржанбаева Жанат Оралбайқызы | 2017 |
| 12 | Dual credit instructor and counselor opinions concerning the effectiveness of dualcredit programs on post-secondary readiness in southwest Missouri | NatalieGail Cook | 2017 |
| 13 | Инновационное управление техникумом в условиях дуального образования | Матвеев Николай Владимирович | 2018 |
| 14 | Дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау | АлшынбаеваЖулдыз Елдосовна | 2018 |

6-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 15 | Научно-методическое обеспечение подготовки наставников для дуального обучения студентов колледжей | Фаляхов Ирек Ильхамович | 2018 |
| 16 | Формирование профессиональной ответственности рабочего в дуальном обучении | Спасская Инна Юрьевна | 2018 |
| 17 | Differences in the dual credit experience betweenhigh school and institutions ofhigher education | Micheala A. Steinmetz-Benton | 2018 |
| 18 | Формирование оценочной компетенции у студентов педагогического колледжа в процессе дуального обучения | Селюков Роман Викторович | 2019 |
| 19 | Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия мен Қазақстан тәжірибесі) | Сманова Алуа Арыстановна | 2019 |
| 20 | Формирование профессиональной компетенности будущих инженеров горной промышленности в условиях дуального обучения | Григорьева Наталья Валентиновна | 2019 |
| 21 | Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру | Айтенова Эльмира Абдикалиевна | 2020 |
| 22 | Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері | Тастанбекова Нурсауле Джаксибаевна | 2021 |
| 23 | Early college readiness: a qualitative study examining the perceptions of dual-enrolledhigh school graduates | Patricia Dawn Youngs | 2021 |

Бұл жерде ғалым Л.Н. Самолдинаның зерттеуі өте маңызды, себебі мамандарды дуальды кәсіби даярлаудың ғылыми-әдіснамалық қамтамасыз етілуін алғашқылардың бірі болып зерделеген. Оқу үдерісін дуальды мақсатты ұйымдастыру болашақ маманның кәсіби қасиеттерін дамытады, бітіруші кәсіпорында жұмысын жалғастыру кезінде психологиялық көмекті және кәсіби бейімделуді қажет етпейді, өйткені ол өндірістік проблемаларды жақсы біледі дей отырып, болашақ мамандарды даярлаудың құрамын жіктеп көрсетті:

- өндірістің жалпы негіздерін меңгеруге бағытталған базалық даярлық;
- қосымша білімдер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған салалық және функционалдық даярлық [123].

Ж.О. Нуржанбаева дуальды оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздей отырып, еңбек құндылығын қалыптастырудың мәнін, педагогикалық шарттарын айқындады. Дуальды оқыту жүйесін жүзеге асырудың педагогикалық шарттар кешенін педагогикалық-ұйымдастырушылық және функционалды-дидактикалық шарттарын ұсынды [124].

Micheala A. Steinmetz-Benton өз еңбегінде студенттердің кәсіби білім алуы үшін колледждің қол жетімділігін арттыру және білім берудің қаржылық ауыртпалығын азайтуда дуальды оқытудың маңызын зерделеген. Сонымен

қатар дуальды оқыту жүйесіндегі олқылықтарды жоюға ұсыныстар жасайды. Дуальды оқытудың өзара байланысқан төрт негізгі компонентін атап көрсетеді: жекелік, қалыптасу, тәжірибе және әрекет компоненті [125].

Ж.Е. Алшынбаева дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау мақсатында дуальды оқытудың ғылыми алғышарттарын айқындады, дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлаудың моделін жасады. Дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлауды оқу-әдістемелік тұрғыдан зерделеп, дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау мазмұны мен әдістемесін жасады [126].

А.А.Смsímанованың диссертациялық жұмысы Алмания мен Қазақстан тәжірибесі негізінде кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуын теориялық негіздеу және оның элементтерін болашақ педагогтарды даярлау үдерісінде пайдалануға әдістемелік ұсыныстар беру мәселелеріне арналған. Диссертациялық зерттеу жұмысында Алмания мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальды оқытуды дамытудың тарихи-экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық алғышарттары айқындалған [127].

Э.А.Айтенова өзінің зерттеуін дуальды-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздей отырып, әдіснамалық тұғырлары мен психологиялық-педагогикалық шарттарын жасап, болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін ұсынды [128].

Н.Д.Тастанбекова жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің қазіргі жағдайына тоқтала отырып, мәнін ашты, білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мүмкіндіктерін қарастырды. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттарын айқындап, құрылымдық-мазмұндық моделін жасады [129].

Аталған жұмыстардың ішінде дуальды білім беруді инклюзивті оқытумен байланыстырған Н.В. Кравченконың «Особенности профессионального образования молодежи с особыми образовательными потребностями в скандинавских странах» диссертациялық зерттеуін атап өткен жөн. Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларға кәсіптік білім беруде нормативтік құжаттарды білу, білім беру ұйымдарында кемсітушілікті болдырмау мақсатында білім беруді ұйымдастырушыларға екі модельді енгізуді ұсынды: «дуальды және «жұмыс орнында оқыту» [130].

Енді ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған дуальды білім беру бойынша гранттық ғылыми жобаларға тоқталайық:

-3246/ГФ4 «Модернизация высшего педагогического образования: внедрение и реализация дуальной системы обучения при подготовке педагогических кадров на примере инновационного сотрудничества ТарГПИ и Назарбаевской Интеллектуальной школы (г. Тараз)», К.Д. Бузаубакова (2015-2017);

-3149/ГФ4 «Научно-методологические основы совершенствования процесса подготовки будущих педагогов системы технического и профессионального образования к дуальному обучению», С.А. Жолдасбекова (2015-2017);

-АР05134253 «Дуально-ориентированное обучение как условие совершенствование профессиональной подготовки будущего учителя», У.М.Абдигапбарова (2018-2020);

-АР05133562 «Совершенствование государственно-частного партнера в подготовке кадров для малого и среднего бизнеса», Г.Б.Дузельбаева (2018-2020);

-АР09260958 «Внедрение дуальной системы обучения в высшее образование в Республике Казахстан по энергетическим специальностям», Д.Ғ.-С. Тоқтарбаев (2021-2023).

Енді инклюзивті білім беру саласындағы диссертациялық зерттеу жұмыстарына талдау жасаймыз (кесте 7).

Кесте 7 - Инклюзивті білім беру мәселелерін зерделеген диссертациялық жұмыстар

| № | Диссертациялық жұмыстың атауы | Диссертациялық жұмыстың авторы | Қорғаған жылы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Формирование инклюзивной компетентности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки | Хафизуллина Ильмира Наильевна | 2008 |
| 2 | Педагогические условия организации раоты с подростками с ограниченными возможностями здоровья на уроке музыки | Бахромеева Александра Борисовна | 2009 |
| 3 | Организационно-педагогические условия обучения детей с ограниченными возможностями здоровья средствами инклюзивного образования | Артюшенко Наталья Петровна | 2010 |
| 4 | Механизм управления инновационным проектом по внедрению инклюзивной модели образования в вузе | Кондратьева Сардана Ивановна | 2010 |
| 5 | Сравнительный анализ общего инклюзивного образования в странах запада (Канада, США,Великобритания) и России | Мельник Юлия Владимировна | 2012 |
| 6 | Модель инклюзивного образования в условиях муниципальной образовательной системы | Мёдова Наталия Анатольевна | 2013 |

7-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 7 | Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования | Оралканова Индира Адылкановна | 2014 |
| 8 | Подготовка педагогов к работе в условиях инклюзивного образования | Кузьмина Ольга Сергеевна | 2015 |
| 9 | Социально-профессиональная адаптация обучающихся с ограниченными возможностями здоровья в условиях инклюзивного среднего профессионального образования | Гудожникова Ольга Борисовна | 2016 |
| 10 | Современное состояние и тенденции развития инклюзивного образования за рубежом | Сигал Наталья Германовна | 2016 |
| 11 | Providing Quality Education for Children with Disabilities In Developing Countries: Possibilities and Limitations of Inclusive Education in Cambodia | Diana Kartika | 2017 |
| 12 | Педагогическое сопровождение преодоления инновационных барьеров педагогов инклюзивного образования | Петров Дмитрий Александрович | 2017 |
| 13 | Formação inicial do pedagogo e a experiência no pibid educação inclusiva na ufc: saberes, práticas e vivências | Ana Larisse do Nascimento Maranhão | 2017 |
| 14 | Формирование деонтологической готовности будущих педагогов к работе в условиях инклюзивного образования | Аубакирова Сауле Джамбуловна | 2017 |
| 15 | Профессиональная подготовка педагогов к проектированию инклюзивного образовательного пространства (на примере подготовки магистров) | Ромашевская Екатерина Сергеевна | 2017 |
| 16 | Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сыныпмұғалімдерінақпараттық-коммуникациялықтехнологиялардықолдануға даярлау | Оралбекова Алия Курбановна | 2017 |
| 17 | Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары | Мажинов Бағдат Молдахметұлы | 2017 |
| 18 | Inklusive Lehrerbildung für Sonderpädagogen und Regel-schullehrkräfte im Primarbereich in Bayern und Korea | Suk Nam | 2017 |
| 19 | Ақли заиф ўқувчиларда вербал ва новербал мулоқотга киришиш кўникмаларини таълим жараёнида ривожлантириш (бошланғич синфлар мисолида) | Мусаева Наргиза Сайфуллаевна | 2018 |
| 20 | Развитие инклюзивных практик в истории современного российского образования | Бахарев Алексей Викторович | 2018 |

7-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 21 | Развитие методической компетентности преподавателей вуза в условиях инклюзивного образования | Муллер Ольга Юрьевна | 2019 |
| 22 | Психологическая готовность будущих педагогов начального образования к работе с младшими школьниками в условиях инклюзивного обучения | Ивенских Ирина Валентиновна | 2019 |
| 23 | Формирование коммуникационной компетентности с использованием информационных технологий при обучении бакалавров педагогического образования | Байрамов Эльмин Вагифович | 2019 |
| 24 | Formação de professores de Ciências e a Educação Especial/Educação Inclusiva: análise dos indicadores do Censo Escolar das Regiões Norte e Centro-Oeste | Lucas Mendes | 2019 |
| 25 | Инклюзивті білім беруде мүмкіндігі шектеулі студенттердің дене шынықтыру әдістемесін жетілдіру | Испамбетова Гульдана Аяпбергенова | 2020 |
| 26 | Формирование проектной компетентности педагога инклюзивного образования в системе дополнительного профессионального образования | Лебедева Юлия Игоревна | 2020 |
| 27 | Возрастно-психологические особенности социальной ситуации развития младших школьников в условиях инклюзивного образования | Юдина Татьяна Алексеевна | 2021 |
| 28 | Педагогические условия организации дистанционного обучения студентов с инвалидностью в вузе | Хамитова Дана Сункарбековна | 2021 |
| 29 | Готовность преподавателей вузов к обучению студентов с инвалидностью | Кабдырова Айнур Аскарбековна | 2021 |
| 30 | Многоуровневое управление развитием региональной системы инклюзивного образования | Жаворонкова Лилия Викторовна | 2022 |
| 31 | Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында) | Альмухамбетова Бибигуль Жексембаевна | 2022 |

Осы диссертациялық жұмыстардың ішінде инклюзивті оқытуға педагогтарды кәсіби даярлау бағытында жүргізілген зерттеу жұмыстарына назар аударайық.

Алдымен ғалым О.С. Кузьминаның педагогтарды инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлау кезінде мотивациялық-құндылық, кәсіби құзыреттілік сапаларын және инновациялық қызметке дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін технологиялар кешенін пайдалану туралы пікірі қызығушылық турдырды. Ғалымның пікірінше, педагогтардың

инклюзивті оқытуға даярлығы мотивациялық-құндылық, операциялық-белсенділік және рефлексивті-бағалау дайындығын қамтиды. Ұйымдастырушылық компонент білім алушылар мен педагогтардың бірлескен қызметін ұйымдастырудың технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған жүйелі тәсілі ретінде сипатталады [131].

А.К.Оралбекова болашақ педагог өзінің педагогикалық қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білімдер мен дағдылар жиынтығын меңгереді. Бұл педагогтың бойында құзыреттіліктердің қалыптасуын қажет етеді. Құзыреттілік педагогтың жеке тұлғалық қасиетіне айналуы тиіс және болашақ педагог келесі құзіреттіліктерді игереді:

- психологиялық құзыреттілік;
- ғылыми-теориялық құзыреттілік;
- тәжірибелік құзыреттілік;
- психофизиологиялық құзыреттілік;
- физиологиялық құзыреттілік [42] деп көрсетеді.

Ana Larisse do Nascimento Maranhão педагогтың бастапқы қалыптасуы инклюзивті білім беру тұжырымдамалары мен парадигмаларын, теориясы мен практикасын игеруден басталады дейді. Педагогтың бастапқы дайындығының негізгі өзегі – білім. Ғалымның пікірінше, педагогтың алғашқы білімі оқу практикасының кәсіби практикамен байланысты. Педагогтың кәсіби даму мүмкіндігі мүмкін болатын практикалық шындықпен байланысады. Педагогтың білімі оның саналы кәсіби білімін дамыту үшін теория мен практика арасындағы тиімді тұжырымға ықпал ететіндігін көрсетеді [132].

Енді ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған инклюзивті білім беру бойынша гранттық ғылыми жобаларды қарастырамыз:

-2643/ГФ4 «Теоретико-концептуальные основы развития инклюзивного образования в Казахстане», А.К. Мухамедханова (2015-2017);

-4072/ГФ4 Роль и место искусства в творчестве людей с ограниченными возможностями», Г.Ж. Мусагулова (2015-2017);

-AP05134037 «Формирование дистанционной образовательной среды вуза для обучения маломобильных (неподвижных) студентов-инвалидов», З.А. Мовкебаева (2018-2020);

-AP05134666 «Подготовка педагогических кадров к профессиональной деятельности в условиях инклюзивного образования», С.К. Абильдина (2018-2020);

-AP05130202 «Управление процессом оценки учебных достижений обучающихся с особыми образовательными потребностями», А.Н. Аутаева (2018-2020);

-AP08856309 «Научно-методическое сопровождение волонтерской деятельности студентов в рамках инклюзивного образования», С.К. Абильдина (2020-2022);

-AP08857092 «Организация довузовской подготовки лиц с ограниченными возможностями здоровья в системе инклюзивного высшего образования», С.С. Жакипбекова (2020-2022);

-AP08856314 «Формирование готовности педагогов к дистанционному обучению учащихся», Г.С. Майлыбаева (2020-2022);

-AP08856467 «Развитие инклюзивного общества: роль модели образования и социального государства (всеобщего благосостояния), опыт скандинавских стран», Ғ.Ө. Жүсіпбек (2020-2022);

Көріп отырғанымыздай, гранттық жобаларда инклюзивті білім берудің келесі аспектілері зерттелген: инклюзивті білім берудің теориялық-әдіснамалық және концептуалдық негіздері; инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау; инклюзивті қоғамды дамыту; мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды оқыту мәселелері.

Сонымен қатар зерттеу тақырыбына байланысты *Web of Science* және *Scopus* базаларында жарияланған ғылыми мақалаларға, монографиялық зерттеулерге шолу жасадық. Аталған материалдарды зерделей келе, инклюзивті білім беру мәселесінің зерттелуін төмендегіше топтастырдық.

***Бірінші топқа*** *«мүгедек», «мүгедектік» ұғымдарының мәнін, мүгедектікке деген қоғамдағы көзқарастарға тарихи тұрғыдан талдау жасалған зерттеулерді енгіздік.*

Е.Р. Ярская-Смирнова, Э.К. Наберушкина мүгедек ұғымының мәнін ашып, ғасырлар бойы мүгедектікке деген қоғамдағы көзқарастарға тарихи тұрғыдан талдау жасайды, кедергісіз орта құру мәселелерін, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың әлеуметтік мәселелерін ашып көрсетеді [133].

А.Е.Думбаев, Т.В. Попова мүгедектің әлеуметтік мәселе ретінде заманауи аспектілерін қарастыра отырып, шетелдік және қазақстандық заңнамаларға талдау жасайды [134].

Tijunelyte A. инклюзивті білім беруде оқу субъектілерінің мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға толерантты қарым-қатынасының ерекшеліктерін анықтады, толеранттылық тұжырымдамасын жасады, оған әсер ететін факторларды айқындады [135].

Sam Hickey, Kunal Sen және Badru Bukenya инклюзивті қоғамның даму мүмкіндіктері, түрлері мен формалары, маргиналды топтарды әлеуметтік қорғау, әділет жүйелері, мүмкіндіктерін кеңейтудің жаңа бағыттары, инклюзивті даму саясаты, сондай-ақ одан туындайтын жаңашыл және практикалық ұсыныстар береді [136].

Caroline C.S. өз еңбектерінде денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды, яғни физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой бұзылыстары бар тұлғаларды инклюзивті оқытудағы қиындықтарды сөз етеді [137].

Италияндық ғалымдар Daniela Pasquinelli d'Allegra, Davide Pavia, Cristiano Pesaresi жаһандану дәуіріндегі теңсіздік және әртүрлілік мәселелерін сөз қыла отырып, экономикалық және әлеуметтік теңсіздік, мүмкіндіктері шектеулі студенттердің денсаулығы, құқығы, әділеттілік, қол жетімділік көріністерін баяндайды [138].

Martin Giese көзқарасына сүйенетін болсақ, ол мүгедектер мүмкіндіктерінің әділдігі, мүгедектерге арналған білімнің кәсіби бағытын сөз етеді [139].

Швейцария ғалымы Margarita Schiemer инклюзивті білім берудің мәдени аспектілерін, интеграция, білім берудегі теңдік, мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірі, қоршаған орта факторлары, түрлі әлеуметтік және мәдени контексте инклюзивті білім беруді жан-жақты талдады [140].

Diana Kartika мүгедектікті зерттеудің екі саласын белгілейді, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім берудің қиындықтарын негізге ала отырып, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен отбасылардың білімге қол жеткізу қиындықтары, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы қызметтердің қолжетімділігі, оның ішінде есту қабілеті нашар немесе саңырау балалардың қиындықтары, мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беретін мұғалімдерді сапалы даярлау, ресурстардың жетіспеушілігі мәселелеріне қатысты дәлелдерге негізделген тұжырымдар береді [141].

Pillay Sareesha мемлекеттік саясат пен ұлттық заңнамадағы мүгедектердің әлеуметтік және саяси құқықтарына сыни талдау жасай отырып, мүгедектердің құқықтары мен бостандықтарына қатысты заңнамалық нұсқамаларды жетілдіру мен нығайтудағы проблемаларды анықтады, халықаралық-құқықтық база ұсынды. Бұл ұсыным ұлттық және халықаралық деңгейде мүгедектерге қатысты заңнамалық нұсқамаларды нығайта алады [142].

Alduais Ahmed арнайы білім беру инклюзия мен сегрегацияға байланысты қақтығыстар мен проблемаларды, сондай-ақ тең өмір сүру, білім алу құқықтарын ескере отырып, инклюзивті білім беруді дамыту елдің идеологиялық дамуына байланысты әртүрлі болады деп қорытынды жасайды [143].

***Екінші топқа*** *инклюзивті білім берудің негізгі ұғым түсініктері, модельдері, даму кезеңдері, практикалық аспектілері қарастырылған зерттеулерді жатқыздық.*

Йорк университетінің профессоры Г.Банч инклюзивті білім берудің философиясы, қажеттілігі, пайдасы мен қоғам мәдениетін қалыптастыру тәсілдері, білім алушыларды мүмкіндік деңгейлері бойынша бөлу және сәйкес тәсілдерді таңдау мәселелерін қарастырады [144].

Инклюзивті білім берудің негізгі ұғым түсініктерін қарастырушы ғалымдар М.Ю. Перфильева, Ю.П. Симонова, С.А. Прушинский инклюзияны дамытудың құқықтық аспектілерін, инклюзияның ұғым түсініктерінің мәнін, ұстанымдарын, модельдері мен кезеңдерін айқындады [145].

С.В. Алёхина инклюзияны дүниетанымдық көзқарас және білім беру тұжырымдамасы ретінде қарастыра отырып, инклюзияның әлемдік қоғамда пайда болу тарихын, оның шетелдерде даму бағыттарын, инклюзивті білім берудің табысты ендірілуі, инклюзияны жүзеге асыру ерекшеліктерін ашып көрсетеді [146].

Д.З. Ахметова, Т.А. Челнокова, Г.В. Мигранова, В.А. Корвяков, Д.Г.Мухамбетов инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін, ұғымдарын, практикалық аспектілерін қарастырып, инклюзивті білім берудің педагогикалық және қашықтықтан оқыту технологияларына тоқталды [147].

Л.Н. Лиходедова инклюзивті білім беру ұғымын талдай отырып, инклюзивті білім беруді ұйымдастыру мен басқарудың базалық ережелерін,

инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесін, моделін, инклюзивті білім берудің шарттарын, жеке білім беру маршрутын жасауды өз еңбегінде айқындады және инклюзивті білім беруді жалпы және арнайы білім берудің бір бөлігі деген түсінік қалыптастырды [148].

***Үшінші топқа*** *инклюзивті білім берудің теориялық-әдіснамалық мәселелері, нормативтік-құқықтық, педагогикалық-психологиялық аспектілері, концептуалдық ұстанымдары қарастырылған зерттеулерді жатқыздық.*

Ғалымдар О.А. Апуневич, И.А. Букина, И.Н. Берникова, О.А. Глухова, Т.В. Гудина, О.А. Денисова инклюзияның философиялық және әдіснамалық негіздерін, мүгедектігі бар тұлғаларға инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру мәселелерін, кәсіптік білім беру кезеңінде инклюзивті білім берудің теориялық және практикалық аспектілерін, болашағы және даму жолдарын, инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тәжірибесін, мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды қолдаудың ресурстық орталығын құру тәжірибесін зерделеп, инклюзивті білім беруді ендіру тәжірибесімен бөліседі [149].

Л.А. Дружинина, Л.Б. Осипова, Л.И. Плаксина инклюзивті білім берудің теориялық-әдіснамалық мәселелері мен нормативтік-құқықтық актілерін, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселелерін, пәндік даму ортасының концептуалдық негіздерін, пәндік ортаны ұйымдастыру ерекшеліктерін қарастырды [150].

Т.Е. Мальцева жаңа парадигмаға негізделген жоғары инклюзивті білім берудің концептуалды ұстанымдарының мәні, инклюзивті білім беруді дамытудың философиялық және психологиялық-педагогикалық аспектілерінің көп қырлылығын, жоғары инклюзивті білім берудің инновациялық үрдістерін қарастырды [151].

З.А. Мовкебаева, И.А. Оралканова, Д.С. Хамитова елімізде инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы, негізгі ұстанымдары мен құндылықтары, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қарым-қатынасты дамытудың эволюциялық модельдері, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды білім кеңістігіне кіріктірудің қазіргі ғылыми деңгейі, инклюзивті білім берудегі педагогтардың орны, инклюзивті білім берудегі этнопедагогикалық тәсілдер, Қазақстанда және шетелдерде инклюзивті білім беру мәселелерін өз еңбектерінде зерделеді [152].

***Төртінші топқа*** *инклюзивті білім беруде мүмкіндіктері шектеулі білімгерлерді инклюзивті оқыту, болашақ педагогты инклюзивті оқытуға даярлау модельдері қарастырылған зерттеулерді жатқыздық.*

Tomomi Sanagi педагогтардың инклюзивті білім беру тұжырымдамасын түсінбеуі озық тәжірибеге алып келмейді, керісінше ерекше орта қалыптастырады. Инклюзивті білім берудің әр түрлі анықтамасының болуы инклюзивті білім беру тұжырымдамасына сәйкес келеді. Нәтижесінде ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалар белгілі бір оқу үдерісіне енгізілуі мүмкін, ал біз оны үстірт түрде инклюзия ретінде қарастыра аламыз дейді [153].

Дорфлинг Питер Стефанус инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда педагогтардың маңызды рөл атқаратынын айта отырып, педагогтар бұл міндетке жеткілікті дайын емес екенін мойындайды. Ғалым өз зерттеулерінде педагогтардың өз бетінше білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған педагогтардың жеке білімін үздіксіз дамыту моделін ұсынады. Модельдің құрылыс блоктарына білімді басқару стратегиялары, педагогтардың жеке қатысуы және мектеп басшылығының қолдауы кіреді [154].

A.L. Maranhao инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін, парадигмаларын зерделей отырып, мүмкіндігі шектеулі студенттерді инклюзивті оқыту үшін болашақ педагогтардың кәсібилігін дамыту, теория мен практиканы ұшастыру мәселелерін қарастырды [155].

Louzada Juliana Cavalcante de Andrade жоғары білім беретін ұйымдарда болашақ педагогтарға инклюзивті білім беруде педагогтардың алғашқы кәсіби дайындығына қатысты өз көзқарасын білдіре отырып, инклюзивті білім беру мен оқытудың айырмашылықтарын, инклюзивті білім берудің нормативтік заңнамалары туралы берілетін білімнің жеткіліксіздігін атап көрсетеді [156].

Suk Nam инклюзивті білім беру педагогтарды даярлаудың жаңа теориялық және практикалық тұжырымдамаларын әзірлеуді қажет етеді дей отырып, жаңа оқу жоспарлары, ғылыми білім, прогрессивті әлеуметтік өзгерістерге бейімделу, ұтқырлық, педагогтардың университеттік білімі педагогикалық кәсібилікке жол ашады. Ал бұл өз тарапынан кәсіби құзыреттілікті қолданатын кәсіпқой ретінде инклюзивті оқытатын педагог бейнесін айқындайды деп саралайды [157].

Ғалым А.К.Оралбекова инклюзивті білім беру жағдайында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануды теориялық тұрғыдан негіздеді, ал Д.С. Хамитова жоғары оқу орындарында мүмкіндігі шектеулі студенттерді қашықтықтан оқытудың педагогикалық шарттарын жасады.

Неміс ғалымы J.Müller Frank «азаттық философиясына» сүйене отырып, интеграциялық білім берудің әлеуметтік өлшеміне қол жеткізудің кеңейтілген жолдарын, ерекше қажеттіліктері бар барлық адамдарға арналған қоғамның мүмкіндігі шектеулі тұлғаның рухани дамуына жәрдемдесуіне бағытталған оқыту принциптерін көрсетеді [158].

Rupert Maclean, Shanti Jagannathan және Brajesh Panth инклюзивті білім беруде техникалық және кәсіптік білім беру, кәсіптік оқыту жүйелерін (TVET), оқу бағдарламаларын қайта қарау, біліктілікті арттыру модельдерін қанағаттандыру, экологиялық таза жұмыс орындарын құру туралы сөз етеді [159].

Ann Arbor болашақ педагогтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және олардың мүмкіндіктері шектеулі білім алушылармен жұмыс істеуге деген сенімділігін арттыру үшін қызмет көрсетудің тиімді әдістерін, сонымен қатар инклюзивті білім беру қызметтерін жақсартудың тұрақты құралы ретінде педагогтарды кәсіби даярлаудың тиімділігін анықтауды өз зерттеуінің басты бағыты етіп алды [160].

Dangoisse Floren және т.б. жоғары білім беру саласында мүмкіндіктері шектеулі студенттерді кіріктіру туралы алаңдаушылық таныта отырып,

олардың физикалық және сенсорлық бұзылулары бар студенттер екенін атап өтті. Орта мектептен университетке көшу мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін сыни кезең болады деп болжамдайды [161].

Lucas Mendes диссертациялық зерттеуінде инклюзивті білім беру (IE) мен арнайы білім беру (SP) тұрғысынан биология, физика және химия саласындағы мұғалімдерді оқытуда әлеуметтік көрсеткіштерді талдау жасай отырып, мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс істеуге дайын педагогтардың саны жеткілісіз екендігіне тоқталады. Педагогтарды даярлау және мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқыту мемлекеттік биліктің инвестициялары мен назарын қажет ететін бағыт деп атап көрсетті [162].

Katherine J. Gilligan мүмкіндігі шектеулі білімгерлерді оқытатын мұғалімдерді даярлау бағдарламасына баса назар аудару қажет, сондықтан барлық студенттерге сапалы білім беруді қамтамасыз етуі қажет дейді [163].

Michael McCarthy диссертациялық зерттеуінде ерекше білім беруді қажет ететін студенттерді оқу үдерісіне кіріктіру факторларын: мүгедектігі бар студенттермен жұмыс істеу тәжірибесін, мұғалімнің дайындық деңгейін, мүгедектік түрін, әкімшілік қолдауды және оқу орны климатын қарастырды [164].

I.V. Artsimovich және т.б. инклюзивті білім беру контекстінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу үшін мұғалімдерді даярлау жүйесінің авторлық моделін ұсынады. Авторлар инклюзивті білім берудегі кемшіліктерді, атап айтқанда, қоғамның мүмкіндігі шектеулі адамды қабылдауға дайындығының жеткіліксіздігін, мұндай адамдар мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау және қамтамасыз ету жүйесінің жетілмегендігін, оқытушылардың осы студенттер контингентімен жұмыс істей алмайтындығын атап көрсетеді [165].

Енді дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесінің қазіргі жағдайына тоқталамыз.

Қазақстанда инклюзивті білім беру мәселелерімен айналысатын негізгі орган Білім және ғылым министрлігі болып табылады. Сонымен қатар біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қолдау мәселелерімен

Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігі айналысады. Ресми құжаттарға талдау жасау барысында мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қолдауда ведомствоаралақ байланыс механизмі реттелмегендігіне көз жеткіздік. Атап айтар болсақ, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды есепке алу жұмысын Білім және ғылым министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қатар жүргізіп отыр.




Сурет 9 – Инклюивті ібілім беруді жүзеге асырушы ведомствоаралық органдардың байланыс механизмі

Инклюзивті білім беру саласындағы зерттеулер мен тәжірибені зерделеу елімізде денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды оқытатын, оларға кәсіби сапалы білім беретін болашақ педагогтардың сұраныста екендігін көрсетіп отыр.

Педагог мамандығы ізгіліктік, бейімделу, шығармашылық, қарым-қатынастық және өнегелік сипаттарды қамтиды. Педагог мамандығының негізгі мәні оның іс-әрекетіне байланысты, ал педагог тұлғасына қойылатын талаптар педагогикалық іс-әрекетке кәсіби дайындығын айқындайды.

Қазіргі таңда педагогтарға деген қоғамның көзқарасы өзгерді. Еліміз білім берудің ұлттық моделіне көшкені белгілі, сондықтан қоғамға жоғары білікті, білімді, білімін ғылыммен ұштастыра білетін, теориялық-практикалық және әдістемелік білімдерді, педагогикалық іскерліктер мен дағдыларды меңгерген іскер, құзыретті педагог қажет.

О.А. Абдуллина [166], А.Д. Гонеев [167] педагогтарды кәсіби даярлау саласында зерттеулер жүргізсе, И.Н. Хафизуллина ерекше білім беруді қажет ететін білімгерлермен жұмыс жасайтын педагогтың инклюзивті білім беруге кәсіби дайындығын интегративтік кәсіптік-тұлғалық білім ретінде [168] анықтауға мүмкіндік берді.

Педагогтың кәсіби даярлығының объективті сипаттамалары педагогтың инклюзивті білім берудегі мақсаттары, оның құрылымы, педагог шешетін мәселелер шеңбері және қажетті нәтижеге жету үшін оның кәсіби функцияларын орындауы қабілетінде көрінеді.

Енді *«инклюзивті оқытуға дайын болу», «инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау»* ұғымдарына берілген анықтамаларды қарастырамыз.

Болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға дайын болуы мәселесін зерттеген ғалымдар (С.В. Алехина, Н.А. Пронина, Т.Ю.Зимнухова) педагогтардың инклюзивті оқытуға белсенді ұмтылмауының басты себебі олардың денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен жұмыс тәжірибесі мен теориялық дайындығының болмауында деп көрсетеді. Сондықтан инклюзивті оқытуға дайын болу мәселесін кәсіптік даярлаудың мақсаты ретінде қабылдаған жөн.

Алдымен «дайын болу» ұғымының мағынасына назар аударайық.

С.И. Ожеговтің сөздігінде «бір нәрсе үшін барлығы жасалған, барлығы дайын кезі» деп берілген [70, б. 140].

Т.Ф.Ефремованың түсіндірме сөздігінде «дайын болу, дайындық күйі, қасиеті» дейді [169 с. 340].

Болашақ педагогтың өз қызметіне дайын болуы тұлғалық және тұлғалық-іскерлік қасиеттерді, кәсіби құзыреттілік пен кәсіпқойлықты меңгеруіне байланысты.

В.В. Хитрюк «инклюзивті даярлық» ұғымын енгізіп, «инклюзивті білім беру жағдайында академиялық, кәсіби және әлеуметтік-тұлғалық құзыреттер кешеніне негізделген, кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің мүмкіндігін анықтайтын педагогтың жеке басының күрделі интегралды субъективті сапасы» деп көрсетеді [170].

Ю.В. Шумиловская «инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімнің даярлығы» ұғымына анықтама бере отырып, мүмкіндіктері шектеулі білімгерлердің ерекшеліктері туралы білім мен идеялардың жиынтығы, инклюзивтік білім беру жағдайында осы студенттермен жұмыс жасаудың әдістері мен тәсілдерін білу, сондай-ақ белгілі бір жеке тұлғалық қасиеттердің қалыптасуы» деп келтіреді. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімдерді оқушылармен жұмыс жасауға даярлаудың моделін жасады. [32, б.14].

Сонымен «дуальды білім беру жүйесіндегі инклюзивті оқытуға даярлау» ұғымына келесідей анықтама бердік:

**Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау** – кәсіпорын мен оқу орнының бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды инклюзивті білім беруге бірлесе даярлайтын инновациялық үдерісі *(авторлық анықтама).*

Инклюзивті оқыту шеңберінде педагогтарға қойылатын талаптар шегі кеңейе түседі, функционалдық міндеттері артады, тұлғалық, кәсіби және даму сапаларына қойылатын талаптар да күшейеді. Сондықтан біз келесідей жіктеп көрсеттік.

*Бірінші,* болашақ педагогқа өз қызметін іске асыру үшін **педагогикалық қабілеттің** болуы маңызды. В.А. Крутецкий педагогтың жеке тұлғалық, дидактикалық, ұйымдастырушылық-коммуникативті қабілеттерін сипаттады [171]. Бірқатар ғалымдардың зерттеулерін қорытындылай келе, педагогтың қабілеттерін келесідей жіктеуін дұрыс санаймыз:

*Ұйымдастырушылық қабілет* оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру, білімгерлер ұжымын дұрыс басқара білу, білімгерлерге оң бағыт-бағдар беру, ата-аналармен жұмысты дұрыс жолға қоя білуін қамтиды.

*Конструктивті қабілет* оқу-тәрбие міндеттерін шешудің ең үйлесімді жолдарын іздестіру, оқу-тәрбие жұмыстарының түрлері мен әдістерінің мазмұнын анықтау, педагогтық тапқырлық қабілетінің болуын көздейді.

*Перцептивті қабілет* білімгердің ішкі жан-дүниесін тани білу, көңіл-күй өзгерістерін сезе білу және түсіну, жағдаятқа сәйкес әркет етуді қарастырады.

*Дидактикалық қабілетке* оқу материалын түсінікті етіп жеткізе білу, білімгерлердің білім дәрежесін, іскерлігі мен дағды дәрежесін дұрыс анықтай білу, олардың пәнге қызығушылығын, таным белсенділігін арттыру, ойын дамыту, өз пәнін жақсы білуі жатады.

*Комуникативті қабілет* педагогтың педагогикалық процесс барысында қарым-қатынас жасай алу қабілетін білдіреді [172].

*Екінші,* педагог өз қызметін тиімді атқару үшін оның бойында педагогқа тән, қызметіне қажетті **педагогикалық сапалар** болуы шарт. Жоғарыда аталған қабілеттер педагогтың сапасын құрайды. Инклюзивті оқытумен айналысатын педагогтың моделін жасау мақсатында болашақ педагогтың сапасына қойылатын талаптарды айқындап алған жөн.

Біздің пікірімізше, болашақ педагогтың сапасын:

-тұлғалық сапалар;

-кәсіби сапалар;

-әлеуметтік сапалар деп үлкен 3 топқа жинақтаған дұрыс (сурет 10).




Сурет 10 – Педагогтың сапалары

*Үшінші,* **педагогикалық дағдыларды** атқаратын функцияларына қарай, түрлі педагогикалық тапсырмаларды қоя білу және шешуі сапасына қарай жіктейді.

*Төртінші,* Т.П. Терентьева өз еңбегінде **педагогикалық біліктерді** төрт топқа бөліп қарастырады: педагогикалық міндеттерді айқындау, жаңа білімді белсенді түрде меңгеруге дайындық деңгейін анықтау, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттер кешенін айқындау; білім беру процесінің мазмұнын сұрыптау, білім беру процесін жүзеге асыруға қажетті жағдайларды жасау; бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру және дамыту; педагогтың әрекетін, педагогикалық міндеттердің жаңа сипаттағы басым кешенін анықтау [173].

Қазақстан Республикасында педагогтарды кәсіби даярлау үдерісі білім беру бағдарламалары мен педагогтың кәсіби стандарты талаптарына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады [174].

*Бесінші,* педагогтың қызметінде оның құзыреттілігі маңызды. **Педагогикалық құзыреттілік** педагогтың іс-әрекетінде мәселелер мен міндеттерді шешуге білім мен білігінің сәйкес келуін білдіреді. А.К. Маркова кәсіби құзыреттіліктің төрт түрін көрсетеді: *арнайы, әлеуметтік, тұлғалық және жеке:*

*Арнайы кәсіби құзыреттілік* әрекетті жоғарғы кәсіби деңгейде меңгеруді сипаттайды. Ол тек арнайы білім ғана емес, сонымен бірге оны тәжірибеде қолдана алуды білдіреді.

*Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік* кәсіби қарым-қатынас тәсілдері мен өзара әрекеттестіктің қолдану жолдарын меңгеруді сипаттайды.

*Тұлғалық кәсіби құзыреттілік* өзін өзі дамыту мен өз ойын білдіру әдістерін, кәсіби деформацияға қарсыласу құралдарын меңгеруді сипаттайды.

*Жеке кәсіби құзыреттілік* өзін-өзі реттеу, кәсіби өсуге дайындық, кәсіби қартаюға қарсы тұру, тұрақты кәсіби уәждемесінің тәсілдерін меңгеруді сипаттайды [175].

Жалпы құзыреттілік түрлерін (сурет 11) бейнеледік.




Сурет 11 - Жалпы құзыреттіліктер түрлері

Құзыреттілік жөніндегі зерттеулерді зерделей келе құзыреттілікті 4 блокқа бөліп көрсетуге болатындығына көз жеткіздік және оны келесі сызба түрінде бейнеледік (сурет 12).




Сурет 12 - Педагогикалық құзыреттілік құрылымы

*Жалпы кәсіби құзыреттілік* ғылыми-зерттеу, жобалау-құрастыру, әкімшілік-басқару, өндірістік, педагогикалық әрекет саласындағы құзыреттіліктерді қамтиды.

*Жалпы әлеуметтік-психологиялық кәсіби құзыреттілік* әлеуметтік, тұлғалық, ақпараттық құзыреттіліктерден тұрады.

*Арнайы кәсіби құзыреттілік* педагогтың өзінің кәсіби қызметін атқаруға даярлығын, қажетті құзыреттіліктерді меңгергендігін білдіреді.

*Арнайы әлеуметтік-психологиялық кәсіби құзыреттілік* педагогтың өз қызметін дұрыс атқару мақсатында өзінің кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуын қарастырады.

Мұнда болашақ педагогтың құзыреттілік құрылымы кәсіби құзіреттілік, даярлық, белгілі кәсіп саласында жұмыс істеуге деген ұмтылыс, әлеуметтік-психологиялық құзіреттілік, өзімен және қоғаммен үйлестікте тіршілік етуге талпыну қасиеттерін білдіреді.

Педагогтың *психологиялық көрсеткіштеріне* педагог тұлғасының ішкі және сыртқы әлеуетінің толықтығы, кәсіби бағыттылығы, байқампаздық пен зеректік, педагогикалық әдеп, педагогикалық қиял, өзін-өзі ұстай білу қасиеттері жатады [176].

*Алтыншы,* **педагогикалық әдеп** педагогтың білімгерге деген құрмет пен талапты, сенім мен бақылауды, мақұлдау мен айыптауды үйлестіре білуінде.

*Жетінші,* педагогикалық шеберлік, білім, іскерлік, дағдылар педагогикалық шеберлікке негіз болады. Педагогикалық шеберліктің мазмұнына кәсіби педагогикалық білім, педагогикалық тәжірибе, шығармашылық тәжірибе, тұлғалық қасиеттері, кәсіби педагогикалық бағыт енеді.

*Педагогикалық қызметтің* нысаны педагогикалық үдеріс болса, білім алушы қызмет субъектісі болады. Кезегінде бұдан педагог мамандығының құндылығы туындайды: білім алушының тұлғасын, оның құқығы мен бостандығын құрметтеу; басқа сенімдерге, әлем мен дәстүрлерге деген көзқарастарына толеранттылық білдіру; мәдени алуан түрлілігіне ашықтығы; икемділігі, бейімделу қабілеті, эмпатияға деген қабілеті; тұлға құндылықтарын, тіл мен коммуникацияны түсіну; өз бетімен білім алу, талдамалық және сыни ойлау дағдылары; коммуникативтік және тілдік дағдылары; ынтымақтастық дағдылары, дауларды шешу қабілеті [177].

Дуальды білім беру жағдайында инклюзивті оқытуға дайын педагогтың кәсіби біліктілігін мыналар құрайды (сурет 13):




Сурет 13 - Инклюзивті оқытуға дайын педагогтың кәсіби біліктілігі

Кәсіби дайындық өз кезегінде теориялық, практикалық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік дайындықтардан құралады. М.Н. Скаткин және В.А. Сластенин педагогтарды кәсіби даярлаудың мәнін айқындай отырып,

білім, іскерлік және дағдылармен қатар болашақ педагогтың кәсіби маңызды жеке қасиеттерін көрсетеді [178, 179].

И.А. Зимняяның айтуынша, кәсіби даярлау барысында педагогтар тұлғалық-белсенділік деңгейінде өзгерістерге ұшырап, тұлғалық және моральдық-психологиялық қасиеттері қалыптасады [180].

Дуальды білім беру жағдайында инклюзивті оқытуға дайын педагогтарды сапалы даярлау үшін білім беру бағдарламасының мазмұнын еңбек нарығының қазіргі талаптарына сәйкес жаңарту қажет. Ерекше білім беруді қажет ететін білімгерлердің әртүрлі санаттарымен кәсіби қызметке дайындықта оқыту әдістерін жетілдіру, практикалық сабақтардың санын арттыру мәселесі маңызды [181].

Л.Н. Горбунова педагогтарды кәсіби даярлауды кәсіби қызметінің өзгеруімен, кәсіби қызметін және өзін-өзі жетілдірумен байланыстырады [182].

Дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды даярлауда жұмыс берушілердің, стейкхолдердің, бизнес өкілдерінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан болашақ мамандардың кәсіби жұмысында жұмыс беруші, оқу орны және болашақ мамандарға қойылатын кәсіби стандарттардың өзара байланысын төмендегідей көрсеткенді жөн көрдік.




Сурет 14 - Болашақ педагогтарды даярлаудағы байланыс сипаттамасы

Біз Ф. Талызинаның дуальды білім беру жүйесінде педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлаудың 4 деңгейге бөлуімен толығымен келісеміз:

*Инклюзивті оқытуға даярлықтың оңтайлы деңгейінде* педагог кәсіби міндеттерін сәтті орындайды, кәсіби маңызды дағдыларды өте жақсы игереді, кәсіби маңызды қасиеттерді толық меңгереді.

*Инклюзивті оқытуға даярлықтың дамыған деңгейінде* педагог кәсіби міндеттерді қажетті деңгейде орындайды, кәсіби маңызды қасиеттерді игеру

көлемі кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін жеткілікті болады, кәсіби қызметтің маңыздылығы қалыпты, алайда толықтыруды, нақтылауды қажет етеді.

*Инклюзивті оқытуға даярлықтың рұқсат етілген деңгейінде* педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындауда қиындықтарға ұшырайды, кәсіби маңызды қасиеттерді игеру көлемі кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін жеткіліксіз, кәсіби қызметтің маңызы төмен.

*Инклюзивті оқытуға даярлықтың шектік деңгейі* кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастырудың бастапқы кезеңін сипаттайды, зиянды мінез-құлық педагогтың жеке басының оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз етпейді [183].

Сонымен «дуальды білім беру жүйесіндегі инклюзивті оқыту педагогы ұғымына келесідей анықтама бердік:

**Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту педагогы** – ізгіліктік принципін ұстанған, адами құндылықтарға бағдарланған, толерантты, теорияны практикамен ұштастыра білетін бәсекеге қабілетті, ұтқыр маман *(авторлық анықтама).*

Қорыта келе дуальды білім беру және инклюзивті оқытуды зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, диссертациялық зерттеулерге, гранттық жобаларға, сондай-ақ аналитикалық құжаттарға, талдау жасалды, Scopus және Web of Science базаларында жарияланған мақалаларға, монографияларға шолу жасалды. Талдау көрсеткендей, дуальды білім беру және инклюзивті оқыту тақырыбына арналған зерттеу жұмыстары баршылық. Алайда дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау тақырыбына зерттеу жұмыстарының жоқтығына көз жеткіздік.

Сонымен, **дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау** – кәсіпорын мен оқу орнының бәсекеге қабілетті мамандарды инклюзивті білім беруге бірлесе даярлайтын инновациялық үдерісі және **дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту педагогы** – ізгіліктік принципін ұстанған, адами құндылықтарға бағдарланған, толерантты, теорияны практикамен ұштастыра білетін бәсекеге қабілетті, ұтқыр маман деген қорытындыға келдік.

Нәтижесінде болашақ педагогтарды иклюзивті оқытуға даярлаудың ғылыми-педагогикалық мәселелері толықтай зерделенді деуге болады. Енді мұны дуальды оқыту жүйесінде қарастыру арнайы жасалатын құрылымдық модель арқылы жүзеге асатынына көз жеткіздік.

### 1.4 Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі

Сонымен ғалымдардың педагогтарды кәсіби даярлау бағытында жүргізген зерттеу жұмыстарын талдай келе, педагогтың инклюзивті оқытуға кәсіби даярлығын қалыптастырудың мазмұны мен мәнін ашу және дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың моделін құрастыру мақсатында педагогты даярлаудың алты бағытын айқындадық.

*Бірінші бағыт* педагогты кәсіби даярлаудың когнитивтік, мазмұндық және технологиялық компоненттерін қамтиды. Когнитивтік компонент инклюзивті білім беру теориялары мен әдістерін меңгеруде арнайы әдіснамалық, теориялық және практикалық білім жүйесі ретінде беріледі. Мазмұндық компонент толеранттылық, алаламау, дұрыс қарым-қатынас орнату және өзін-өзі жетілдіру қасиеттерін, педагог санасының ерік-жігерінің және сезімінің мотивациялық-мазмұндық бағытын, ынтасын, жұмыс істеу қабілеті мен жеке бағдарларының жиынтығын көрсетеді. Технологиялық компонент инклюзивті білім берудің оңтайлы нәтижелеріне қол жеткізу әдістерін, тәсілдерін, технологияларын, құралдарын қолданудың практикалық дағдыларынан тұрады.

*Екінші бағыт* педагогты инклюзивті оқытуға кәсіби даярлау модулінің бағыттылық, конструктивтік және практикалық дағдыларын қарастырады. Бағыттылық модулі оқу бағдарламасындағы базалық пәндерді меңгере отырып, инклюзивті білім берудің тұжырымдамалық негіздерін меңгеруге мүмкіндік береді. Конструктивтік модуль элективті (таңдау)  пәндерді игеру барысында инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдарын, әдістерін игереді. Ал практикалық модуль инклюзивті оқытудың практикалық тәжірибелерін меңгеруге, тәжірибе жинақтауға жол ашады.

*Үшінші бағыт* педагогты кәсіби даярлаудың ақпараттық, функционалдық және  мотивациялық талаптарын қамтиды. Ақпараттық талаптар - инклюзивті білім беру тарихын, тұжырымдамаларын, теорияларын, қағидаттарын, нормативтік заңнамаларды білу. Функционалдық талаптар - инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық жұмысты ұйымдастыру, кәсіби білімді дамыту тәсілдері, кәсіби қабілеттері мен қызметін жетілдіру, өзара қарым-қатынастың тәсілдерін білу, коммуникациялық дағдыларының болуы. Мотивациялық талаптар - инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы іскерлік, ынта, саналы бағытталуы, педагогтың өз тәжірибесін өзгертуі, кәсіби қызметін жетілдіруі, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысы, толеранттылық, жауапкершілік қасиеттерінің болуы.

*Төртінші бағыт* педагогты кәсіби даярлаудың педагогикалық шарттарын қарастырады. Оған бақылау, бағалау - кәсіби қызметтің қиындықтарын, қиындық себептерін талдау, педагогтың кәсіби және жеке жетістіктерінің нәтижелерін бағалау және әдістемелік шарттары жатады.

*Бесінші бағыт* педагогты кәсіби даярлауда оқытудың проблемалық, интерактивтік және инновациялық әдістерін сипаттайды.

Алтыншы бағыт педагогты кәсіби даярлаудың тиімді (дербестік, инклюзивті білім беру идеологиясын түсіну және қабылдау, тұлғалық бағдар мен бағдарлану), бейімді (инклюзивті білім беруді қолдау, білік, білім дағдыларды меңгеру) және нәтижелі (инклюзивті білім беруді ұйымдастыру, инклюзивті білім беру процесінде кәсіби міндеттерді шешу тәсілдерін білу) деңгейлерін қарастырады.

Педагогтың кәсіби даярлығының объективті сипаттамалары инклюзивті оқыту мақсаттары, оның құрылымы, педагог шешетін мәселелер шеңбері және

қажетті нәтижеге жету үшін оның кәсіби функцияларын орындау қабілетінде көрінеді.

В.Г. Пищулин болашақ маманның моделін жасауда 2 құрамын атап көрсетеді, олар: кәсіби білімі және тұлғалық сапалары [184].

Болашақ педагогтарға келесідей талаптар қойылады:

- өзінің мамандығын жақсы көру және оған жауапкершілікпен қарау;
-білімді және өзінің педагогикалық шеберлігін үнемі арттыру;
-өзінің білімгерлерінің психологиясын терең білу;
- өзінің міндеттерін адал және шын көңілмен атқару;
- білімгерлердің талаптары мен қызығушылықтарын білу;
- өзінің тәжірибесін өзгелердің игілігіне жұмсау;
- барлық уақытта өзгеге үлгі бола білу.

Бірқатар ғалымдардың зерттеу жұмыстары педагогтың инклюзивті оқытуға дайындығын талдауға бағытталып, инклюзивті оқытуға даярлық педагогтардың кәсіби және психологиялық дайындығы, инклюзивті дайындық, инклюзивті құзыреттілік мәселелерін қамтиды.

Педагогтың инклюзивті оқытуға дайындығын функционалды көзқарас тұрғысынан қарастыру, кәсіби міндеттерді сәтті орындауды қамтамасыз ететін ерекше психикалық жағдай (А.Г.Ковалев, Н.Д. Левитов, К.К.Платонов, Г.Г.Голубева) ретінде зерделеу идеялары да қарастырылды.

М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович еңбектерінде педагогтың инклюзивті оқытуға дайын болуы тұлғалық көзқарас тұрғысынан жеке тұлғаның кәсіби маңызды сапасы ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар функционалдық және тұлғалық көзқарастарды біріктіре отырып, кәсіби жағдайға және міндеттерге деген көзқарасты анықтайтын тұлғаның сапасы, екінші жағынан іс-әрекетті тудыратын тұлғаның белсенді жағдайы ретінде сараланды.

Жалпы теориялық тұрғыдан алғанда, педагогтың инклюзивті оқытуға дайын болуы күрделі динамикалық құрылымға ие, ол бірқатар компоненттерді қамтиды:

- *мотивациялық* (міндеттерді орындау үшін жауапкершілік);
- *бағдарлау* (қызметтің ерекшеліктері, шарттары мен талаптары туралы білім мен идеялар);
- *операциялық* (қызметтің әдістері мен әдістерін, қажетті білім мен дағдыларды игеру);
- *ерікті* (өзін-өзі бақылау, міндеттерді орындау қалыптасатын әрекеттерді басқару мүмкіндігі);
- *бағала*у (өзінің дайындығын бағалау және кәсіби мәселелерді шешу процесінің оңтайлы үлгілерге сәйкестігі.

Қазіргі жағдайда педагогтардың инклюзивті оқытуға кәсіби дайындығын түсіну тұлғалық-әрекеттік (И.А.Зимняя, Э.Ф. Зеер, А.К.Маркова, Л.М.Митина, Э.Э. Семенюк және т.б.) және контекстік тәсілдерді (А.А. Вербицкий, М.Д.Ильязова) біріктіретін құзыреттілік тәсіл арнасында жүргізіледі.

Инклюзивті білім беру практикасын енгізу қалыпты дамып келе жатқан мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды оқытуға педагогтардың кәсіби дайындығы

мәселесін шешумен байланысты. О.С. Кузьмина атап өткендей, инклюзивті оқытуда «педагог білім беру стандарттарының, бағдарламалар мен дәстүрлі оқыту әдістемелерінің ерекшеліктерін білумен шектелмейді». Бұл педагогтардың қызметіне қойылатын талаптардың артуына, олардың функционалдық міндеттерінің кеңеюіне, жеке басының кәсіби маңызды қасиеттерінің өзгеруіне әкеледі [185, б.79].

Қазақстанда инклюзивті білім беру жағдайында педагогқа қойылатын кәсіби талаптар педагогтың жаңа кәсіби стандарттарында нормативті түрде бекітілген, оған сәйкес педагогтың кәсіби қызметі инклюзивті білім беруді жүзеге асыру жағдайында жұмыс істеуге байланысты жаңа құзыреттіліктермен толықтырылған. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі оның нақты оқу мүмкіндіктері мен психикалық және физикалық денсаулығының ерекшеліктеріне қарамастан әр түрлі тұлғаларды қабылдауға, психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум шеңберінде басқа мамандармен өзара іс-қимыл жасауға дайындығымен сипатталады.

Педагогтың инклюзивті оқытуға даярлығы *тар мағынада* кез келген іс-әрекетті тиімді орындау мақсатында өзінің барлық психофизиологиялық жүйелерін жұмылдыруы, *кеңірек мағынада* кәсіби тұрғыдан анықталған талаптардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Педагогтың кәсіби қызметке дайын болуының басты ерекшелігі оның интегративті сипатында, кәсіби тұлғаның негізгі компоненттерінің үйлесімділігінде, тұрақтылығы мен сабақтастығында, яғни психологиялық бірлігінде.

Е.Г. Самарцева бойынша инклюзивті білім беру педагогының кәсіби даярлығы құрылымына келесі түйінді, мазмұнды компоненттер кіреді: -тұлғалық-мәндік (инклюзивті білім берудің идеологиясын қабылдауға педагогтың рефлекстелген ұстанымы, педагог санасының, ерік, сезімдерінің инклюзивті білім беруге уәждемесі); -когнитивті (инклюзивті білім беруге қажетті кәсіби-педагогикалық білімдер кешені); -технологиялық (инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың кәсіби-тәжірибелік іскерліктер кешені) [186, б.13].

О.С. Кузьмина ұсынған педагогты инклюзивті білім беруге даярлаудың авторлық моделі мазмұндық және ұйымдастырушылық компоненттерден тұрады [185, б. 95].

Дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды инклюзивті оқытуға даярлауда педагогтың психологиялық ерекшеліктері басты маңызға ие, себебі педагогтің психологиялық бейнесінің қалыптасуы оқу процесінің жемістілігіне ықпал етеді.

Дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды инклюзивті оқытуға даярлау деңгейін инклюзивті этика, инклюзивті теория, инклюзивті практика құрайды.

Жоғарыда көрсетілгендей, әр ғалым «педагогтың инклюзивті оқытуға даярлығы» ұғымына әр түрлі анықтамалар береді. Сондықтан берілген анықтамаларды жинақтап сызба түрінде көрсетуді жөн көрдік (кесте 8).

Кесте 8 - «Педагогтың инклюзивті оқытуға даярлығы» ұғымына берілген анықтамалардың сипаттамасы

| Педагогтың инклюзивті оқытуға даярлығы | Компоненттері | Авторы |
|---|---|---|
| Педагогтың инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби міндеттерді шешу қабілеті | мотивациялық құндылық, операциялық әрекеттік, рефлексивтік бағалау | О.С.Кузьмина |
| Педагогтың инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметін орындау қажеттілігі | тұлғалық-мағыналық, когнитивтік технологиялық | Е.Г.Самарцева |
| Педагогтың инклюзивті білім берудің әдістері мен тәсілдері, сондай-ақ осы қызметке ынталандыруды қамтамасыз ететін белгілі бір жеке қасиеттері | мотивациялық, когнитивті креативті белсенді | Ю.В.Шумиловская |
| Педагогтың иклюзивті білім беру кеңістігі жағдайында тиімді кәсіби-педагогикалық қызметке ниеті мен қабілеті | когнитивтік эмоционалдық мотивациялық, рефлексивтік коммуникативтік | В.В.Хитрюк |

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға педагогтарды даярлайтын кәсіптік білім беру міндеттерін жүзеге асыруда білім беру мазмұнын жаңғырту мәселесі, кадрмен қамтамасыз ету проблемасы және оқу-материалдық базаның болуы мәселелері негізгі үш құрамды біріктіреді (сурет 15).




Сурет 15- Дуальды білім беру жүйесінде педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлайтын кәсіптік білім берудің құрамы

. Дуальды білім беру жүйесін бірнеше маңызды компонент құрайды. Ең маңызды компонент - жұмыс берушінің сұранысына сай жасалған білім беру бағдарламалары бойынша болашақ мамандарды даярлайтын оқу орнының болуы. Екінші компонент – жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, ұтқыр маман болуды мақсат еткен білімгердің болуы. Үшінші компонент - «жұмыс орнының», яғни білімгерлерге мамандық бойынша жұмыс орындарын ұсынатын кәсіпорынның болуы. Төртінші компонент - болашақ маманның кәсіби қызметін сапалы меңгеруге үйрететін педагогтың, тәлімгер мен оқу шеберінің болуы. Бесінші компонент – дуальды білім беруді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың болуы. Алтыншы компонент дуальды оқытуды өндіріспен, бизнес өкілдерімен байланыстыратын өңірлік кәсіпкерлер палатасының болуы. Жетінші компонент дуальды білім беру жүйесін мемлекеттік тұрғыда қолдайтын ведомстволық министрліктің болуы.

Енді дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогты даярлаудың моделін жасамас бұрын өзге ғалымдардың ұсынған модельдеріне тоқталайық.

В.В. Хитрюк жоғары білім беру жағдайында болашақ педагогтың инклюзивті оқытуға даярлығының *дидактикалық моделін* жасады. Дидактикалық модель мотивациялық, мазмұндық, процессуалдық-технологиялық және бақылау-нәтижелілік блоктарынан тұрады. В.В. Хитрюк педагогтың кәсіби-педагогикалық даярлығының құраушысы ретінде инклюзивті даярлыққа әлеуметтік ұстанымдағы (бағалау-адаптивті, гностикалық, интегративті, болжамдық, құндылық-бағдарлық, эго-қорғаныстық) қызметтер, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби-педагогикалық әрекет мазмұнымен, бағыттылығымен анықталатын спецификалық қызметтер (перцептивті-диагностикалық, интенционалды, қозғаушы -эмотивті) тән екендігін айтады [187, б.35].

Ю.В. Шумиловская инклюзивті оқыту жағдайында болашақ *педагогтарды жұмыс жасауға даярлаудың моделін* жасады. Ю.В.Шумиловскаяның моделі мақсатты, мазмұндық, процессуалдық және бағалау-нәтижелілік компоненттерден тұрады [32, б.45].

Мұнда мақсатты компонент инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагогты білімгерлермен жұмыс істеуге дайындау процесінің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдайды. Мазмұндық компонент арнайы пәндердің теориялық негіздерін және жалпы кәсіптік ғылымдарды қамтиды. Процессуалдық компонент сапалы оқытуға бағытталған оқыту процесінің әдістерін, құралдары мен формаларын қолдануды талап етеді. Бағалау-нәтижелілік компонент оқу процесі ерекшеліктері мен білімгерлер контингентін ескере отырып, болашақ педагогтың алдағы жұмысқа дайындық көрсеткіштері мен деңгейлерін сипаттайды [188].

Е.Г.Самарцева болашақ педагогтардың мектеп жасына дейінгі балаларды инклюзивті оқытуға *кәсіби даярлығын қалыптастыру моделін* ұсынды. Модельді құрастыру кезінде ғалым педагогтардың инклюзивті оқытуға кәсіби даярлығы құрылымына интенционалдық (мақсаттылық), мазмұндық-процессуалдық (технологиялық), нәтижелілік (бағалау) компоненттерін

ұсынды. Интенционалдық (мақсаттылық) компонент болашақ педагогты даярлаудың мақсатын, нақты міндеттерін анықтайды, мұғалімдердің инклюзивті оқытуға дайындығының негізгі мазмұнын, дайындық нәтижесіне қойылатын талаптарды анықтайды. Мазмұндық-процессуалдық (технологиялық) компонент болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлаудың нақты мазмұнын, кәсіби міндеттер мен функциялардың жиынтығын, материалдардың мазмұнын, оларды игеру әдістемесін, оқыту нәтижелерін көрсетеді. Нәтижелілік (бағалау) компоненті квазипрактикалық және оқу-практикалық қызмет барысында инклюзивті білім беру технологияларын практикада игеруге бағытталған [186, б.15].

Дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды инклюзивті оқытуға даярлау моделін құруда инклюзияның даму тенденцияларына, инклюзивті білім беруді ұйымдастыру формалары мен тәсілдеріне, болашақ мамандарды даярлаудағы кәсіби құзыреттіліктерге сүйендік.

С.И.Архангельскийге жүгінетін болсақ, өз еңбектерінде модельдің көрнекілігі, анықтығы, нақтылығы маңызды [189].

В.Г. Пищулин болашақ маманның моделін жасауда 2 құрамын атап көрсетеді, олар: кәсіби білімі және тұлғалық сапалары [190].

Біз ұсынған модель 5 блоктан тұрады:

-*мақсатты;*

-*әдіснамалық;*

-*мазмұндық;*

-*үдерістік;*

-*рефлексивтік.*

Құрылған модель тұтас, үздіксіз динамикалық жүйе болып табылады және дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды мақсатты түрде анықтауға мүмкіндік береді.

Дуальды білім беру жүйесінде болашақ мамандарды инклюзивті оқытудың құрылымдық моделін жобалауда модельдің барлық компоненттерінің өзара ғылыми байланысты болуын басшылыққа алдық

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау моделі әдістемелік тәсілдер мен тұжырымдамалық идеялар негізінде әзірленді.

**Мақсатты бөлікте** дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделінің мақсаты айқындалды. Мақсаты дуальды білім беру жүйесінде болашақ мамандарды инклюзивті оқытатын инклюзивті білім берудің отандық және халықаралық нормативтік-құқтық актілері мен заңнамаларын меңгерген педагогтарды даярлау болып табылады. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту кәсіпорын мен оқу орнының бәсекеге қабілетті мамандарды бірлесе даярлайтын инновациялық үдерісі болып табылады.

Біз дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделін келесідей бейнеледік (сурет 16)




Сурет 16 - Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі

**Әдіснамалық блокта** дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделін құру кезінде әдіснамалық негіздерді құраушы келесі әдіснамалық тұғырларды басшылыққа алдық:

-*жүйелілік;*

-*әрекеттілік;*

-*аксиологиялық;*

-*тұлғаға бағдарлылық;*

-*синергетикалық;*

-*құзыреттілік.*

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың:

-*ұйымдастырушылық;*

-*теориялық;*

-*технологиялық;*

-*мониторингтік* педагогикалық шарттары анықталды.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың мазмұнын қамтиды. Дуальды білім беру жүйесінде кәсіби даярлау пәндерін, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту пәндерін қарастырады.

**Үдерістік блок** дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауда қолданылатын оқу формалары, оқыту әдістері және оқыту құралдарын қамтиды. Болашақ маманның кәсіби білім, іскерлік және дағдыларды меңгеруі, өз қызметін атқаруға кәсіби қабілетінің болуы, кәсіби құзыреттілік және кәсіби іскерлік сапаларының болуы шарт. Жоғары оқу орнындағы оқу процесі болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі жоғары жеке тұлға ретінде дамуын және қалыптасуын қамтамасыз етуі тиіс. ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерсінің өндірістік оқыту үдерісімен ортақ мақсаты дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау болып отыр.

**Өлшемдік блок** дуальды білім беру жүйесінде болашақ мамандарды инклюзивті оқытатын педагогтың кәсіби даярлығын бағалауды қамтиды.

*Нәтижесінде* дуальды білім беру жүйесінде болашақ мамандарды инклюзивті оқытуға дайын құзыретті педагог тұлғасы қалыптасады:

-білімгерлердің жеке ерекшеліктерін біледі, жеке дамыту бағдарламасын жасауға және жүзеге асыруға қатысады;

-білімгерлердің әр түрлі әрекет түрлерінің даму деңгейін, коммуникативті белсенділік ерекшеліктерін, мақсатқа бағытталған әрекет деңгейін, өзіне өзі қызмет көрсету, мәдени-гигиеналық дағдыларын анықтайды;

-мамандардың ұсыныстарын орындайды. Яғни, дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуда ізденіске дайын, инклюзивті оқыту әдістерін меңгеру негізінде педагогикалық қызметіне дайындалған кәсіби оқыту педагогы және оның деңгейлері көрсетілді.

Кесте 9 – Болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлық деңгейлерінің сипаттамасы

| Компо нент тері | Крите рий лері | Даярлық деңгейі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Жоғары | Орта | Төмен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Мотива циялық-құнды лықтық | Мотива циялық | Инклюзивті білім берудің маңыздылығы мен құндылығын, инклюзивті білім беру процесін дамытуға бағытталған әдістемелік қызметтің мотивтері мен мүдделерін толық түсінеді;<br>-жоғары мектептің білім беру процесінде туындайтын ООР студенттерімен және олардың ата-аналарымен (отбасыларымен) жұмыс істеу мен қарым-қатынастағы қиындықтарды құзыретті шешуге эмпатия және эмоционалды дайындық жоғары | Инклюзивті білім берудің маңыздылығы мен құндылығын, инклюзивті білім беру процесін дамытуға бағытталған әдістемелік қызметтің мотивтері мен мүдделерін түсінеді, алайда бұл ерекшеліктерді ескеруге уәжделмейді;<br>-жоғары мектептің білім беру процесінде туындайтын қарым-қатынастағы қиындықтарды құзыретті шешуге эмпатия мен эмоционалды дайындық жеткіліксіз | Инклюзивті білім берудің маңыздылығы мен құндылығын, инклюзивті білім беру процесін дамытуға бағытталған әдістемелік қызметтің мотивтері мен мүдделерін түсінбейді;<br>-жоғары мектептің білім беру процесінде туындайтын ООР студенттерімен және олардың ата-аналарымен (отбасыларымен) жұмыс істеу мен қарым-қатынастағы қиындықтарды құзыретті шешуге эмпатия мен эмоционалды |
| Таным дық | Мазмұн дық | Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту туралы білім мазмұнын жетік меңгерген. Инклюзивті оқытудың мәнін, әдістері мен формаларын біледі. Кәсіби іскерлігі бар, жүйелі білімді меңгерген. Жаңа білімдерді қолдануға шығармашылық белсенділігін көрсетеді | Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту туралы білім мазмұнын игерген. Инклюзивті оқытудың мәнін, әдістері мен формаларын, үдерісін түсінеді. Кәсіби іскерліктері бар, жүйелі меңгерген. Жаңа білімдерді қолдану белсенділігі бар | Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту туралы білім мазмұнын жетік игермеген. Инклюзивті оқытудың әдістерін, формаларын, үдерісін үстірт түсінеді. Кәсіби іскерліктері бар, бірақ жүйелі меңгермеген. Жаңа білімдерді қолдану белсенділігі төмен |

9-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| Іс-әрекеттік | Практикалық | Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуда шығармашылық белсенділігін көрсетеді. Писхологиялық тұрғыда даярлағы жоғары. Педагогика, әдістеме, технология, кәсіптік сала бойынша болашақ кәсіптік оқыту педагогы функциясын жүзеге асыру қабілеті жоғары. әдістемелік іскерліктер мен дағдыларды педагогикалық іс-әрекет барсында щығармашылық тұрғыда қолданады | Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға белсенділігі орта. Писхологиялық тұрғыда даяр. Педагогика, әдістеме, технология, кәсіптік сала бойынша болашақ кәсіптік оқыту педагогы функциясын жүзеге асыру қабілеті орта. әдістемелік іскерліктер мен дағдыларды педагогикалық іс-әрекет барсында қолданады | Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға белсенділігі тқмен. Писхологиялық тұрғыда даярлағы жоқ. Педагогика, әдістеме, технология, кәсіптік сала бойынша болашақ кәсіптік оқыту педагогы функциясын жүзеге асыру қабілеті орта. әдістемелік іскерліктер мен дағдыларды педагогикалық іс-әрекет барсында қолданады |

Болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі білімгерлердің ноозологиясын білуін ұамтиды.

Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі білімгерлердің ағза функцияларының бұзылыстары мен тіршілік әрекетінің шектелуіне қарай төмендегідей жіктеледі:

*І дәреже:*

-қосымша құралдарды пайдалана отырып, өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетті;

-ұзақ уақыт жұмсап, ара қашықтықты қысқарта отырып, өз бетінше қозғалуға қабілетті;

-оқу үдерісінің арнайы режимін сақтай отырып, қосымша құралдарды пайдаланған жағдайларда өзге адамдардың көмегімен жалпы типтегі оқу орындарында оқуға қабілетті;

-қосымша құралдарды пайдаланған жағдайда бағдар ұстауға қабілетті;

-жылдамдықты азайтқан, ақпаратты алу және беру көлемін төмендеткен жағдайда қарым-қатынас жасауғ қабілетті.

*ІІ дәреже:*

-қосымша құралдарды пайдалана отырып, өзге адамдардың көмегімен өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетті;

-қосымша құралдарды пайдалана отырып, өзге адамдардың көмегімен қозғалуға қабілетті;

-арнайы оқу орындарында немесе үй жағдайында арнайы бағдарламалар бойынша ғана оқуға қабілетті;

-қосымша құралдарды, арнайы жабдықталған жұмыс орнын пайдалана отырып, өзге адамдардың көмегімен арнайы жасалған жағдайларда жұмыс істеуге қабілетті;

-өзге адамдардың көмегімен бағдар ұстауға қабілетті

-қосымша құралдарды пайдалана отырып, өзге адамдардың көмегімен қарым-қатынас жасауға қабілетті.

*III дәреже:*

-өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетсіздік және өзге адамдарға толық тәуелділік;

-өздігінен жүріп-тұруға қабілетсіздік және өзге адамдарға тоық тәуелділік;

-оқуға қабілетсіздік;

-еңбек етуге қабілетсіздік;

-бағдар алуға қабілетсіздік;

-қарым-қатынас жасауға қабілетсіздік;

-өз мінез-құлқын бақылауға қабілетсіздік.

Осыған байланысты денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың нозологиясының келесі түрлерін ажыратуға болады:

-*есту қабілеті бұзылғандар* (естімейтін немесе саңырау, нашар еститін, кейіннен естімей қалғандар немесе кейіннен саңырау болғандар);

-*көру қабілеті бқзылғандар* (көрмейтіндер немесе зағиптар, нашар көретіндер, кейіннен көрмей қалғандар)

-*тірек-қимыл аппаратының қызметі бұзылғандар*;

-*сөйлеу қабілеті бұзылғандар;*

-*психикалық дамуы тежелгендер;*

-*эмоционалды-ерік қабілеті бұзылғандар;*

-*ақыл-ой қабілеті бұзылғандар.*

Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға медициналық қорытынды негізінде мүгедектік тобы беріледі. Мүгедектік 3 топқа жіктеледі. Мұнды мүгедектік деңгейі денсаулық жағдайына, медициналық көрсеткіштерге байланысты тағайындалады. Енді осы мүгедектер тобына қысқаша сипаттама береміз.

*І топтағы мүгедекке* денсаулығына байланысты тіршілік әрекетінде бір немесе бірнеше айқын шектеуі бар, ағза қызметтерінде айқын білінетін бұзылуы бар адам жатады. Ол өзіне-өзі қызмет ете алмайды, өз бетінше қозғала алмайды, бағыт-бағдар алмайды, өздігіне қарым-қатынас жасай алмайды, өзінің мінез-құлқын бақылай алмайды, өзге адамдарға толығымен тәуелді.

*ІІ топтағы мүгедекке* денсаулығына байланысты тіршілік әрекетінде бір немесе бірнеше орташа шектеуі бар, ағза қызметінде орташа бұзылуы бар адам жатады. Ол өзіне-өзі қызмет көрсете алады, көмекші құралдардың көмегімен жүріп тұра алады, өзігінен еңбек етуге және оқуға қабілетсіз, өзге адамдардың

көмегімен арнайы жағдайларда ғана еңбек етуге және оқуға қабілетті, қарым-қатынасты тек өзге адамдардың көмегімен жасай алады, өзінің мінез-құлқын, уақытты бағдарлауға, кеңстікте бағдар алуға қабілетті.

*III топтағы мүгедекке* денсаулығына байланысты тіршілік әрекетінде айқын білінбейтін шектеуі бар, ағза қызметінде елеусіз бұзылуы бар адам жатады. Ол өзіне-өзі қызмет көрсете алады, көмекші құралдарды пайдаланып немесе өз бетінше жүріп-тұра алады, біліктілік талабы төмен немесе өндірісте көлемі аз жағдайда еңбек етуге қабілетті, оқу процеснің арнайы режимін сақтай отырып, жалпы үлгідегі оқу орындарында оқуға қабілетті, ақпаратты меңгере алады, қарым-қатынас жасауға қабілетті, уақыт пен кеңістікте бағдар ала алады.

Біз зерттеуімізде денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі білімгерлер ретінде ақыл ойы толық, интеллектісі сақталған, өзіне-өзі қызмет жасай алатын, оқуға және еңбек етуге қабілетті тұлғаларды қарастырамыз.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытудың құрылымдық моделі тұтас ашық, динамикалық жүйе болып табылады және болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау үдерісін мақсатты түрде құруға, қойылған мақсаттың түпкі нәтижеге сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді.

**Бірінші бөлім бойынша тұжырымдама**

Зерттеу проблемасын модельдеу мақсатында дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымы мен мазмұны анықталып, әдіснамалық тұғырларға сүйене отырып, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың алты тұғырын ұсындық, олар: *жүйелілік тұғыры, әрекеттік тұғыры, аксиологиялық тұғыр, тұлғаға бағдарлылық тұғыры, синергетикалық тұғыр және құзыреттілік тұғыры.* Инклюзияның әдіснамалық негіздемесінде *ізгіліктік, әлеуметтік бейімделу, синергетикалық, жеке тұлғалық және теорияның практикамен байланысын* анықтайтын қағидалар тұжырымдалды.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытудың әдіснамалық негіздеріне, тұғырларына және қағидаларына сүйене отырып, негізгі ұғымдарына авторлық анықтамалар берілді. Болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың қазіргі жағдайы зерделенді және тақырып шеңберінде ғылыми еңбектерге талдау жасалды. Дуальды және инклюзивті білім берудің зерттелуі төрт бағытқа топтастырылып, жүйеленді. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға дайын педагогтың кәсіби қалыптасуының бес кезеңі бөліп көрсетілді.

Әдістемелік тәсілдер мен тұжырымдық идеялар негізінде болашақ инклюзивті оқыту педагогтарын даярлаудың моделі әзірленді. Модель 5 бөліктен тұрады: *мақсатты, әдіснамалық, мазмұндық, үдерістік және рефлексивтік.* Құрылған модель тұтас, үздіксіз динамикалық жүйе болып табылады және дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды мақсатты түрде анықтауға мүмкіндік береді. Дуальды білім беру жүйесінде болашақ мамандарды инклюзивті оқытудың құрылымдық

моделін жобалауда модельдің барлық компоненттерінің өзара ғылыми байланысты болуын басшылыққа алдық.

*Мақсатты блок* дуальды білім беру жүйесінде болашақ мамандарды инклюзивті оқытатын отандық және халықаралық нормативтік-құқтық актілер мен заңнамаларды меңгерген педагогтарды даярлауды көздейді. *Әдіснамалық блок* дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделін құру кезінде әдіснамалық негіздерді құраушы келесі әдіснамалық тұғырларды басшылыққа алдық: жүйелілік, әрекеттілік, аксиологиялық, тұлғаға бағдарлылық, синергетикалық, құзыреттілік тұғырларын және ізгіліктік, әлеуметтік бейімделу, синергетикалық, жеке тұлғалық, теорияның практикамен байланысы қағидаларын қарастырады. *Мазмұндық блокта* дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың мотивациялық-құндылықтық, танымдық, іс-әрекеттік компоненттерін басшылыққа алдық және мотивациялық мазмұндық, практикалық, бағалау критерийлерінен тұрады. Сонымен қатар дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың жоғары, орта және төмен деңгейлерін айқындадық. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ұйымдастырушылық, теориялық, технологиялық және мониторингтік педагогикалық шарттары айқындалды. *Үдерістік блокта* дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың формалары, әдістері және құралдары көрсетілді. Рефлексивтік блокта дуальды білім беру жүйесінде болашақ мамандарды инклюзивті оқытатын педагогтың кәсіби даярлығын бағалауды қамтиды. *Нәтижесінде* дуальды білім беру жүйесінде болашақ мамандарды инклюзивті оқытуға дайын құзыретті педагог тұлғасы қалыптасады деген тұжырым жасалды.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау нәтижесі білімгерлердің ғылыми-зерттеу іскерлігінің жоғары деңгейде дамуымен, ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне деген қажеттіліктің дамуымен, кәсіптік білім берудің сапасын арттырумен көрінетін ғылыми-зерттеу қызметіне дайындығының жоғары деңгейі ретінде анықталады деп тұжырымдаймыз.

# 2 ДУАЛЬДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУҒА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР

## 2.1 Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттары

Бұл тарауда дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттарын қарастыратын боламыз, сондықтан алдымен «шарт» және «педагогикалық шарт» ұғымдарын қарастырайық.

«Шарт» ұғымына түсіндірме сөздікте «бір нәрсеге байланысты жағдай; өзіне деген талап; уағдаласушы тараптардың бірі қоятын талабы; ауызша немесе жазбаша келісім; өмірдің, қызметтің қандай да бір саласында белгіленген ережелер; жағдай» деген анықтамалар берілген.

Шарт лексикалық астарларында қандай да бір нәрсе болып жатқан орта ретінде түсініледі [191].

Философиялық тұрғыда шарт объектінің пайда болуына, өмір сүруіне немесе өзгеруіне қажетті заттардың, процестердің, қатынастардың және т.б. жиынтығы [192].

Б.Б.Биктагировтың пікірінше, қандай да бір құбылыс өзінің қасиеті мен сапасының күшіне қарай, өзіне тәуелді құбылысқа ғана шарт бола алады [193].

Ал ғылыми әдебиеттерде «педагогикалық шарт» дегеніміз «ішкі талаптардың қажетті жиынтығы» деп түсіндіріледі [194].

Педагогикалық шарт мағынасы педагогикалық мәселенің, педагогикалық құбылыстың өмір сүруі үшін қажетті шарттарды білдіреді.

А.Ф. Амиров педагогикалық шарттардың өзара байланысты үш блогын ұсынады: оқытудың әдіснамасы, мақсаты, міндеттері және принциптері, оқу-танымдық іс-әрекеттердің мазмұны, формалары және әдістері, ішкі және сыртқы ой-түрткілер [195].

С. Әлімбекова педагогикалық шарттар педагогикалық жүйені құраушылардың мазмұндық сипаттамаларын құрастыру және нәтижеге жету деп түсінеді [196].

А.Алимбаева «педагогикалық шарттар қойылған міндетке жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мазмұны және ұйымдастыру түрлерінің объективті мүмкіндіктері мен оларды жүзеге асырудың материалдық мүмкіндіктерінің жиынтығы» деп санайды [197].

Ж.О.Нұржанбаева педагогикалық шарттарды білім беру және материалдық-кеңістік ортасының мүмкіндіктерін бейнелейтін және оның қызмет етуі мен дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық жүйенің бір компоненті ретінде қарастырады [198].

Педагогикалық зерттеулерде шығармашылық кәсіби іс-әрекетке даярлауда мынадай шарттар ескеріледі:

- барлық пәндер бойынша білім көлемін дәл анықтау;
- білімгерлердің белгілі білім көлемін игеруге сенімін қалыптастыру нәтижесінде кәсіби іс-әрекетке шығармашылықпен кірісу;

-болашақ мамандарды дайындауда дифференциалды амалды жүзеге асыру;

- білімгерлердің өз бетінше білім алуын қалыптастыру, интеллектуалды еңбек мәдениетіне тәрбиелеу;

-шығармашылыққа дайындау, өзінің кәсіби мамандығымен тығыз байланысты болуы.

- білімгерлердің тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін таңдау бағытындағы бағдарламаның болуы [199].

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындау үшін келесі қағидаларға сүйендік:

- денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі әрбір тұлға қоғамның толыққанды мүшесі, сондықтан оған барлық игіліктер қолжетімді болуы тиіс;

- денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі әрбір тұлға сапалы білім алуға және белгілі бір мамандықты игеруге қабілетті;

- денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі әрбір тұлға өзі таңдаған мамандықты игеруге құқылы;

- білім беру ұйымы денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі әрбір тұлғаға толықтай қолдау көрсетуге міндетті.

- денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім беруде теория мен практиканың байланысы.

Сонымен дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесін зерттей келе, келесі **педагогикалық шарттарды** түздік:

***Бірінші шарт ұйымдастырушылық*** - дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі негізінде ұйымдастыру және енгізу;

***Екінші шарт: теориялық*** - дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың мазмұнын құрастыру, оқыту мазмұнын болашақ педагогтардың кәсіби іскерліктерін, дағдыларын және құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыттау, бәсекеге қабілетті маман даярлау; кәсіби білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерін құрастыру.

***Үшінші шарт: технологиялық*** - дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістері мен формаларын айқындау, оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану.

***Төртінші шарт: мониторингтік*** - болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлығы деңгейіне кезеңдік мониторингін жүргізу; өзін-өзі жетілдіру деңгейі, денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқытуды жүзеге асыруға оң көзқарас қалыптастыру, педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу.

Ұсынылған шарттарды сызбамен келесідей бейнеледік (сурет 17).




Сурет 17 – Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттары

*Ұйымдастырушылық шарт бойынша* дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ұйымдастырушылық шарты - модель негізінде білім беру процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру. В.И. Андреев пен Н.М. Борытко білім беру міндеттерін тиімді шешуге бағытталған белгілі бір мүмкіндіктер кешені ретінде ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды бөліп, оларды жіктеудегі басты орынды анықтайды, оларды процесс жағдайларының негізі ретінде қарастырады.

Сонымен қатар дуальды білім беру жағдайында болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлауда келесі ұйымдастыру шарты қамтамасыз етілген жағдайда инклюзивті оқыту жүзеге асырылады:

- материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі;
- ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары;
- кадрмен қамтамасыз етілуі;
- психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етілуі.

Дуальды білім беру жүйесінде болашақ мамандар кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, өндіріс пен теорияның өзара байланысы мен әсерін, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің - білім, ғылым, өндірістің-өзара байланысы мен әсерін, енгізілу тәжірибесін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттырады [200].

*Екінші шарт бойынша* дуальді білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мазмұнын анықтау үшін, мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту мақсатында жоғарғы оқу орындарында оқу үдерісіне эллективті курстар енгізу болып отыр. Осы мақсатта эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде **«Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау»** атты *элективті курс* бағдарламасы жасалды. Эллективті курс 7М01450-«Кәсіптік оқыту» мамандығының 2 жылдық ғылыми-педагогикалық бағытына ендірілді.

Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың білім беру бағдарламасын меңгеруде оларға ерекше жағдайлар, яғни кедергісіз білім

беру ортасын құру қажет. Кедергісіз білім беру ортасын құрудың негізін келесі ұстанымдар құрайды:

- кеңістіктік-пәндік компонент;
- мазмұнды-әдістемелік компонент;
- коммуникативті-ұйымдастырушылық компонент.

Біз зерттеу жұмысымызды орындау барысында денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқытуда объективті және субъективті шарттардың маңыздылығына көз жеткіздік. Субьективті шарттарға денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаның белсенділігі, оның жеке өзіне тән тұлғалық ерекшеліктері және тәрбиелілік деңгейі жатады. Объективті шарттарға денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың өзі таңдаған нақты мамандықты, кәсіпті игеруге ниетін қалыптастыру, кәсіби даярлау, дуальды формат жүйесінде жұмыс беруші кәсіпорын, стейкхолдер, бизнес мекемелер, тәлімгер, еңбек ұжымы кіреді.

Отандық ғалымдар С.А. Жолдасбекова мен Ж.О. Нуржанбаева өз еңбектерінде кәсіпорындар үшін болашақ мамандарды дуальды оқыту бойынша өндірістік-экономикалық артықшылықтарды былайша айқындайды: кәсіпорындар өз талаптарына сәйкес келетін арнайы өндірістік құзіреттіліктері бар білікті жұмысшылармен қамтамасыз етіледі; басқа жақтан білікті мамандарды тарту шығыны болмайды; қосымша жас мамандарға еңбек дағдыларын меңгеру мен бейімдеуге оқытуға кететін шығындар болмайды; кадрлар ағымының алдын алу мақсатында қызметкерлердің жиі ауысуынан болатын шығындар азаяды; талапқа сай емес жұмыс орындарының тәуекелі қысқартылады; «үздіктерді» таңдауға және алға жылжытуға мүмкіндік береді; басқа жақтан тартылған жұмысшылар жалақысына кететін шығындар азаяды; қызметкерлерді оңтайлы пайдалану үшін мамандардың қажеттілігі ұзақ мерзімге қамтамасыз етіледі; еңбек нарығына тәуелсіз болады [201].

Білім берудің дуальды жүйесінде инклюзивті топ білімгерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру ерекше орын алады. Оқытудың дуальды жүйесін пайдалану тәжірибесі дәстүрлі жүйемен салыстырғанда осы жүйенің келесі артықшылықтарын көрсетті: мамандарды даярлаудың дуальды жүйе дәстүрлі оқыту формалары мен әдістеріндегі кемшіліктерді - теория мен практика арасындағы алшақтықтарды жояды; мамандарды дайындаудың дуальды білім беру жүйесінің механизміне маман тұлғасына әсер ету, болашақ қызметкердің жаңа психологиясын қалыптастыру енгізілген; дуальды оқыту барысында инклюзивті топ білімгерлерінің білімі мен дағдыларын қалыптастырудың жоғары мотивациясы қаланады, себебі олардың білімінің сапасы жұмыс орындарында атқаратын қызметіне тікелей қатысты; мекеме басшыларының өз қызметкерін практикалық оқытуға қызығушылығы артады; болашақ мамандарды даярлауда жұмыс берушімен өзара тығыз байланыста жұмыс жүргізе отырып, олардың талаптары ескеріледі.

Қазіргі таңда болашақ мамандарды инклюзивті оқытуға кәсіби құзіреттілігінің негізгі мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік

стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті, білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау болып табылады.

2019 жылы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 7М01450 – «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы жасалып, оқу үдерісіне ендірілді. Білім беру саласының коды 7М01 – Педагогикалық ғылым, даярлау бағыттарының коды 7М014- Жалпы даму бағытындағы мамандандырылған пән мұғалімдерін даярлау, білім беру бағдарламаларының тобы – М008 - Кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау. Білім беру бағдарламасы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық жоғары мектебінің инновациялық технологиялар бойынша оқыту және әдістемелік қамтамасыз ету комитетінде қаралып, бекітілді. Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды. Осы бағдарламаға ***Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» элективті курсы*** ендірілді. Элективті курстың еңбек сыйымдылығы – 6 кредитті, 180 сағатты құрайды.

7М01450 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде магистранттарды даярлау жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-ші деңгейімен, Dublin дескрипторларымен Еуропалық жоғары білім беру аймағының біліктілік шеңберінің (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area) 2-ші циклімен, сондай-ақ Еуропалық Біліктілік Шеңберінің (The European Qualification Framework for Lifelong Learning) 7-ші деңгейімен үйлестірілді.

7М01450 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасының бірегейлігі мынада: тез өзгеретін әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделе алатын білім беру мекемелері үшін практикаға бағдарланған, жоғары білікті және құзыретті кәсіптік оқыту педагогтарын даярлауға бағытталған. Бағдарламаның оқу нәтижелеріне келесі білім беру іс-шаралар арқылы қол жеткізіледі.

Дәріс сабақтары: дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтар, интерактивті және инновациялық оқыту технологиялары, ғылыми, технологиялық және ақпараттық жүйелердің соңғы жетістіктерін пайдалану негізінде жүргізіледі;

Өзіндік жұмыстар: магистранттардың өзіндік жұмысы, оның ішінде оқытушының басшылығымен жеке кеңес беру;

- кәсіптік практикадан өту, диссертация жазу;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

7М01450 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері:

ОН1 Кәсіптік-техникалық білім беру саласындағы мамандарды ғылыми-педагогикалық даярлау бойынша әдістемелік және тұжырымдамалық зерттеулерді дербес талдау;

ОН2 Мамандарды кәсіби дайындау бағытын ескере отырып, жоғары білім берудегі оқу үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негіздерін жүйелеу дағдыларын игеру;

ОН3 Жаңа педагогикалық мәселелерді шешуде шығармашылық және креативті ойлау қабілетін бағалау және кәсіпби білім беру және білім беруді басқару жүйесі саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру;

ОН4 Кәсіптік-педагогикалық білім берудің мамзұны мен технологиясын терең талдау, ТжКБ қосарлы білім беруді ұйымдастыру, басқару және тетіктерін әзірлеу;

ОН5 Кәсіптік даярлаудың өзекті мәселелерін шешу бойынша нұсқаулықтарды әзірлеу, бәсекеге қабілетті қызметкерлер үшін кәсіптік оқытудың жаңа сұлбалары мен құрылымын әзірлеу;

ОН6 Болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін дамыту жолдарын, жұмыс берушілердің және білімгерлердің және олардың ата-аналарының мамандар даярлау мазмұнына талабын ескере отырып, зерттеу;

ОН7 Ғылыми-педагогикалық қызметті ойдағыдай жүзеге асыру үшін жоғары оқу орындарында алған білімі туралы білімдерін жүйелеуге қабілетті мамандарды даярлау;

ОН8 Өңірдің өндірісі мен ұлттық сипаттамаларын есепке ала отырып, ТжКБ үшін оқыту және тәрбиелік жұмыс жоспарларын әзірлеу тәжірибесін меңгеру.

ОН9 Ораторлық, дұрыс және логикалық ойлау дағдыларын ауызша және жазбаша түрде меңгеру.

ОН10 Оқу және тәрбиелеудің объективті заңдарын оқу үшін психологиялық, педагогикалық және математикалық зерттеу әдістерінің нәтижелерін жүйелеу, мақалалар, есептер, аналитикалық жазбалар және т.б. түрінде эксперименттік зерттеулер мен аналитикалық жұмыстардың нәтижелерін қорытындылау.

7М01450 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы болашақ мамандардың келесі құзыреттер мен кәсіби біліктерді қалыптастырудағы шешуші құзыреттері:

-кәсіби қызметті болжау, жобалау, пәндік-әдістемелік, ұйымдастырушылық, педагогикалық импровизация;

-білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдану қабілеті мен дайындығы, кәсіби тапсырмаларды шешу жолдарын анықтау;

-қоғамдық пікірге, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыптарға, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарға ие болу және өз кәсіби қызметінде оларға назар аудару, Қазақстан халықтарының мәдениетін білу және олардың дәстүрлерін сақтау; Қазақстанның құқықтық жүйесі мен заңнамасын, оның ішінде білім беру саласындағы негіздерін қадағалап, қоғамның әлеуметтік даму тенденцияларын біліп, әртүрлі әлеуметтік жағдайларды барабар түрде барлай білу; іскери этикаға, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларына, кәсіби және жеке өсуге ұмтылуына, топта жұмыс істеуге, өз көзқарасын дұрыс қорғауға, жаңа шешімдерді ұсынуға қабілетті болуы басқа адамдарға төзімділік таныту;

-сыни ойлау, түсіндіру, шығармашылық талдаулар, қорытынды жасау, бағалау; кәсіби мақсатқа жету үшін жобаларды басқару; қызметкерлерді басқару; кәсіпкерлік дағдыларын, оқу үдерісіне жұмыс берушілер мен шағын және орта бизнестің, кәсіби қауымдастықтардың, ғылыми ұйымдардың, шетелдік серіктестердің өкілдерін тартуға қабілеттілігін көрсету;

-әдістемелік, теориялық, қолданбалы білімге ие болу қабілеті; сыни ойлау, кәсіби дағдылар және педагогикалық қызметтің шығармашылық қабілеттері.

7М01450 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы болашақ мамандардың келесі құзыреттер мен кәсіби біліктерді қалыптастырудағы кәсіби біліктіліктері:

-үздіксіз кәсіби білімнің ғылыми-әдістемелік негіздерін қолдану мүмкіндігі; жоғары білім берудегі оқу үдерісін ұйымдастыру, оқу процесінде кәсіптік білім берудің нормативтік-құқықтық актілерін қолдану мүмкіндігі;

-жоғары білім берудегі кәсіптік білім беру әдіснамасын білу; кәсіптік-педагогикалық білім беру мен оқытудың мазмұны мен технологиясын иелену; білімгерлердің тәрбие жұмысы мен жобалау және технологиялық қызметін ұйымдастыру және басқару мүмкіндігі;

-12 жылдық білім беру жүйесінде кәсіби және әдістемелік қызметті жүзеге асыру, қосарлы оқудың теориясын практикада қолдану мүмкіндігі, мүгедектерді кәсіби даярлауды жүзеге асыру мүмкіндігі;

«Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» элективті курсы 7М01450 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасына ендірілді. «Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» курсы 2 жылдық ғылыми-педагогикалық бағыттағы 7М01450 - «Кәсіптік оқыту» мамандығының 1 курс магистранттарының 2 семестрінде оқытылды. Бөлінген кредит саны – 6, сағат саны – 180, оның ішінде дәрістер – 30 сағатты, лабораториялық сабақтар – 15 сағатты, практикалық (семинар) сабақтары – 30 сағатты, ағымдық БАӨЖ – 30 сағатты, аралық БАӨЖ – 15 сағатты, ОБАӨЖ -60 сағатты құрады. Межелік бақылау 7 және 15 апта аралығына жоспарланды. Қорытынды бағалау түрі – емтихан.

«Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» пәнінің оқу-әдістемелік кешені, жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) жасалды. Жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) «Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» оқу бағдарламасы негізінде «Кәсіптік оқыту» кафедрасының мәжілісінде бекітілді (2019 жылғы 12 желтоқсандағы №5 хаттама). Жұмыс оқу бағдарламасының (Syllabus) мақсаты – инклюзивті білім берудегі кәсіби қызметке мүмкіндік беретін мүмкіндіктері шектеулі тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту.

«Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» және «Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» элективті курстары кәсіптік оқыту бағытындағы модульге енеді.

Кесте 10 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасында «Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» және «Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» арнайы курстарының мазмұнының берілуі

| Модуль атауы | Цикл | ЖООК /ТК | Компонент атауы | Пәнні қысқаша сипаттамасы | Кредиттер саны | Оқкнәтижесі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Кәсіптік оқыту бағытындағы модуль | КП | КВ | Дуальды оқытудың теориясы | Дуальды оқытудың ғылыми-педагогикалық және теориялық негіздері. Дуальды оқытудың даму тарихы. Дуальды оқытуды енгізудегі халықаралық тәжірибе. Дуальды оқытудың дидактикалық-әдістемелік аспектілері. Дуальды оқытудың негізгі ережелері мен нормативтік құжаттары. Оқу үрдісінде дуальды оқытуды енгізудің негізгі талаптары. Дуальды оқытуды жетілдірудің әдіснамалық негізі. Оқытушыға арналған әдістемелік талаптар және педагогтың дуальды оқытуға даярлығы | 6 | ОН3 ОН4 ОН5 ОН6 ОН9 |
| Кәсіптік оқыту бағытындағы модуль | КП | КВ | Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау | Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлаудың теориялық және әдіснамалық негіздері. Заманауи білім беру кеңістігінде инклюзивті ұстанымды жүзеге асыру. Оқу үдерісі субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі мен технологиясы. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби оңалтудың ерекшеліктері. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтендірудің қазіргі мәселелері мен проблемалары. Арнайы және бейімдік білім беру бағдарламасы. | 6 | ОН3 ОН5 ОН6 |

Пәнді оқыту міндеттері:

-білімгерлерді бейімдеу үшін олардың мүдделерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, оқыту үдерісін жекелендіру мен технологизациялау, маңыздылығын түсіну;

-инновациялық білім беру технологияларын бейіндеудің құралдары мен әдістерін, формаларын, мазмұнының вариативтілігін түсініп қолдану;

-кәсіби педагогикалық міндеттерді шешу және талдау үшін жаңа ғылыми әдістерді қолдану;

-зерттеу және эксперимент нәтижелерін дұрыс жинақтап, түсіндіруі, нәтижені салыстыруда ақпараттарды дұрыс өңдеуі, қателерді айқындауы;

-қорлардың қажеттігін бағалауға және оларды кәсіптік қызметтерде пайдаланудың міндеттерін шешуге бейімделуі.

**«Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау»** элективті курсының мазмұны:

**Модуль 1. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім берудің теориялық-әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздері**

*Тақырып 1.* Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау курсының пәні, мақсаты мен міндеттері.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау курсының пәні, мақсаты мен міндеттері. Педагогика ғылымында инклюзивті білім берудің зерттелуі. Инклюзивті білім беру педагогикасының жалпы негіздері. Инклюзивті білім беруді дамытудағы интеграциялық үрдістер. Қазақстанда инклюзивті білім берудің дамуы және қалыптасуы.

*Тақырып 2.* Инклюзивті білім берудің философиялық және әдіснамалық аспектілері, негіздері.

Инклюзивті білім берудің философиялық және әдіснамалық негіздері. Инклюзивті білім беруді дамытудың алғы шарттары мен үрдістері. «Инклюзивті білім беру» ұғымының мәні. Инклюзивті білім берудің гуманистік мазмұны.

*Тақырып 3.* Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім берудің әлемдік нормативтік-құқықтық базасы.

Инклюзивті білім берудің концептуалдық негіздері. Инклюзивті білім берудің халықаралық құқықтық базасы. Дүниежүзілік конвенциялар, декларациялар, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтарын қорғау туралы ережелер. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім берудегі халықаралық заңнамалар. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім беру тұжырымдамалары. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім берудегі халықаралық нормативтік актілер.

*Тақырып 4.* Қазақстан Республикасының мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім беру саласындағы заңнамалары.

Инклюзивті білім берудің отандық құқықтық базасы. Қазақстандық конвенциялар, декларациялар, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтарын қорғау туралы ережелер. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім берудегі отандық заңнамалар. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім берудегі отандық нормативтік актілер.

**Модуль 2. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім беруді модельдеу**

*Тақырып 5.* Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді енгізу мен дамытудың халықаралық тәжірибесі.

Инклюзивті білім беруді дамыту саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарлар. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді енгізу мен дамытудың халықаралық тәжірибесі. Инклюзивті білім беруді ендіру мен дамытудың шетелдік тәжірибесі. Қазақстан Республикасында арнайы және инклюзивті білім беруді дамыту.

*Тақырып 6.* Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың әлеуметтік бейімделуі және инклюзивті білім беру ортасы.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың әлеуметтік бейімделуі мәселесі. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қоғамның көзқарас модельдері. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қоғамның көзқарас модельдерінің жіктелуі. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға көзқарастың отандық модельдері. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім беру ортасы, ерекшеліктері. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім беру ортасының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім берудің ресурстық ортасының түрлері.

*Тақырып 7.* Мүмкіндіктері шектеулі түрлі санаттағы тұлғаларға инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың нозологиясы. Есту қабілеті бұзылған тұлғалар. Көру қабілеті бұзылған тұлғалар. Сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалар. Тірек-қимыл аппараты бұзылған тұлғалар. Ақыл-ой қабілеті бұзылған тұлғалар. Аутизм, даун сипаттамалары. Түрлі санаттағы мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім беруді ұйымдастыру. Түрлі санаттағы мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары.

*Тақырып 8.* Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім беру формалары, әдістері мен тәсілдері.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім беру формалары: дуальды, жаппай, топтық, жұппен, онлайн оқыту, дәріс, өзіндік жұмыс, семинар, практикалық жаттығу, онлайн конференция, web-квест, жағдаяттар және т.б. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім беру әдістері: миға шабуыл, сыни ойлау, жапон техникасы, Брайн сақинасы, эвристикалық сұрақ әдісі, проблемалық, рефлексивті, АКТ-мен дәріс, түсіндірмелі-иллюстративтік, деңгейлік, кейс-стадий, интерактивтік, іскерлік ойындар және т.б. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім беру құралдары: ақпараттық-техникалық құралдар, компьютерлік бағдарлама, аудио-бейне жазбалар, ғаламтор желісінің қорлары, интернет желісі, сандық қорлар.

*Тақырып 9.* Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім берудің жаңа инновациялық технологиялары.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға инклюзивті білім берудің жаңа инновациялық технологиялары. Дербес оқыту технологиясы. Саралап оқыту технологиясы. Ақпараттық бағдарламалап оқыту технологиясы. Ш.А.Амонашвилидің білім беруді ізгілендіру технологиясы. Интерактивті технологиялар. Тұлғалық бағдарлы білім беру технологиясы.

**Модуль 3. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау**

*Тақырып 10.* Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім беруде психологиялық-педагогикалық және әдістемелік сүйемелдеу.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім беруде психологиялық сүйемелдеу. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім беруде педагогикалық сүйемелдеу. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім беруде әдістемелік сүйемелдеу. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік

білім беруде дефектологтың, логопедтің, сурдологтің қызметі. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім беруде тьютордың қызметі.

*Тақырып 11.* Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіби білім беру және кәсіби даярлау.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіби білім беру мәселесі. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіби білім беруде өндірістік оқытудың маңызы. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіби білім беруде оқу практикасы мен өндірістік практиканы ұйымдастыру. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіби даярлауда технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

*Тақырып 12.* Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін кәсіби оқыту пәндерінің мазмұнын жобалау және модельдеу.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби және еңбекке оқытудың мазмұны. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби еңбекке баулу жүйесі. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін кәсіби оқыту пәндерінің мазмұнын жобалау. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін кәсіби оқыту пәндерінің мазмұнын модельдеу. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаның жеке оқу маршрутын жасау және оны жүзеге асыру.

*Тақырып 13.* Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіби білім берудің ерекшеліктері.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіби білім берудің ерекшеліктері. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіби білім берудің денсаулық сақтау технологиялары. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіби білім берудегі медиамәдениет және медиабілім беру. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіби білім беруде медиамәдениетті қалыптастыру технологиясы.

*Тақырып 14.* Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қашықтықтан оқыту технологиялары.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қашықтықтан оқыту мәселелері. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қашықтықтан технологиялары. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қашықтықтан оқытуда Zoom, Microsoft Teams, WhatsApp Web және т.б. платформаларды қолдану. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды қашықтықтан оқытуда ашық онлайн курстарды қолдану.

*Тақырып 15.* Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлаудың өзекті мәселелері.

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлауға әлеуметтік тапсырыс. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби білім берудің мемлекеттік бағдарламаларда қамтылуы. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлаудың өзекті мәселелері. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім берудің теориялық негіздері. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың кәсіптік қалыптасуы және кәсіби құзыреттілік мәселелері.

Сонымен қатар, дуальді білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мақсатында 5В012000 - «Кәсіптік оқыту» бакалавр мамандығына арналған **«Дуальды оқыту жүйесіндегі оқыту**

**әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы** жасалып, ҚР БҒМ РОӘК оқу-әдістемелік бірлестігінің ұсынысымен (10.05.2018ж. хаттама №5) жарық көрді және оқу үдерісіне ендірілді. Онда, оқу шеберханаларында білімгерлерді дуальды оқытудың әдістемесі, білімгерлердің өндірістік практикасы, білімгерлердің өндірістік оқыту нәтижелерін есепке алу және бағалау жүйелері, білімгерлердің технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесі, білімгерлердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, дуальдық оқыту жүйесіндегі тәлімгердің орны, оқытудың модульдік бағдарламасы, болашақ мамандардың кәсіби даярлау, дуальды оқыту педагогының әлеуметтік және кәсіби құзыреттілігі, дуальды оқыту педагогының әдістемелік қызметі, дуальды оқыту жүйесінде болашақ мамандарды даярлауда «мектеп-колледж-ЖОО» ынтымақтастығы мәселелері қарастырылған. Кіріспеде «дуальды оқыту», «дуальды жүйе» ұғымдарына түсініктеме беріледі, дуальды жүйеде кәсіби білім берудің дидактикалық негіздері, оқу-өндірістік орта, ерекшеліктері, дуальды жүйе серіктестерінің өзара байланысы, оқу орындары мен бизнес, стейкхолдер, жұмыс берушілердің өзара ынтымақтастығы, кәсіптік оқыту және жұмыспен қамту жүйелері арасындағы келісім, кәсіпорын мен оқу мекемелері арасындағы келісім кезінде дуальды білім берудің мазмұнын, мақсатын, міндеттерін нақтылау және айқындау, оқытудың мазмұндық деңгейін нақтылау және айқындау, дуальды оқытудың тәрбиелік мазмұнын күшейту, дуальды оқыту процесінде білімгерлердің еңбекке құндылықтық қатынасын қалыптастыру барысы зерделенді. Сондай-ақ дуальды білім беру кезінде практикалық және теориялық дайындық кезеңдері оқу бағдарламаларына сай екендігі көрсетілді.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы жұмыс педагогтардың кәсіби қызметінде әріптестерімен әдістемелік сипаттағы идеялар мен табыстарды бөлісуге, адамдармен жұмыс жасауда заманауи технологиялар мен ғылыми-әдістемелік құралдарды игеруге деген ынтасын қолдауды талап етеді.

Педагогтардың әдістемелік құзіреттілігін дамытуды жеке педагогикалық қолдау қосымша педагогикалық шарттармен қамтамасыз етіледі, мысалы:

-оқытудың (даярлаудың) дифференциациясы мен интеграциясын, оқытудың ұжымдық нысандары кезінде жеке тәсілді ұштастыру арқылы оқытушылардың әдістемелік құзыреттілігін дамыту нысандары мен әдістерінің вариативтілігі және интегративтілігі (қоғамдық өмірге тарту үшін);

-инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагогтардың әдістемелік құзыреттілігін дамытудың практикалық және проблемалық бағыты, оның негізгі кәсіби қызметіне қосылуы;

-әдістемелік құзыреттілікті дамыту процесінде өзін-өзі дайындау үшін педагогтардың дуальды білім беру технологияларының элементтерін пайдалануы.

**«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» электрондық оқулығы** кіріспеден, теориялық бөлімнен, әдістемелік бөлімнен, өндірістік оқыту мен практика бөлімінен тұрады. Кіріспеде ғалымдардың инклюзивті білім беруге, «инклюзивті білім беру» ұғымына берген анықтамалары, инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың отандық және халықаралық нормативтік құқықтық актілері мен заңнамалары қарастырылды.

Теориялық бөлімде мүмкіндіктері шектеулі студенттерді оқытудың білім беру ортасы, белгілі бір кәсіпті меңгерудің негізгі бағыттары, мүмкіндіктері шектеулі білімгерлердің өзіндік жұмыстары, бағыттары, түрлері, ұйымдастыру мәселелері зерделенді.

Әдістемелік бөлімде мүмкіндіктері шектеулі білімгерлерге білім беру ортасының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, қолданылатын денсаулық сақтаушы оқу технологиялары келтірілді.

Өндірістік оқыту мен практика бөлімінде кешенді сипаттағы күрделі оқу-өндірістік жұмыстарды орындау процесінде мүмкіндіктері шектеулі білімгерлерді өндірістік оқыту, олардың техникалық диагностика дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру, кәсіптік оқыту сапасын есепке алу жолдары, өндірістік оқыту процесінің ағымдағы, мерзімді және қорытынды нәтижелерін шығаруға бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-шаралар жүйесі, өндірістік практика зерделенді.

Сонымен қатар эксперименттің қалыптастыру кезеңінде **«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу құралы** жасалып, ҚР БҒМ РОӘК оқу-әдістемелік бірлестігінің ұсынысымен (21.05.2021ж. хаттама № 6) жарияланды. «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» оқу құралы мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім берудің теориялық негіздері, нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың кәсіптік қалыптасуы, құзыреттілігі мәселелері қарастырылған.

«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» оқу құралы белгілеулер мен қысқартулардан, глосарийден, кіріспеден, 3 тараудан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Оқу құралында инклюзивті білім берудің маңызды міндеттерінің бірі мамандарды кәсіби даярлау болып табылатындығы көрсетілді. Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаның кәсіби дайындығының негізі: қоғамның мамандарға деген қажеттілігі, кәсіби білім алу арқылы тұлғаның зияткерлік, мәдени және моральдық дамуына деген қажеттілігі, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың еңбекқорлығын қалыптастыру, жауапкершілікті, тәуелсіздікті және шығармашылық белсенділікті дамыту екендігі белгіленді. Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың кәсіпті меңгеруі келесі кезеңдерден тұратындығы нақтыланды: «мінсіз» тұлға образы, «мінсіз» оқу орны, кәсіпті меңгерудің бастапқы кезеңі, кәсіпті меңгерудің соңғы кезеңі, қызметке кірісу, жұмыс орнында тұрақтану, өз кәсібін толық меңгеру, өз міндетін атқару, өзінің іскерлік дағдыларын өзгелерге үйретуді көздеген.

*Үшінші технологиялық шарт бойынша* дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістері мен формаларын айқындау, оқу-әдістемелік кешенін оқытудың интерактивті инновациялық әдістерін пайдалану, яғни «Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» курсын оқытудың инновациялық және интерактивті әдістерінің әртүрлі формалары мен әдістерін қолдануды көздейді:

-жеке және топтық практикалық тапсырмаларды орындау;

-практикалық ситуацияларды талдау (case-study);

-оқытудың практикалық бағыты , оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, нақты практикалық жағдайларды шешу арқылы қол жеткізіледі.

«Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» курсы білімгерлердің оқу жетістіктерін бақылау келесі нысандарды қамтиды:

- білімгерлердің үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестациялау (емтихан сессиясы);

- білімгерлердің үлгерімін бақылау пәннің әр тақырыбы бойынша жүзеге асырылады және аудиторияда және аудиториядан тыс уақыттағы білімді бақылауды қамтиды;

-дәрістер, сауалнамалар және практикалық баяндамалар, сабақтар, үй тапсырмаларын презентациялау, орындауға және қорғауға рұқсат алу, МОӨЖ, ауызша және жазбаша тесттер және басқа формаларды қорғау.

Осылайша, дуальды білім беру жағдайында инклюзивті оқытуға болашақ педагогтардың әдістемелік құзіреттілігін дамытудың тиімділігі қарастырылған факторлардың жиынтығымен қамтамасыз етіледі, олар келесі педагогикалық шарттармен ұсынылған: педагогтарды инклюзивті білім беру ортасының желілік өзара әрекеттесуін жүзеге асыру қызметіне белсенді тарту, оқу-әдістемелік кешенді әзірлеу, әзірленген жеке даму бағдарламасы арқылы педагогты кезең-кезеңімен әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагог білімгерлердің денсаулығы мен өмірі үшін тікелей жауапты, сабақтарды, экскурсияларды, аудиториядан тыс шаралар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және бағдарламалық материалдарға сәйкес жоспарлайды және жүзеге асырады. Топта беру бағдарламасын нәтижелі іске асыру үшін жағдай жасайды, барлық білім алушылардың біріккен іс-әрекетін жоспарлайды және ұйымдастырады. Білімгерлердің жеке ерекшеліктерін біледі, жеке дамыту бағдарламасын жасауда және жүзеге асыруға қатысады. Білімгерлердің әр түрлі әрекет түрлерінің даму деңгейін, коммуникативті белсенділік ерекшеліктерін, мақсатқа бағытталған әрекет деңгейін, өзіне өзі қызмет көрсету, мәдени-гигиеналық дағдыларын анықтайды; мамандардың ұсыныстарын орындайды.

*Төртінші мониторингтік шарт бойынша* болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлығы деңгейіне кезеңдік мониторинг жүргізу; өзін-өзі жетілдіру деңгейі, денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқытуды жүзеге асыруға оң көзқарас қалыптастыру жұмыстары жүргізілді.

Мысалы, «Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» пәні бойынша емтиханды өткізу нысаны мен тәртібі академиялық кезеңнің басынан бастап бір айдан кешіктірілмей факультеттің (жоғары мектептің) Ғылыми кеңесінде белгіленеді.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың мониторингтік шарты тек жоғары және кәсіптік білім беру ұйымдарында ғана емес, сонымен қатар педагогтардың қосымша кәсіптік білім беру ұйымдарында да ұзартылған педагогтардың жобалық құзыреттілігін қалыптастыру моделінің тиімділігіне кезеңдік мониторинг жүргізу болып табылады.

Мұндай *мониторингтің мақсаты* – болашақ педагогтың инклюзивті оқытуға даярлығы деңгейін зерттеу, ол үшін оның компоненттерін зерттейтін әдістер таңдалды.

*Мотивациялық-құндылықтық критерийі бойынша* көрсеткіштер – білімгердің жеке басына бағытталған маңызды мотивтің болуы; маңызды адамгершілік мақсаттарға бағдарлау жобасында болуы) *Н.П.Фетискиннің «Кәсіби педагогикалық мотивацияны өзіндік бағалау әдістемесі» сауалнамасы* (қосымша А) арқылы зерттелді. Әдістеменің мақсаты – зерттелушінің мотивациялық баспалдақтың қай деңгейінде тұрғанын анықтау. Дәлірек айтқанда: немқұрайлы қатынас орын алады ма немесе кездейсоқ, жасанды қызығушылық па немесе кәсіби білімге құмарлығының артуы ма немесе функционалдық қызығушылық па, немесе шыңға қол жеткізу ме – педагогиканы саналы түрде зерттеуге деген кәсіби қажеттілік және педагогикалық шеберліктің негізін игеру. Әдістеме бойынша сұрақтарға жауап берерде, жауапқа сәйкес әріпті белгілеу керек: «Ә» - әрқашан жасаймын, «Ж» - жиі оны істемеймін, «ӨЖЕ» – мақсатты түрде «өте жиі емес» жауабын таңдағыңыз келсе, «С» - сирек істесеңіз, «Е»- мүлде істемесеңіз.

*Танымдық критерий бойынша* диагностика көрсеткіштері – инклюзивті оқыту мен дуальды оқыту жүйесі туралы білімнің; оқыту қызметінің ұйымдастыру құрылымы мен тәсілдері туралы білімнің болуы; инклюзивті оқытудың интербелсенді және инновациялары туралы анонстар ақпаратының алуан түрлілігінен ажырату; ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін басшылыққа ала отырып, сабақ жоспарын сауатты құра білу. *Л.Н.Бережнованың «Өзін-өзі дамыту және кәсіби педагогикалық іс-әрекет деңгейін диагностикалау әдістемесі»* 17 сұрақтан тұратын сауалнама (қосымша Ә) жасалды. Тест өзін-өзі дамытуға ұмтылуға, тұлғаның өз қасиеттерін бағалауы, педагогикалық қолдау мәселелерін анықтайды.

*Іс-әрекеттік критерий бойынша көрсеткіштер* – жобалық қызметті сауатты жүзеге асыру тұлғалармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен оң қарым-қатынас орнату; өзара іс-қимылдың тиімді траекториясын құра білу; нақты белгіленген бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыру білігі, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келуі; белгіленген мерзімде қызметке басшылық жасау; жобаны ескере отырып, оған басшылық жасау; инновациялық жобаны іске асырудағы қанағаттанушылық. Бұл критерий *бойынша В.Синявский және Б.А.Федоришиннің «Тұлғаның коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін бағалау әдістемесі»* бойынша 40 сұрақты қамтитын сауалнамасы (қосымша Б) негізге алынды.

*Өлшемдік критерий бойынша* бағалау, талдау мүмкіндіктері, нәтижелері, өзін-өзі бағалау және мақсат, яғни өзінің білімін, іскерлігін, дағдысын, құзыреттілігін, мүмкіндігі мен қабілеттілігін бағалау. Сонымен қатар белгілі критерийлерге сәйкес педагогикалық инновациялардың тиімділігін анықтау, олардың кәсіби қызметінде тұжырымдамалар, идеялар ұсынған теорияларды таңдау және қолдану мүмкіндігі. Өлшемдік критерий *О.С. Кузьминаның «Кәсіби міндеттерді шешу қабілетін бағалау» және «Студенттер қызметінің*

*нәтижелерін бағалау» әдістері,* сондай-ақ *«Инклюзивті оқытуға даярлық» авторлық суалнама* 25 сұрақтан (қосымша В) тұрады.

Инклюзивті оқыту қызметін одан әрі дамытуға және жүзеге асыруға әзірлік; қажетті адамдардың барынша көп санын тарта отырып, жоба бойынша жұмысты ұйымдастыра білу; білімгерлер ұжымында инклюзивті оқыту қызметі үшін қажетті білім беру ортасын ұйымдастыру; дуальды білім беру жүйесінде болашақ маманды инклюзивті оқытуға даярлау шеңберінде педагогтармен тиімді өзара іс-қимылды жүзеге асыра білу; жобалау қызметі шеңберінде қажетті мамандарды тарта және тиімді өзара іс-қимылды жүзеге асыра білу.

Инклюзивті білім берудің әлеуметтік маңыздылығы мен интегративті бағытын, оқытушылардың әдістемелік құзыреттілігін дамытудың белгілі бір бейімділігі мен мүмкіндіктерін ескере отырып, келесі педагогикалық шарттарды бөліп көрсетуге және жасауға болады:

-*ұйымдастырушылық* (дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі негізінде әзірлеу және енгізу);

-*теориялық* (дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мазмұнын құрастыру, оқыту мазмұнын болашақ педагогтардың кәсіби іскерліктерін, дағдыларын және құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыттау, бәсекеге қабілетті маман даярлау; кәсіби білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендер құрастыру);

-*технологиялық* (дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістері мен формаларын айқындау, оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану, педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу;

-*мониторингтік* (болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлығы деңгейіне кезеңдік мониторинг жүргізу) Оқытудың әртүрлі формаларын қолдану, оқыту әдістерін дұрыс таңдау, педагогтарды өз бетінше даярлау арқылы жүзеге асыруға болады.

Қорыта келе, денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім беруді ұйымдастыру білімгерлердің психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері туралы толық және жан-жақты түсінік беру, тұрақты денсаулық деңгейін сақтау, бейімделетін білім беру ортасын қалыптастыру, инновациялық әдістемелерді әзірлеу, оқу-әдістемелік әзірлемелер кешенін құру, кешенді медициналық-психологиялық-педагогикалық қолдауды қарастырады. Дуальды білім беру жүйесінде болашақ мамандарды инклюзивті оқытуды жүзеге асыруда педагогикалық шарттарды айқындау білім беру субъектілерінің өзара әрекетіне негізделеді. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындадық: ұйымдастырушылық, теориялық, технологиялық және мониторингтік.

Инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауда оқу құралдары құрастырылып, оқу-әдістемелік кешені дайындалып, оның кешендік сипаты оқу-тәрбие үдерісіндегі жаңаша үлгіге сүйене отырып құрастырылған,

тиімділігі тәжірибелік-экспримент жұмыстары арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілді.

### 2.2 Болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлық деңгейін диагностикалау жұмыстары

Болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлық деңгейін диагностикалау жұмыстарын жүргізудің мақсаты болашақ педагогтардың кәсіби қызметінде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту қағидаттарын іске асыру үшін қажетті кәсіби маңызды қасиеттер мен құзыреттерді меңгерген педагог моделін апробациялау және оның тиімділігін бағалау болып табылады.

Дуальды оқыту жүйесінің мақсаттарын жүзеге асыру үшін оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және ғылыми тәжірибелік жұмыстар байланыста жүзеге асырылады.

Оқу-әдістемелік жұмыс оқу бағдарламалары мазмұнын жаңғырту және болашақ педагогтарды Major және Minor бағытында даярлау, оқыту мен білім беруге жаңа көзқарастар, сыни ойлауға үйрету, оқыту нәтижесін бағалау, оқытуда ақпараттық техникалық құралдарды қолдану, оқытуды басқару және көшбасшылық мәселелерін қамтиды.

Дуальды жүйеде білім беру бағдарламалары, дуальды жүйе әріптестері (стейкхолдерлер, бизнес өкілдері, кәсіпорындар және т.б.) және мақсатты индикаторлар өзара байланыста дамиды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында келесі міндеттерді орындау көзделді:

1) Болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлық деңгейін анықтау үшін диагностикалық әдістемелер жинағын әзірлеу;

2) Болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың құрылымдық моделін эксперименталды түрде тексеру;

3)Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін, оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу;

4)Дуальды білім беру жүйесінде денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты үш кезеңге бөліп жүргіздік: анықтау кезеңі, қалыптастыру кезеңі және бақылау кезеңі. Әр кезеңнің міндеттері тұжырымдалды.

*Анықтау кезеңі:*

-тәжірибелік эксперименттің мақсаты мен міндеттерін айқындау;

- тәжірибелік эксперименттің жоспарын құру;- эксперимент және бақылау топтарын айқындау;

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтардың даярлығын диагностикалау мақсатында әдістер кешенін әзірлеу;

- болашақ педагогтардың бастапқы даярлығын анықтау мақсатында алғашқы мониторинг жүргізу;

-анықтау кезеңі экспериментінің нәтижелерін талдау.

*Қалыптастыру кезеңі:*

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау үдерісін модельдеу;

-ұсынылған оқу-әдістемелік кешенді практикада тексеру;

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтардың даярлығын қалыптастыру кезеңінде мониторинг жүргізу;

-қалыптастыру кезеңі экспериментінің нәтижелерін талдау.

*Бақылау кезеңі:*

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтардың даярлығына қорытынды мониторинг жүргізу;

-бақылау эксперименті нәтижелерін жалпылау және талдау жасау;

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытатын болашақ педагогтарды даярлауға ғылыми-әдіснамалық ұсыныстар әзірлеу;

-тәжірибелік эксперимент жұмыстарын қорытындылау.

Тәжірибелік эксперимент жұмыстары 2017-2020 жылдары аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеттерінің 5В012000-«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасының, 7М01450 - «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасының білімгерлерімен жүргізілді.

Білімгерлердің бастапқы даярлығын анықтау мақсатында алғашқы мониторинг әдістерін таңдау кезінде инклюзивті оқытуға даярлығының құрамдас бөліктері ескерілді. Сондай-ақ, болашақ педагогтың инклюзивті оқытуға даярлығын анықтау үшін оның сапалық сипаттамаларын, яғни деңгейлерін анықтау қажет.

*Деңгей* деп біз кез-келген құрылымның «жоғары», «орта» және «төмен» компоненттерінің қатынасын түсінеміз.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтардың даярлығын диагностикалау мақсатында әдістер кешені әзірленіп, диагностикалық құралдар жасалды. Бұл білімгерлерді дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың әр компонентін игеру дәрежесін объективті бағалауға, білімгерлер құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін, әлсіз және күшті жақтарын анықтауға мүмкіндік береді [202].

Сонымен қатар болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығының қалыптасу деңгейіне мониторинг жасау үшін оның критерийлері мен көрсеткіштерін анықтаймыз. Критерийлер мен көрсеткіштерді ескере отырып, біз дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға дайындық деңгейін диагностикалауға бағытталған әдістемелер кешенін әзірледік (кесте 11).

Кесте 11- Дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлық деңгейін диагностикалау

| Дайындық критерийлері | Инклюзивті оқытуға дайындық көрсеткіштері | Бағалау әдістемелері |
|---|---|---|
| Мотивациялық критерийі | Инклюзивті оқытуға қажетті кәсіби маңызды жеке тұлғалық қасиеттердің жиынтығы. Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды инклюзивті оқытуға мотивациялық көзқарас. Инклюзивті ұстанымдарды іске асырудағы тұлғалық бағыттылық. Көрсеткіштер - білімгердің жеке басына бағытталған маңызды адамгершілік мақсаттарға бағдарлау жобасында болуы | Н.П.Фетискин «Кәсіби педагогикалық мотивацияға өзіндік бағалау әдістемесі» |
| Мазмұндық критерийі | Инклюзивті оқытуды жүзеге асыру үшін қажетті арнайы білімнің болуы. Көрсеткіштер – инклюзивті оқыту мен дуальды оқыту жүйесі туралы білімнің; оқыту қызметін ұйымдастыру құрылымы мен тәсілдері туралы білімнің болуы; инклюзивті оқытудың интербелсенді және инновациялары туралы ақпаратының алуан түрлілігінен ажырату; сабақ жоспарын сауатты құра білу, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін басшылыққа алуы | В. Синявский және Б.А. Федоришин «Тұлғаның коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін бағалау әдістемесі» |
| Практикалық критерийі | Инклюзивті оқытудың барлық субъектілері арасындағы өзара әрекеттестіктің тиімді тәсілдерін меңгеру. Дамуы қалыпты және денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды бірге оқыту үшін оқу үдерісін жобалай білуі. Жобалық қызметті сауатты жүзеге асыру, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен оң қарым-қатынас орнату; өзара іс-қимылдың тиімді траекториясын құра білу; нақты белгіленген бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыру білігі, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келуі; белгіленген мерзімде қызметке басшылық жасау; жобаны ескере отырып, оған басшылық жасау; инновациялық жобаны іске асырудағы қанағаттанушылық | Л.Н.Бережнова «Өзін-өзі дамыту және кәсіби педагогикалық іс-әрекет деңгейін диагностикалау әдістемесі» |
| Бағалау критерийі | Өзін-өзі бағалау (рефлексия) инклюзивті білім беруді ұйымдастыру бойынша өз іс-әрекеттерінің орындылығы мен тиімділігі. Өлшемдік критерий бойынша бағалау, талдау мүмкіндіктері, нәтижелері, өзін-өзі бағалау және мақсат, яғни өзінің білімін, іскерлігін, дағдысын, құзыреттілігін, мүмкіндігі мен қабілеттілігін бағалау. Сонымен қатар белгілі критерийлерге сәйкес педагогикалық инновациялардың тиімділігін анықтау, олардың кәсіби қызметінде тұжырымдамалар, идеялар ұсынған теорияларды таңдау және қолдану мүмкіндігі анықталды | О.С. Кузьмина «Кәсіби міндеттерді шешу қабілетін бағалау» және «Студенттер қызметінің нәтижелерін бағалау» әдістері, «Инклюзивті оқытуға даярлық» сауалнама |

Әрбір әдістеме бойынша педагогтың инклюзивті оқытуға даярлығының көрсеткіші 0-5 дейінгі балл төмен деңгейін, 6-11 балл - орта деңгейді, 12-16 балл жоғары деңгейді сипаттайды.

Біздің пікірімізше, қолданылған әдістер болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға дайындығының деңгейін тиімді және нақты бағалауға мүмкіндік береді. Экспериментке жалпы 146 білімгер қатысты.

*Мотивациялық критерийде* Н.П.Фетискиннің «Кәсіби педагогикалық мотивацияға өзіндік бағалау әдістемесі» бойынша тестілеу кезінде келесі нәтижелер алынды:




Сурет 18 - Болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға мотивациясы деңгейінің көрсеткіштері

Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне жасалған талдау болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға мотивациясының төмен деңгейін 39,73% (58 білімгер) көрсетті, респонденттердің 14,38% (21 білімгер) жоғары деңгей байқалды. Зерттелушілердің басым саны 45,89% (67 білімгер) мотивацияның орташа деңгейін көрсетті (сурет 18).

*Мазмұндық критерий бойынша* болашақ педагогтардың инклюзивті саясатты меңгеру дәрежесін зерттеу үшін инклюзивті оқыту негіздері бойынша В. Синявский және Б.А. Федоришиннің «Тұлғаның коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін бағалау әдістемесі» қолданылды.

Білімгерлердің 50,68% (74 білімгер) оны орта деңгейде орындады, 32,88% (48 білімгер) инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті арнайы білімнің жетіспейтіндігін көрсетті. Авторлық әдістемесі бойынша педагогикалық рефлексияның жоғары деңгейін 24 білімгер көрсетті, бұл зерттелгендердің жалпы санының 16,44% құрады.




Сурет 19 - Болашақ педагогтардың инклюзивті саясатты меңгеру деңгейінің көрсеткіштері

*Практикалық критерий бойынша* Л.Н.Бережнованың «Өзін-өзі дамыту және кәсіби педагогикалық іс-әрекет деңгейін диагностикалау әдістемесі» болашақ педагогтардың инклюзивті оқыту тәжірибесінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.




Сурет 20 - Болашақ педагогтардың инклюзивті оқыту тәжірибесінің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштері

Диагностика нәтижелері бұл компонент білімгерлерде ең нашар қалыптасқанын көрсетті. Екі топтың ешқайсысы жоғары деңгейде инклюзивті тәжірибеге ие емес. Көптеген тапсырмаларды білімгерлердің 71,92% орындай алмады (105 білімгер), орташа деңгейді 28,08% (41 білімгер) көрсетті.

*Өлшемдік критерий бойынша* О.С. Кузьминаның «Кәсіби міндеттерді шешу қабілетін бағалау» және «Студенттер қызметінің нәтижелерін бағалау» әдістері және «Инклюзивті оқытуға даярлық» авторлық тесті қолданылды. Өткізілген сауалнама қорытындысы бойынша білімгерлердің 50,68% (74 білімгер) инклюзивті білім беру теориясын меңгеру орта деңгейде меңгергенін көрсетті. 5,48% (8 білімгер) пәнді меңгерудің жоғары деңгейін көрсетті. 43,84% (64 білімгер) тестілеу барысында төмен нәтижелер көрсетті. Инклюзивті дайындықтың қазіргі деңгейін бақылау нәтижелері білімгерлер теорияны жақсы игерді деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Инклюзивті мотивациялық-құндылықтық, танымдық, іс-әрекеттік, өлшемдік компоненттері бойынша болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығы нашар қалыптасқан.




Сурет 21 - Болашақ педагогтардың инклюзивті білім беру теориясын меңгеру деңгейінің көрсеткіштері

Анықтау эксперименті кезеңінде білімгерлермен әңгімелесу нәтижелері диагностикалық әдістердің деректерін растады. Болашақ педагогтар инклюзивті құндылықтарға нашар бағдарланған, ситуациялық педагогикалық міндеттерді шешу қиынға соғады. Жалпы алғанда, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен жұмыс жасаудан қорқады, бұл шыдамдылықтың жетіспеушілігімен, ата-аналарымен қарым-қатынастағы қиындықтармен және инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың технологиялары бойынша арнайы білімнің болмауымен түсіндіріледі. Мониторинг деректеріне жасалған талдау білімгерлердің эксперименттік және бақылау топтарындағы төмен, орта және жоғары дайындық деңгейлері шамамен бірдей екенін көруге болады. Осылайша, эксперименттің анықтау кезеңінде болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға

дайындығының жеткіліксіз екендігіне көз жеткіздік. Бұл мәселенің өзектілігін және инклюзивті білім беру мәселелерінде білімгерлердің құзыреттілік деңгейін арттыру жолдарын іздеу қажеттілігін көрсетеді.

Инклюзивті білім беруде білімгерлердің теориялық және практикалық кәсіби дайындығын қалыптастыру, сондай-ақ инклюзия жағдайында оқу процесінің психологиялық-педагогикалық заңдылықтарына құндылық қатынасын қалыптастыру мақсат етілді.

Осы мақсатты іске асыру келесі міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

-болашақ педагогтарға кәсіптік білім берудің маңызды әлеуметтік-мәдени феномені ретінде инклюзивті білім беру туралы түсінік беру;

-болашақ педагогтардың инклюзивті білім беру қағидаттарын іске асыру бағытында білімгерлердің кәсіби педагогикалық қызметін өзгертуге жеке ынтасын арттыру;

-болашақ педагогтарды қоғамда мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға толерантты көзқарас қалыптастыру үшін бағдарламалар әзірлеуге үйрету;

-болашақ педагогтардың денсаулығы қалыпты және мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды бірге оқыту үшін түзету және дамыту ортасын жобалау қабілетін дамыту;

-болашақ педагогтардың педагогикалық әдебиеттермен, дереккөздермен өз бетінше жұмыс істей білу іскерліктері мен дағдыларын дамыту, педагогикалық ситуацияларды шеше білуге үйрету;

-болашақ педагогтардың өздігінен кәсіби білім алуына, олардың инклюзивті практиканы ұйымдастыру проблемаларын анықтау және талдау қабілетін дамытуға ықпал ету.

«Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» элективті курсы бойынша практикалық (семинар) сабақтарының тақырыптық-күнтізбелік жоспары түзілді.

Сабақ тақырыптары диссертациялық зерттеудің бірінші тарауында көрсетілген дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтардың дайындығының критерийлері мен көрсеткіштерінің жиынтығымен анықталады. Практикалық (семинар) сабақтардың теориялық материалдарын білімгерлер өз бетінше зерттеді.

Кесте 12 - Практикалық (семинар) сабақтарының тақырыптық жоспары

| № | Тақырып атауы | Сағат саны | Мазмұны | Формасы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді ендіру және дамыту мәселесі | 2 | Инклюзивті білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздері және тұжырымдамасы. Инклюзивті білім берудің ерекшелігі. Инклюзивті білім беру принциптері. Инклюзивті білім беруді дамытудың алғышарттары мен тенденциялары | Кейс-технология, практикалық талдау |

12-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Инклюзивті білім берудің қазақстандық және халықаралық тәжірибесі | 2 | Қазақстан Республикасында және шетелдерде инклюзивті білім берудің дамуы. Инклюзивті білім берудің халықаралық ұстанымдары, саясаты және практикалық тәжірибесі. Саламанка Декларациясы ұстанымдары, саясаты | Миға шабуыл, дебат, коучинг технология |
| 3 | Инклюзивті білім берудің шетелдік және отандық нормативтік-құқықтық базасы | 2 | Дүниежүзілік конвенциялар, декларациялар, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың құқықтарын қорғау туралы ережелер. Инклюзивті білім берудің халықаралық актілері. Қазақстан Республикасының инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқтық актілері. Бала құқықтары туралы конвенция | Жобаны топтық қорғау, презентация |
| 4 | Қазақстан Республикасының мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім беру саласындағы заңнамалары | 2 | Инклюзивті білім беруді дамыту саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарлар, заңдар мен актілер, әдістемелік ұсыныстар. Қоғамның мүгедектерге көзқарасының модельдері. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды нозологиясына қарай жіктеу. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заңы | Дөңгелек үстел, практикалық талдау |
| 5 | Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің мемлекеттік бағдарламалары | 2 | Мемлекеттік бағдарлама негізінде инклюзивті білім берудің мазмұны мен инновациялық жолдары, білім беру ортасын қалыптастыру ерекшеліктері | Дискуссия, топтық талқылау |
| 6 | Инклюзивті білім беруді жүзеге асырудағы кадрлық ресурстарды даярлау | 2 | Мүмкіндіктері шектеулі әр түрлі білім беруді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары.Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі ерекшеліктерін қамту | Педагогикалық шеберхана |
| 7 | Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу және еңбекпен оңалту шарттары мен жолдары | 2 | Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды педагогикалық процеске кіріктіру формалары. Мүмкіндіктері және еңбекпен оңалту шарттары мен жолдары | Презентация, жеке қорғау, коучинг технология |

12-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды психологиялық-педагогикалық қолдау | 2 | Білім берудегі заманауи тәсілдер және кадрлар даярлау Аутизм спектрі бұзылған мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға психологиялық - педагогикалық қолдау | Жобалау, топтық жоба |
| 9 | Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім беру | 2 | Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды тұтас педагогикалық үдерісте оқыту, тәрбиелеу және кіріктіру формалары. Оқу пәндері мазмұнын жобалау және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету | Іскерлік Ойын, сыни ойлау технологиясы |
| 10 | Кәсіптік оқыту кезеңінде мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды психологиялық-педагогикалық және әдістемелік сүйемелдеу | 2 | Көру қабілеті бұзылған мүгедек тұлғаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.<br>Тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек тұлғаларды психологиялық-педагогикалық қолдау-<br>Аутистік спектрлік бұзылыстары бар мүгедек тұлғаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу | Презентация, жеке қорғау, тренинг |
| 11 | Кәсіпорындарда мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың оқу және өндірістік практикасын ұйымдастыру | 2 | Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіптік білім берудегі өндірістік оқытудың рөлі. Өндірістік оқыту процесінде мамандықты игерудің негізгі міндеттері<br>Кәсіби дайындық кезінде мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі | Төңкерілген үй технологиясы, дискуссия |
| 12 | Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін кәсіби оқыту пәндерінің мазмұнын жобалау | 2 | Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіптік оқытудың мазмұны. Мүмкіндіктері шектеулі жеке тұлғаны кәсіби және еңбекке даярлау жүйесі. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаның жеке білім беру бағытын әзірлеу және іске асыру. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған практикалық бағдарламаларды жобалау | Миға шабуыл, топтық талдау |
| 13 | Кәсіптік білім беруде медиа мәдениетті қалыптастыру технологиялары | 2 | Инклюзивті білім берудің денсаулық сақтау технологиялары. Инклюзивті кәсіби білім беру жүйесіндегі медиакультура мен медиабілімнің рөлі. Кәсіби білім беруде және үздіксіз білім беру жүйесіндегі медиакультураны дамыту технологиялары | Медиа технологиялар, практикалық талдау |

12-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 14 | Қашықтықтан және online оқыту технологиясы мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту құралы ретінде | 2 | Интернет ресурстары мен технологиялары. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивтік оқытуда интерактивті технологияларды қолдану ерекшеліктері (кейс әдіс, web-квест, портфолио) | Кейс әдісі web-квест, портфолио |
| 15 | Инклюзивті білім берудің нәтижелілігін бағалау | 2 | Инклюзивті тәжірибені модельдеу және апробациялау. Инклюзивті білім берудің нәтижелілігін бағалау. Мүмкіндіктері шектеулі студенттерге әдістемелік ұсыныстар, оқытушыға әдістемелік ұсыныстар | Командалық жұмыс, топтық талдау |

Эксперименттің *қалыптастыру кезеңінде* дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау үдерісін модельдеу жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығын қалыптастыру мақсатында оқу-әдістемелік кешен ұсынылды:

-5В012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған «Дуальды оқыту жүйесінде оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы (ҚР БҒМ РОӘК оқу-әдістемелік бірлестігінің ұсынысымен, 10.05.2018ж. хаттама № 5);

-«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу құралы (ҚР БҒМ РОӘК оқу-әдістемелік бірлестігінің ұсынысымен, 21.05.2021ж. хаттама № 6);

-«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» электрондық оқу құралы;

-7М01450 - «Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» элективті курсы;

-7М01450 - «Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу-әдістемелік кешені.

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде болашақ педагогтардың инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеуге дайындығының негізгі компоненттерінің психологиялық-педагогикалық бағыттағы қалыптасу деңгейіне мониторинг жүргізілді. Бастапқы зерттеу нәтижесінде білімгерлердің үштен бір бөлігінің инклюзивті оқытуға дайындықтарының төмен деңгейін көрсетті, бұл болашақ педагогтарды даярлауда өзінің кәсіби қызметін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін моделін әзірлеу қажеттігін растады. Осы айтылғандардың барлығы бізге жоғарғы оқу орындарында дуальды білім беру

жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды жетілдіру қажеттілігін дәлелдеп береді.

Диссертациялық зерттеудің бірінші тарауында біз болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығының моделін жасадық. Бұл бөлімде біз модельді іске асыру процесін және оның тиімділігін тәжірибеде тексеруді қарастырамыз.

Инклюзивті оқытуда қолданылатын заманауи білім беру технологиялары білім беру процесінің өнімділігін арттыруға, оны тиімді және серпінді етуге мүмкіндік берді. Жеке презентацияларды жасау, проблемалық мәселелерді шешу үшін миға шабуыл әдісі, командалық жұмыс, кейс әдісі, web-квест, портфолио, медиа технологиялар, практикалық талдау, төңкерілген үй технологиясы, дискуссия, презентация, жеке қорғау, тренинг, іскерлік, ойын, сыни ойлау технологиясы, жапон техникасы, дебат, коучинг, топтық талдау қолданылды. Инклюзивті бағыттағы жобаларды әзірлеу білімгерлердің танымдық қызметін жандандыруға, оларды «ерекше» балалармен жұмыс істеуге дайындық тұрғысынан өзін-өзі дамытуына мүмкіндік берді.

Болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даяр болуын қалыптастыру мақсатында практикалық сабақтар өте эмоционалды өтті. Болашақ педагогтардың инклюзивті оқытудағы практикалық дайындық компонентін қалыптастыру үшін әр түрлі білім беру ортасы жағдайында түрлі әдістемелік тәсілдер қолданылды: технологиялық карталар, ата-аналармен жиналыс, іс-қимыл алгоритмін құру, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, жеке білім беру траекториясын құру.

Болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға дайындауда олардың рефлексивті дағдыларын қалыптастыру маңызды рөль атқарады. Рефлексия студенттердің өзіндік өмірлік және кәсіби тәжірибесін талдаумен және қайта бағалаумен, педагогикалық іс-әрекеттер алгоритмін қайта қараумен байланысты.

Қорыта келгенде бұл бөлімде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауға бағытталған диагностикалық жұмыстар жөнінде сөз болды. Диагностикалық жұмыстардың басты міндеттері: болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлық деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық әдістемелер жинағы әзірленді; болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың құрылымдық моделі эксперименталды түрде тексерілді; дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-әдіснамалық негіздері, оқу-әдістемелік кешені әзірленді; дуальды білім беру жүйесінде мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау мәселесі қарастырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың жоспары түзілді, мақсаты мен міндеттері анықталды. Эксперименттің анықтау кезеңі, қалыптастыру кезеңі және бақылау кезеңдері анықталды. Әр кезеңнің міндеттері тұжырымдалды.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтардың даярлығын диагностикалау мақсатында әдістер кешені әзірленіп, диагностикалық құралдар жасалды. Дуальды білім беру жүйесінде

инклюзивті оқытуға болашақ педагогтардың даярлығын диагностикалаудың мотивациялық мазмұндық, практикалық және бағалау критерийлері мен деңгейлері бойынша айқындалды.

Болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығын қалыптастыру мақсатында келесі оқу-әдістемелік кешен ұсынылды: 5В012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған «Дуальды оқыту жүйесіндегі оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы; «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу құралы; «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» электрондық оқулығы; 7М01450 - «Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» элективті курсы; 7М01450 - «Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу-әдістемелік кешені.

### 2.3 Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың формалары мен әдістері

Бұл бөлімде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың формалары мен әдістері қарастырылатын болды.

Е.Г. Самарцева *педагогтың инклюзивті білім беруге кәсіби даярлығын* «инклюзивті білім беруді нәтижелі жүзеге асырудың негізгі шарты» деп қарастырады. Сонымен қатар инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін болашақ педагогтың бейімділігі маңызды екендігін айтады. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда болашақ педагогтың білімін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын динамикалық, интегративті, кәсіби-тұлғалық білімі болуы шарт дейді [186, б.11].

В.В. Хитрюк педагогтың инклюзивті даярлығын «әлеуметтік ұстанымдағы (бағалау-адаптивті, гностикалық, интегративті, болжамдық, құндылық-бағдарлық, эго-қорғаныстық) қызметтер» деп көрсетеді [187, б.26].

И.А. Оралканова мұғалімдердің инклюзивті білім беруге психологиялық даярлығының құрылымына:

-тұлғаның құндылықтық бағдары;

- тұлғаның уәждемесі;

- толеранттылық;

- эмпатия;

- педагогикалық оптимизмді жатқызады [41, б.84].

Болашақ педагогтың кәсіби шеберлігін кәсіби құзыреттілігі құрайды. А.К.Маркова кәсіби құзыреттілікті төртке бөліп қарастырады:

-*әрекеттік кәсіби құзыреттілік* арнайы білімді тәжірибеде қолдана алатын әрекетті жоғарғы кәсіби деңгейде меңгеру;

-*әлеуметтік кәсіби құзыреттілік* кәсіби қарым-қатынас тәсілдері мен өзара әрекеттестікті қолдану жолдарын меңгеру;

- *тұлғалық кәсіби құзыреттілік* өзін өзі дамыту, өз ойын білдіру әдістерін, кәсіби деформацияға қарсыласу құралдарын меңгеру;

-*жеке кәсіби құзыреттілік* өзін өзі реттеу, кәсіби өсуге дайындық, кәсіби қартаюға қарсы тұру, тұрақты кәсіби уәждемесінің тәсілдерін меңгеру [203].

С.А. Дружилов педагогтың кәсіби біліктілігінің келесі компоненттерін бөледі: *мотивациялық-еріктік, қызметтік, коммуникативтік және рефлексивтік*.

Мотивациялық-еріктік компоненті түрткілер, мақсаттар, қажеттіліктер, құндылық ұстанымдары, тұлғаның мамандықтағы шығармашылық көріністерін ынталандыру, кәсіби әрекетке қызығушылықты қарастырады.

Қызметтік компонент белгілі бір педагогикалық технологияны жобалау және жүзеге асыру үшін педагогикалық әрекет тәсілдері ретінде көрінеді.

Коммуникативтік компонентіне өз ойын анық, дәл жеткізу, сендіру, дәлелдеу, талдау, пайымдаулар жасау, рационалды және эмоционалды ақпарат беру, тұлғааралық байланыстар орнату, өз әрекеттерін әріптестердің әрекеттерімен келісіп жасау, әр түрлі іскерлік жағдайларда сөйлесудің тиімді мәнерін таңдау, диалогты ұйымдастыру және қолдау іскерліктері жатады.

Рефлексивтік компонентке өз әрекетінің нәтижелері мен өзінің даму деңгейін, жеке жетістіктерін саналы түрде бақылау іскерлігі; креативтілік, бастамашылдық, ынтымақтастыққа, шығармашылыққа бағыттылық, өзін өзі талдауға бейімділік сияқты қасиеттері мен қабілеттерінің қалыптасқандығы жатады [204].

Жоғарыда айтылғандар негізінде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесінің зерттелу деңгейін талдау инклюзивті оқыту педагогын даярлау өз алдына дербес, бірақ бір-бірімен тығыз байланысып, астасып жатқан *мотивациялық-құндылықтық, танымдық, іс-әрекеттік және өлшемдік даярлықтарын* біріктіретін көпжақты жүйе болып табылатындығын көрсетіп, оны жетілдіру жолдарын анықтадық.

Инклюзивті оқыту педагогының *мотивациялық-құндылықтық компоненті* болашақ педагогтың өзінің мамандығының мәнін түсінуі, өзінің мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсінуі, өз мамандығына деген қызығушылығы, өзіне-өзі кәсіби жетілдіру саласында міндет қою, өз мүмкіншілігін бағалай білу, өз еңбегінің жемісі үшін кәсіптік жауапкершілік сезімі болуын қамтиды.

*Танымдық компонент* инклюзивті білім беру саласындағы отандық және шетелдік заңнамаларды білуді, тәрбие және кәсіптік оқыту мәселелері бойынша негізгі нормативтік және оқу-бағдарлама құжаттарын, әдістемелік нұсқауларды білуді, құбылмалы әлеуметтік тәжірибе жағдайында жинақталған білімін қайта бағалауды, қазіргі заман технологиясын қолдану арқылы жаңа білім ала білуді, өзінің қызмет саласында пайдаланылатын ақпаратты компьютерлік әдіспен жинақтай, сақтай және өңдей білуді қарастырады.

*Іс-әрекеттік компонентке* әріптестерімен өзара қарым-қатынасқа дайын болу, өз жұмысын басқару білу, ұйымдастыру әдістерін меңгеру, өз еңбегін тиімді ұйымдастыра білу, жалпы еңбек ету дағдыларын, өз еңбегін жоспарлау, орындалған жұмысты талдау, жұмыс орнын ұйымдастыру, өзінің педагогикалық қызметін дұрыс атқара білу және т.б. енеді.

*Өлшемдік компонент* педагогтың өз еңбегінің нәтижелері мен процесін өзі талдауға және жүзеге асыруға, өзінің кәсіптік қызметін құбылмалы талаптарға сәйкестендіре білуге қабілеттілігін игеруімен анықталады.

Осы айтылғандардың барлығы бізге жоғарғы оқу орындарында дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды жетілдіру қажеттілігін дәлелдеп береді.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауда инновациялық формадағы оқыту формасының екі тәсілін ерекше атап өткен дұрыс. Дәстүрлі оқыту үрдісі негізгі оқыту формасы болып қала береді, бірақ оған танымдық қабілет¬терді дамыту мақсатында заманауи технологиялар енгізіледі. Бұл, ең алдымен, танымдық қа¬білеттің алты деңгейін білім, түсі¬нік, қолдану, талдау, синтез, бағалауды дамытуға қажет. Осыдан шығара¬тынымыз, дәріске қатысты мәтіндер, тақырып көздері, тапсырмалар және т.б. фактілі материалдар мұқият теріліп алынады.

Дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлаудың көптеген әдістері қолданылады: тренинг, коучинг, кейс технологиясы, сыни ойлау, миға шабуыл, дискуссия, эвристикалық белсенді оқыту әдісі, презентация, кесте¬лер, тірек-конспект, консалтинг, пікірталастар мен рефераттарды қорғау т.б.

Енді осы дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауда қолданылатын оқыту әдістерінің бірқатарының мазмұнын ашып көрсетеміз.

*Кейс* ағылшын тілінен аударғанда «оқиға, жағдаят» деген мағына береді. Кейс жағдаятты немесе нақты оқиғаны талдауды білдіреді. Технологияның мәні нақты оқиғаны емес жағдайды суреттеу негізінде қолданудан тұрады. Біріншіден, талдау үшін ұсынылған жағдай шынайы өмірлік оқиғаны көрсетуі тілекке сәйкес болуы керек. Екіншіден, суреттеуде мәселе немесе тура немесе жанама қиындықтар, қарама қайшылықтар, зерттеуші шешімі үшін жасырын міндеттер қатары болуы керек. Үшіншіден, шынайы мәселені немесе мәселелер қатарының шешімі олардың тәжірибелік жазықтыққа сынуы үшін теориялық білімнің алдын ала кешенін игеру талап етіледі.

Кейстің категориялық аппаратын құру оны қолдану тиімділігін бірталай арттыруға көмектеседі, сонымен қатар оқу процесіндегі технологизациялау әдісі үшін, жаңа мүмкіндіктер ашады. Кейс-әдісте қолданылатын негізгі ұғымдар «жағдаят» және «анализ», сонымен қоса олардан туатын – «жағдаятты талдау» ұғымдары болып табылады.

Нақты жағдайға талдау жасауға шығармашылықпен келу қажет. Әдетте нақты жағдаят үш түрге жіктеледі:

-*таныс жағдаят:* оны шешуде ұқсас үлгілерді басшылыққа алуға болады. Сондықтан олардың шешімі де, әдісі де стандартты болып келеді.

-*ұқсас жағдаят:* дәлме-дәл бірдей болмағанымен, көп ұқсас белгілері бар, түпкі негізі де ортақ болып келетін жағдайларды өзара салыстыра отырып, нақ осы жағдайды қажетті ең оңтайлы шешімді таба білу де студенттер үшін үлкен сын.

*-бейтаныс жағдаят:* бұрын-соңды өмір тәжірибесінде кездеспеген тың да тосын жағдайды басқа бір құбылыспен салыстыруға болмайды. Дегенмен, шешілмейтін мәселе жоқ екендігін ескеріп, оның жолын табуға ұмтылу қажет

Кейс әдісін қолдану тек оқытумен ғана шектелмейді, бұл әдіс зерттеу әдісі ретінде де белсенді қолданылады. Сонымен қатар, педагогтың кәсіптік құзыреттілігін жоғарылатудың нақты тәсілдерінің бірі бола тұрып, басқа оқу әдістерімен оңай байланысады.

Кейс әдісін қолдану тек оқытумен ғана шектелмейді, бұл әдіс зерттеу әдісі ретінде де белсенді қолданылады. Сонымен қатар, оқудағы оқу, білім және ізденіс мазмұнын біріктіру арқылы педагогтың кәсіптік құзыреттілігін жоғарылатудың нақты тәсілдерінің бірі. Бұл әдістің тиімділігі, ол басқа оқу әдістерімен оңай байланысуы мүмкін.

Кесте 13 - Кейс әдісін қолдану кезеңдері

| Аналитикалық қызметтің көптүрлілігі | Сипаттамасы | Негізгі түрлері |
|---|---|---|
| Проблемалық талдау | Проблемаларды атап көрсету, проблемалық өріс қалыптастыру, олардың квалификациясы | 1.Проблемалық жағдаяттың мазмұнын талдау.<br>2.Проблемалық жағдаяттың шарттарын талдау.<br>3.Проблемалық жағдаяттың нәтижесін талдау |
| Жүйелі талдау | Құрылымымен және функцияларымен сипа тталатын кейбір жүйелер сияқты объектіні жүйелік жол жағынан қарастыру | 1.Дескриптивті талдау, яғни бар құрылымдар негізінде, функция қалыптасады.<br>2. Конструктивті талдау яғни, берілген функциялар негізінде құрылым құру |
| Праксеологиялык талдау | Қызметтік процестерді оптимизациялау көзқа рысына байланысты қарастыру | 1.Тиімді іс әрекет жолдарын талдау.<br>2.Іс әрекетті үлгілеу және алгоритимдеу |
| Прогностикалық анализ | Жағдайдың болашақ дамуына қатысты болжауды қалыптастыру. | 1.Жүйенің болашақ күйі берілсе және болашаққа жетудің мүмкіндіктері анықталған болса нормативті прогностикалық талдау.<br>2. Трендттік модельдер құру арқылы болашақтың жағдайы анықталатын ізденісті прогностикалық талдау |

Топтық сауалнама барысында кейс мәтіннің мәселесін анықтайды, жағдайды бағалайды, оқиға немесе үрдісті талдайды, өздерінің шешімдерін ұсынады. Әдіс коммуникативтік дағдыларды дамытады, өздерінің ойларын нақты айтуға үйретеді.

*Тренинг* ағылшын тілінен аударғанда «training» - «оқыту, тәрбиелеу» деген мағына береді. Болашақ инклюзивті оқыту педагогының өзін барлық қырынан ашып көрсетуіне және өзіндік психологиялық мәселелерді шешу тәсілдерін іздеуіне әсер етеді. Біздің зерттеуімізде болашақ инклюзивті оқыту педагогтарының дағдыларын дамытуға арналған, өзіндік жол таба білуді айқындайтын тренингтер пайдаланылды: мәселелерді шешу, қарым-қатынас, өз-өзіне сенімділік, ойлаудың сыншылдығы, өзін-өзі басқару қабілеттілігі, тәжірибе жинақтау және т.б. Тренингтің бағдарламасы кіріспе (бағыт-бағдар беру), қалыптастырушы (дамытушы), қорытынды (жобалаушы) бөлімдерден тұрады. Әдістемелік жағынан тренингтер білімгерлердің теориялық және эмпирикалық тәжірибелерінің жиынтығы түрінде құрылады.

*Коучинг* (coaching - сөзбе-сөз дайындау, жаттықтыру) әріптестердің құпия, белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік үдерісі. Әріптестеріне нақты тақырыптар тұрғысынан өзінің кәсіби білімін, іскерлігін және дағдыларын жақсартып, жетілдіруге көмектесетін тренер, маман, сарапшы. Бұл үшін коуч білім алушы не істеу керектігін түсініп, қалаулы нәтижеге қол жеткізуге көмектесетін интербелсенді тәсілдерді өз бетінше анықтауға жағдай жасайды. Эксперимент барысында пайдаланылған коучинг әдісі оқыту тәжірибелерін бірлесе ойластыру, идеялармен алмасу, рефлексивтік диалог өткізу ойластырылды. Коучинг нақты тақырып бойынша білімгерлердің болашақ мамандығына деген қызығушылықтарын арттырып, олардың өздерінің белгілі бір педагогикалық әрекетті өз бетінше жасап көруіне кәсіби қолдау көрсетуді көздейді.

*Сыни ойлау* - белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау. Сыни ойлау білімгерлердің қызығушылығын арттыра отырып, өз ойын еркін айтуға талпындырып, тұжырым жасауға үйретуді көздейді. Ой қозғай отырып, білімгерлердің өз ойы мен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауы.

*Миға шабуыл* (MMS) - ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Миға шабуыл әдісін пайдалану әріптестік шолуды жүргізудің ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Ол ғылыми-техникалық салаларда, басқаруда, тіпті жеке мәселелерді шешу қажет болған жағдайда да қолданылады. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса, студенттің шығармашыл ойлауын дамытады. Миға шабуыл әдісінің негізгі қағидасы:

- ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды;
- жұмыс пікірдің санына емес сапасына бағытталған;
- барлық пікірлер түйінделеді;
- белгіленген уақыт сақталуы тиіс.

«Миға шабуыл» оқыту әдісі ретінде болашақ мамандарға қысқа уақыт ішінде максималды идеяларды шығаруға мүмкіндік береді және оларда

қызметтің жаңа, ең өнімді салаларын жіберіп алмау қабілетін дамытады. Миға шабуыл әдісінің бірнеше түрлері бар, соларға қысқаша сипаттама береміз.Миға шабуыл әдісінің негізгі кезеңдері және оны құру ережелері:

*Бірінші кезең* - мәселені мәлімдеу, хабарлау. Мәселені нақты тұжырымдауды, қатысушыларды таңдауды және олардың рөлдерін бөлуді (жетекші, көмекшілер және т.б.) білдіреді.

*Екінші кезең* - идеяны қалыптастыру.

-ешқандай шектеусіз идеялардың максималды саны;

-фантастикалық, абсурдтық және стандартты емес идеялар қабылданады;

-идеяларды біріктіруге және жақсартуға болады және қажет;

-ұсынылған идеяларды сынау немесе бағаламау керек.

*Үшінші кезең* - идеяларды іріктеу, жүйелеу және бағалау. Тиімді идеяларды бөліп көрсетуге және бүкіл ми шабуылын ортақ бөлгішке жеткізуге болады, бағалау мен сын құпталады.

Миға шабуыл әдісінің негізгі артықшылықтары:

-білімгерлердің шығармашылық әлеуетін тиімді пайдалана отырып, мүмкіндігінше көп идеяларды жеткізуге ынталандыратын ерекше шығармашылық атмосфера орнайды, өйткені миға шабуылға қатысушылардың әрқайсысы айтылған идеялардың саны мен шығармашылық қабілеті бойынша әріптестерінен қалыспайды.

-тәжірибесі, білімі, қабілеті, тұлғалық типі, мәселені түсінуі әртүрлі білімгерлердің ұжымдық әрекеті синергетикалық әсердің түрін құрайды, ол кейде ізденіс нәтижесінде алынған нәтижені күшейтеді.

*Брейн сақинасы.* MMS-тің бұл кіші түрі, топ мүшелері мәселені шешудің барлық жолдарын жазбаша тұжырымдайды. Талқылай отырып, өз ойларын жазады, содан кейін парақтармен алмасады. Мұндай әрекеттер бір адамның алға қойған ойын басқа адамдардың ақыл-ойы мен қиялының көмегімен дамытуға мүмкіндік береді.

*Жапондық техника.* Бұл техниканы Кавакита Кобояши ойлап тапқан. Жапонияда «күріш бұршақ» деп атайды. Бұл әдісті қолдану кезінде білімгерлер картаны толтырады, мәселені шешудің өз нұсқасын көрсетеді. Осыдан кейін барлық парақтар топтастырылады, бұл мәселенің біртұтас көрінісін алуға мүмкіндік береді.

*Delphi әдісі.* Бұл әдіс экономикалық және әлеуметтік процестерді болжау үшін қолданылады. Delphi әдісін қолданғанда білімгерлер команданың барлық мүшелері танысуға болатын карталарды толтырады.

*Синектика* - қатысушылардың интуитивтік-бейнелі, метафоралық ойлау қабілетіне сүйене отырып жүргізілетін оқу-ізденістік және ұжымдық-шығармашылық тұрғыда әрекет ету әдісі, ұқсас ойлардағы әр қилы элементтерді біріктіру әдісі.

*Эвристикалық сұрақтар әдісі* проблемалық жағдаяттар кезінде қосымша ақпарат алу үшін немесе шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында алынған білімді реттеу үшін қолданылады. Бұл әдіс көне Римдегі шешендік өнер теориясының негізін қалаушылардың бірі Квинтилианнан басталады. Бұл әдістің өзіндік артықшылықтары бар: оларды дұрыс әрі

мақсатты түрде қолдану арқылы оқытудың дамытушылық қызметін бірашама арттыруға болады, білімгерлердің ізденуіне мол мүмкіндік береді, білімгер пен пеагогты жағымды эмоциялық күйге бөлейді.

*Іскерлік ойындар* болашақ педагогтың өзінің кәсіби қызметінің пәндік және әлеуметтік мазмұнын модельдеуі. Іскерлік ойынның міндетті бөліктері: дидактикалық мақсаттың болуы: білімді жүйелеу мен нақтылау, іскерлік жүйесін қалыптастыруға ұмтылу, тұлғаның кәсіби деңгейдегі қасиеттерін қалыптастыру; оқу-кәсіптік ойын міндеттерінің болуы: іскерлік ойынды бағыттаушы жоспарының болуы; білім берушілік, дамытушылық, тәрбиелік жетістіктерге жету.

Сонымен дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістерін келесідей жүйеледік (кесте 14 ).

Кесте 14 - Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау әдістерінің жүйеленуі

| Оқыту әдістері | Мақсаты | Мәні | Механизмі |
|---|---|---|---|
| Проблемалық оқыту | Білімгерлердің танымдық белсенділігін, шығармашылық дербестігін дамыту | Білімгерлерге танымдық міндеттерді ұсыну, оларды шеше отырып, білімді белсенді түрде меңгеруі | Ізденістік әдістер, танымдық міндеттер қою |
| Модульдік оқыту | Оқытудың икемділігін қамтамасыз ету, тұлғаның жеке қажеттілігіне, оның негізгі даярлық деңгейіне бейімдеу | Білімгерлердің жеке оқу бағдарламасымен өз бетінше жұмысы | Проблемалық әдіс, оқытудың жеке қарқыны |
| Дамыта оқыту | Тұлғаны және оның қасиеттерін дамыту | Оқу процесін тұлғаның әлеуметтік мүмкіндіктеріне және оларды іске асыруға бағыттау | Студенттерді әр алуан қызмет түрлеріне тарту |
| Сараланған оқыту | Білімгерлердің қабілеттерін ашуға, дамытуға оңтайлы жағдай туғызу | Бағдарламалық материалдарды әр түрлі жобадағы деңгейде ұғыну | Жеке оқыту әдістері |
| Жинақталған оқыту | Оқу процесі құрылымын студенттің қабылдау қабілетінің табиғи және психологиялық ерекшеліктеріне барынша жақындату | Сабақтарды блоктарға біріктіру арқылы пәндерді тереңдетіп оқыту | Білімгерлердің қабілеттерін ескеретін оқыту әдістері |
| Ойын арқылы оқыту | Білімді, білікті, дағдыны игерудің тұлғалық-қызметтік сипатын қамтамасыз ету | Ақпарат іздеуге, өңдеуге, игеруге бағытталған өз бетінше атқарылатын қызмет | Шығармашылық ойын әдістері |

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды жүзеге асырудың төрт формасы ұсынылады:

-*кіріктірілген формасы* денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны дені сау тұлғалармен бірге оқыту;

-*жартылай формасы* денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны жарты күн арнайы топтарда, қалған жарты күнін дені сау тұлғалармен бірге оқыту;

-*толық формасы* денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі тұлғаны дені сау тұлғалармен бірге оқыту;

-*дуальды формасы* - денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі білімгерлердің оқу үдерісін практикамен тікелей байланыстыра ұйымдастыру.

Енді дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау формаларына тоқталайық.

*Дәріс сабағы.* Дәрістің басынан ақырына дейін педагог жаңа оқу материалын баяндап, ұсынады, ал білімгерлер сол материалды белсенділікпен қабылдайды. Дәріс оқу ақпаратын ұсынудың ең тиімді тәсілі, себебі оқу материалы қисыны нақтыланған формада шоғырландырылып беріледі. Дәріс оқу процесіне шығармашыл сипат ендіріп, сабақ ақпаратына қызығушылықты арттырады. Дидактикалық мақсаттарына және оқу процесіндегі орнына байланысты дәрісбаян: *кіріспе, айқындау, ағымдық, қорытындылау және шолу* болып ажыратылады. Құрылымдық жағынан, әдетте, дәріс кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімнен тұрады. Кіріспе бөлімде тақырып нақтыланады, жоспар мен міндеттер таныстырылады, негізгі және қосымша әдебиеттер көрсетіледі, өтілген материалдармен байланыстар түзіледі, тақырыптың теориялық және практикалық маңызы сипатталады. Негізгі бөлімде проблема мазмұны ашылып, өзекті идеялар мен ұстанымдар нақтыланады, олар арасындағы байланыстар, қатынастар көрсетіліп, құбылыстар талданады, қалыптасқан тәжірибе мен ғылыми зерттеулерге баға беріледі, даму болашағы анықталады. Қорытынды бөлімде негізгі теориялық көзқарастар жалпыланады, қорытынды ой-сөз жүйесіне келтіріліп, сұрақтарға жауаптар беріледі.

*Семинар* - меңгеріліп жатқан мәселелер, баяндамалар мен рефераттарды ұжымдық талқылау формасында өтетін оқу дәрісі. Семинарлардың басқа сабақтардан өзгешелігі - білімгерлердің оқу-танымдық іс-әрекеттері көбіне олардың өзіндік жұмыстары негізінде ұйымдастырылады. Семинар желісінде тұңғыш дерек көздерінен, құжаттардан, қосымша әдебиеттерден, оқудан тыс ізденістер барысында алынған білімгерлердің білімдері тереңдетіледі, жүйеге келтіріледі және бақыланады; дүниетанымдық бағыт-ұстанымдары, бағалау-сұрыптау ой-пікірлері жүйелі бекімге келтіріледі. Семинар сабақтары көбінесе оқылған лекция тақырыбына байланысты негізгі өзекті мәселелерді талқылау, білімгерлердің танымдық ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік шығармашылық белсенділіктерін шыңдау мақсатын көздейді. Тақырып сұрақтарына сай пікір алмасу, өз көзқарастарын дәлелдеу арқылы оқу материалын қаншалықты меңгергенін, соған орай сенімдері мен түсініктерінің қалыптасқандығын бақылап, тексеріп, бағалап және бағыт-бағдар беріп отыруға мүмкіндік туғызады.

*Конференция* ретінде өткізілетін сабақ түрі кейбір тақырыптарды тереңірек меңгерту, оның ғылыми дәрежесін көтеру мақсатын көздейді. Сол үшін де семинар сабақтарына қарағанда, конференция түрінде өткізілетін оқу жұмысында ұсынылған әдебиеттер мен қосымша құралдардың көлемі кеңірек болады. Оны дайындау және өткізу тәртібі семинар сабағына ұқсас келеді. Бірақ, оқу конференциясында баяндамашылар мен сөйлеушілердің саны көбірек болуы қажет. Сондықтан, оған бірнеше топ білімгерлерді қатыстыруға болады.

*Білімгерлердің өзіндік жұмыстары.* Білімгерлердің танымдық қызметі барысында өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл мәселені көптеген ғалымдар (Е.Б. Ястребова, М.И. Ерецский, М.Г. Гарунов, Р.А.Блохина, В.П. Сабодашев, А. Вербицкий жәнеп т.б.) зерттеген. Бұл зерттеулердің өзектілігі - білімгерлердің теориялық және практикалық білімді саналы игеріп, интеллектуалдық қызмет жасай білуге тәрбиелеу болып табылады. Сонымен бірге білімгерлер жай ғана беріліп жатқан дайын біліммен қаруланып қана қоймай, білімді тауып, ізденіп алуына, яғни білімгерлерді оқи білуге үйрету маңыздырақ.

Білімгерлердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы келесі элементтерден тұрады:

- білімгерлердің өздік жұмыстарын жоспарлау;
- әдістемелік қамтамасыз ету;
- бақылау және орындалу бағасы;
- талдау және жетілдіру.

Енді дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту педагогтарын даярлауда қолданылатын *оқыту құралдарына* қысқаша тоқталамыз.

Оқыту құралдары - адамның табиғи тұрғыдан ойлап тауып, білім берудің алға қойылған мақсаттарына жету үшін және білімгерлерді оқытып-тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін педагог пен білім алушылардың қызмет құралы мен оқу информациясы ретінде оқу-тәрбие процесінде қолданылатын материалдық объектілері мен табиғаттың табиғи заттары. Оқыту құралдарына ақпараттық-техникалық құралдар, компьютерлік бағдарлама, аудио-бейне жазбалар, ғаламтор желісінің қорлары, интернет желісі, сандық қорлар және т.б. жатады.

Ақпараттық технологияларды қолданудың денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың психологиялық танымдық процестері жағынан тиімділігі:

-әдістемелер арқылы іс- әрекет барысында логикалық, операциялық, анализдеу сынды әрекеттері дамып, қалыптасады;

-ақпараттық интерактивті технологияларға қызығушылықтары артып, зейінді шоғырландыру, тұрақтандыру, соның ішінде ырықты зейінді қалыптастыруға ықпалы зор;

-психологиялық интерактивті жаттығулар, әдістер арқылы мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қиялын ұштауға қанаттандырады;

-дәстүрлі әдістерден гөрі ақпараттық технологиялар арқылы қолданыла көрсетілген көрнекі жабдықтар адам есінде ұзақ мерзімді сақталып, есте сақтау процесінің дамуына септігін тигізеді.

Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану қызметі дайындығынан келесіні байқауға болады:

-педагогтардың компьютерлік техниканы пайдалануға қызығушылықтарының артқандығы;

- оқыту құралдары ретіндегі компьютерлік техниканы пайдаланудың ең маңызды психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін сақтау. Мұндай ерекшеліктерге мыналар жатады:

а) осы оқыту құралын пайдаланудың педагогикалық тұрғыдан тиімділігі;

б)оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың тиімді тәсілдері (компьютерлік техниканың жеке-маңызды қызмет құрылымына кіруі, үйренуші мен компьютерлік техниканың ұтымды диалогын орнату, өзіндік қызметті дамыту арқылы оқу-танымдық қызметті жандандыру, оқу үдерісін өз бетімен бақылауды ұйымдастыру, компьютерлік техникамен өзара іс-қимыл барысында үйренушілердің шығармашылық дағдыларын қалыптастыру)

-педагогтарды жалпы мәдени, психологиялық-педагогикалық, пәндік және кәсіби-педагогикалық даярлау үрдісінде ақпараттық- коммуникациялық технологияларды (АКТ) кешенді пайдалану.

Қазіргі кезде кеңінен қолданылатын техникалық оқыту құралдарына ақпараттық-техникалық құралдар жатады. Соның бірқатарына сипаттама береміз.

*Бейне жазбалар* оқу процесіне қажетті маңызды материалдармен қатар білім берудің мазмұндық-хабарламалық, уақытша параметрлері мен ұйымдастырушылық және әдістемелік тәсілдерін де таңдап алуларына жол ашып береді. Бейне камералардың табиғи көріністерді түсіру мүмкіндіктері өте мол болып келеді. Бір артықшылығы, видео жазбаларды қажет болған жағдайларда бірнеше рет қайталауға, тіпті бейнелерді экран бетінде көрсетуге де болады (стоп-кадр), көрсету барысында кадр мен оның жекелеген жақтарының көлемін өзгертіп отыруға да мүмкіндік туады.

*Интернет желісі.* Кез келген компьютерлік желі жұмысы топология, хаттама (протокол), интерфейс, желілік программалық және техникалық құралдар тәрізді сипаттамалармен көрсетіледі. Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім алу үшін интернет желісі маңызды құрал болып отыр. Сондықтан интернет желісін пайдаланушы маңызды ақпараттарды білуі тиіс. Желі топологиясы негізгі функционалдық элементтерінің бір-бірімен байланысу құрылымын анықтайды. Желілік техникалық құралдар-компьютерлерді бір желіге ұйымдастыруды қамтамасыз ететін әртүрлі құрылғылар жиыны. Қазіргі кезде Интернеттің ең негізгі функцияларына электрондық почта қызметін атқаруы, жылдам мәлімет алмасуы болып отыр.

*Тренажер-бағдарламалар* іскерлік пен дағдыны қалыптастыру және бекіту үшін тағайындалған. Бұл бағдарламаларды қолданған кезде, білімгерлер теориялық материалды біледі деп жорамалданады.

*Бақылаушы бағдарламалар* - нақты білім немесе іскерлік деңгейін бақылау үшін тағайындалған. Қазіргі бақылау формалары мен әдістердің негізгі кемшілігі мынада: олар көп жағдайларды, қажетті тұрақтылықты және оқу

ақпаратын меңгеру сапасындағы бағаның инварианттылығын және де осы бағаны, ақиқат білім деңгейінің адекваттығын қамтамасыз етпейді.

*Көрсетуші бағдарламалар* оқу материалын көрнекі көрсетуде бейнелеп түсіндіру үшін тағайындалған. Педагог жаңа материалды түсіндірген кезде көрнекі құралдар ретінде компьютерді табысты қолдана алады. Оқу үрдісін интенсификациялау кезінде диалогты немесе интербелсенді графикада көрсетуші бағдарламаларды қолданудың үлкен мүмкіндіктері бар.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау бойынша зерттеудің мақсатын, гипотезасы мен міндеттерін іске асыру үшін біз зерттеу әдістерінің кешенін қолдандық.

Қалыптастыру экспериментінің алдында зерттеу тапсырмалары тұжырымдалды:

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың қазіргі деңгейін анықтау;

-дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау моделін сынақтан өткізу және дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуда оның тиімділігін тексеру;

-дуальды білім беру жүйесін инклюзивті оқыту практикасына педагогтың жобалық құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдік технологиясын әзірлеу және енгізу;

Алынған эксперименттік мәліметтерді статистикалық түрде өңдеуге, гипотезаны растау немесе жоққа шығару үшін оның әртүрлі кезеңдеріндегі зерттеу нәтижелерін салыстыруға, эксперименттік зерттеудің өнімділігін бағалауға болады. Зерттеу шеңберіндегі эксперименттік жұмыс элективті курс арқылы қосымша кәсіптік білім беру жүйесінде іске асырылатын дуальды оқыту моделінде эксперименттік оқытуды ұйымдастыруды көздеді. Элективті курсты арнайы түрде ұйымдастырылған «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» курсы бойынша болашақ педагогтарды дуальды оқыту жағдайында инклюзивті оқытуға даярлау өзекті болып табылады:

-педагогтардың жалпы кәсіптік педагогикалық және пәндік іс-әрекетін кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің әр түрлі түрі, деңгейі мен кезеңінің кәсіби саласының міндеттерін шешу үшін жобаланатын жобалық іс-әрекетке интеграциялау;

-дуальды білім беруді дамытудың қазіргі заманғы деңгейін цифрлық трансформациялау әлеуетін және білім беру жүйесін ұйымдастырудың дәстүрлі кешенділігін және инклюзивті оқытуда педагогикалық процестің тұтастығын біріктіру;

-дуальды кәсіптік білім беру жүйесіндегі кезеңдік технологиялар негізінде педагогтың кәсіби пәндік құзыреттіліктерін инклюзивті оқыту құзыреттілігімен интеграциялау;

-әзірленген алгоритм бойынша түрлі инклюзивті оқыту бойынша жоғары, орта және төмен деңгейдегі оқу, тәрбие және зерттеу қызметін біріктіру;

-жеке, кадрлық, ресурстық, материалдық- техникалық, мониторингтік, әдістемелік немесе технологиялық әлеуеттің және жеке тұлғалық

ерекшеліктерін іске асыру мүмкіндігі үшін элективті курсты оқыту нәтижесінде білімгерлер инклюзивті оқытуды ұйымдастырудың түрлі кезеңдеріне жеке қосылу мүмкіндігі;

-дуальды кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды интеграциялау.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жағдайында оқыту қашықтықтан оқыту форматында қосымша кәсіптік білім беру жүйесіндегі бағдарламалардың көмегімен жүзеге асырылғанын атап өту қажет. Зерттеудің мақсаты анықталған педагогикалық жағдайларды ескере отырып, қосымша кәсіптік білім беру жүйесінде кәсіптік оқытуды педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлау жолдарын анықтауда автор әзірлеген моделін сынақтан өткізу үшін технологияларды пайдалануды эксперименттік тексеру болды.

*Эксперименттік топта* құзіреттілігін қалыптастыру технология көмегімен жүзеге асырылды: тұлғаға бағытталған, іс-әрекетке бағытталған, әлеуметтік бағытталған дизайн.

*Бақылау тобы* дәстүрлі түрде оқытылды: дәріс және практикалық сабақтар, білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, бұл уақыттың шектеулі шегін және жоғарыда аталған міндеттерді шешу үшін тиімді педагогикалық технологияларды қолдану мүмкін еместігін білдіреді.

Болашақ педагогтардың әдістемелік құзыреттілігінің мотивациялық-құндылық компонентінің даму деңгейін диагностикалауда біз келесі әдістемелерді қолдандық: В. Синявский және Б.А. Федоришиннің «Тұлғаның коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін бағалау әдістемесі», Л.Н. Бережнованың «Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет деңгейін диагностикалау әдістемесі», Н.П. Фетискиннің «Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзіндік бағалау әдістемесі».

*1.Әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:*

-мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті және кіріктіріп оқытудың әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздерін әзірлеуді, ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларды жалпы білім беру процесіне қосу аясында оларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруды;

-ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларға оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын бейімдеуді (білімгерлердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды, базалық пәндер бойынша оқытудың пәндік нәтижелері мен дағдыларын, оқу процесін ұйымдастыру шарттарына қойылатын талаптарды);

-ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларды оқыту нәтижелерін мониторингілеу және бағалау жүйесін әзірлеуді, инклюзивті білім беру шарттарына білімгердің оқу жетістігін критериалды бағалауды бейімдеуді;

- үйден оқыту сапасын бағалау жүйесін әзірлеуді;

- ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларды оқыту шарттарына типтік оқу жоспарлары мен техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын бейімдеуді көздейді.

*2. Кадрлық қамтамасыз ету:*

-инклюзивті тәжірибені іске асырушы ұйымдардағы қызмет шарттарына педагогтардың дайындығын қамтамасыз ету;

- педагогикалық мамандықтары бар жоғары, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу жоспарына «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» пәнін қосуды;

-инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдарға арналған педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламасын жетілдіруді;

-ЖОО-да ДБМШТ білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында штаттық қызметкерлерді қосу.

3. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету:

Материалдық-техникалық база арнайы оқу-әдістемелік, техникалық көмекші компенсаторлық құралдармен қамтамасыз ету және қолжетімді «кедергісіз орта» құру есебінен нығайту механизмдерін игеруді қамтиды.

*4. Инклюзивті білім беруді ақпараттық қамтамасыз ету:*

-қоғамды, үкіметтік емес ұйымдарды тарту арқылы ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға қоғамның толеранттық қарым-қатынасын қалыптастыруды көздейді.

-әр білімгерлердің компенсаторлық техникалық және көмекші құралдарға ерекше білім алу, әлеуметтік, оңалту мұқтаждықтары, қажеттіліктері мен барлық білім беру деңгейлерінде көрсетілетін түзету-педагогикалық қолдау түрлері мен көлемі туралы мәліметтері көрсетілуі тиіс.

*5.Жүзеге асырудың негізгі шарттары:*

- нормативтік-құқықтық негіздерді жетілдіру;
- ғылыми, оқу-әдістемелік, кадрлық, қаржылық-экономикалық және басқа да ресурстардың шоғырлануы;
- әлеуметтік-педагогикалық шарттарды құру;
- ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды әлеуметтік бейімдеуге және кәсіби бағдарлау мен өзін-өзі дамытуға жағдай жасау;
- білімгерлердің жеке мүмкіндіктері мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, ақпараттық коммуникативтік технологияларды пайдалануды қамтамасыз ететін интерактивті оқыту.

Қорыта айтқанда болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың *мотивациялық-құндылықтық, танымдық, іс-әрекеттік және өлшемдік компоненттерін* біріктіретін көпжақты жүйе болып табылатындығы көрсетілді. Мотивациялық-құндылықтық компонент болашақ педагогтың өзінің мамандығының мәнін, маңыздылығын түсіну, өзіне-өзі кәсіби жетілдіру түрткілерін қамтиды. Танымдық компонент негізгі нормативтік, заңнамалық, оқу-бағдарламалық, әдістемелік құжаттарды білуін қарастырады. Іс-әрекеттік компонент өз жұмысын басқара білу, ұйымдастыру, еңбек ету дағдыларын білдіреді. Өлшемдік компонент педагог еңбегінің нәтижелерін талдай білуімен анықталады.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістері мен формалары айқындалды. Тренинг, коучинг, кейс технологиясы, сыни ойлау, миға шабуыл, дискуссия, эвристикалық белсенді

оқыту әдісі, презентация, кесте¬лер, тірек-конспект, консалтинг, пікірталастар мен рефераттарды қорғау және т.б. әдістер қарастырылды. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды жүзеге асырудың төрт формасы ұсынылады: кіріктірілген, жартылай, толық және дуальды формасы. Сонымен қатар болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлауда қолданылатын оқыту формалары: дәріс, семинар, конференция сабақ, студенттердің өзіндің жұмыстары баяндалды.

### 2.4 Болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау бойынша тәжірибелік эксперимент нәтижелері

Біз бұл бөлімде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау бойынша жүргізілген тәжірибелік эксперимент жұмыстары және оның нәтижелерін баяндаймыз.

Кез келген зерттеу жұмысының нәтижесін бейнелейтін негізгі әдістердің бірі тәжірибелік эксперимент әдісі болып табылады. Тәжірибелік эксперимент арқылы алдын ала жасалған ғылыми болжамды негіздей аламыз, тексерістен өткіземіз, дұрыстығына көз жеткіземіз.

Белгілі ғалым С.А. Лебедев зерттеу жұмысын жүргізуде әрқайсысының өзіндік құрылымы бар эмпирикалық, теориялық және метатеориялық әдістерді бөліп көрсетеді [205]. Білім беру саласында тәжірибелік эксперимент жүргізудің әдістемесі мен ұйымдастырылуы И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин, В.И.Загвязинский еңбектерінде берілген. Зерттеу жұмысымызды эксперимент мақсатын айқындау, эксперимент әдістерін таңдау, эксперимент жүргізу және нәтижелерін тіркеу, эксперимент нәтижелерін интерпретациялау және қорытындылау сатыларында ұйымдастырдық.

Эксперименттік жұмыстар 2017-2020 оқу жылдары аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті білімгерлерінің қатысуымен үш кезеңде өткізілді. Экспериментке қатысқан білімгерлер саны - 146, эксперимент тобына 72 білімгер, бақылау тобына 74 білімгер ендірілді.

Эксперимент жүргізу барысында зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері туындаған мәселені шешуге бағытталып, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту тәжірибесі бар оқытушылардың практикалық қызметіне негізделді. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға білімгерлерді, яғни болашақ педагогтарды даярлау тиімділігі ұсынылған педагогикалық шарттардың жүзеге асырылуы тұрғысынан сыналды және бағаланды.

Эксперимент барысында дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын болашақ педагогтарды даярлау мүмкіндіктерін айқындауда зерттеу мақсатына жету үшін бақылау, сауалнама, тесттік сауалнама, әңгімелесу және зерттеу мәселесінің ерекшелігіне орай зерттеу әдістемелері қолданылды. Эксперимент нәтижелерін өңдеуде іріктемелер мен математикалық әдістер, сандық және сапалық көрсеткіштер нәтижесін дұрыс анықтау мақсатында деректерді өңдеу мен нәтижелерді талдау үшін Фишер

критерийі қолданылды. Олар эксперименттік тәжірибеде басшылыққа алынды. Бұл дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға дайындықтың *мотивациялық, мазмұндық, практикалық және бағалау критерийлері* бойынша нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

*Мотивациялық критерий* бойынша білімгерлердің бойында инклюзивті оқытуға қажетті кәсіби маңызды жеке тұлғалық қасиеттерінің және құндылықтық көзқарасының болуын, инклюзивті ұстанымдарды іске асырудағы тұлғалық бағыттылығын айқындау мақсатында Н.П.Фетискиннің «Кәсіби педагогикалық мотивацияға өзіндік бағалау әдістемесі» қолданылды.

*Мазмұндық критерий* бойынша болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуды жүзеге асыруына қажетті инклюзивті оқыту мен дуальды оқыту жүйесі туралы білімнің және оқыту құрылымы мен тәсілдері туралы білімнің болуын, интербелсенді және инновациялық тәсілдерді қолдана білу көрсеткіштерін нақтылау үшін Л.Н.Бережнованың «Өзін-өзі дамыту және кәсіби педагогикалық іс-әрекет деңгейін диагностикалау әдістемесі» басшылыққа алынды.

*Практикалық критерий* бойынша инклюзивті оқытудың барлық субъектілері арасындағы өзара әрекеттестіктің тиімді тәсілдерін меңгеру, дамуы қалыпты және денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды бірге оқыту үшін оқу үдерісін жобалай білу, өзара іс- қимылдың тиімді траекториясын құра білу деңгейлерін айқындау мақсатында В.Синявский мен Б.А. Федоришиннің «Тұлғаның коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін бағалау әдістемесі» қолданылды.

*Бағалау критерийі* бойынша болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуды ұйымдастыруда өзін-өзі бағалауы (рефлексия), талдау мүмкіндіктері, нәтижелері және өзінің білімін, іскерлігі мен дағдыларын, құзыреттілігін, мүмкіндіктері мен қабілеттерін бағалау айқындау үшін О.С.Кузьминаның «Кәсіби міндеттерді шешу қабілетін бағалау және «Студенттер қызметінің нәтижелерін бағалау әдістемесі», «Инклюзивті оқытуға даярлық» авторлық сауалнама пайдаланылды.

Эксперимент барысында дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын болашақ педагогтарды даярлауда төмендегілер ескеріліп, зерттеу жұмысының болжамы расталды:

-білімгерлерге дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытудың тұжырымдамалары, қағидалары, ұстанымдары, ерекшеліктері, құрылымы мен мазмұны түсіндірілді;

-жоғары білім беру кеңістігінде инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын болашақ педагогтар моделінің ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалып, алғышарттары нақтыланды;

-инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалды;

-болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығы деңгейін айқындау мақсатында эксперименттік жұмыстар жүргізілді, сынақтан өткізілді, деңгейлері анықталды;

-білімгерлердің инклюзивті оқытуға даярлығын дамыту мақсатында оқу-әдістемелік кешендер жиынтығы дайындалды және іске асырылды [206].

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау арнайы білімді, іскерлік пен дағдыларды; ізгіліктік дүниетанымының қалыптасуы мен дамуын; болашақ педагогикалық қызметінде жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерін үздіксіз жетілдіруді; болашақ педагогтың әдістемелік мәдениетін дамытуды; кәсіптік білім беру сапасын арттыру мәселелерін қамтиды.

Зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттарын түзу болды.

*Бірінші шарт* болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың құрылымдық моделі әзірлеу және енгізу болды.

*Екінші шарт* инклюзивті оқытудың мазмұнын құрастыруды, оны болашақ педагогтардың кәсіби іскерліктерін, дағдыларын және құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыттауды, бәсекеге қабілетті маман даярлауды, кәсіби білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерін құрастыруды қамтыды.

*Үшінші шарт* болашақ педагогтарды дуальді білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың әдістері мен формаларын айқындау, оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану шарты болды.

*Төртінші шарт* болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығы деңгейіне кезеңдік мониторинг жүргізу, өзін-өзі жетілдіру, оң көзқарас қалыптастыру, педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын қамтыды.

Білімгерлерді дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытудың мақсатымен және міндеттерімен таныстыру және инклюзивті оқыту мәселелерін тақылау мақсатында «Креативті жастар - интеллектуалды қуатты елге жол және 4К моделі - креативтілік, сыни ойлау, коммуникабельділік, командада жұмыс істей білу» атты республикалық ғылыми-педагогикалық дөңгелек үстел шеңберінде ***«Инклюзивті білім беру: проблемалар, енгізу тәжірибесі және перспективалар»*** тақырыбында диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелерін талқылауға бағытталған **ғылыми семинар** өткізілді. Семинарда денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту мәселелері қарастырылды.

Дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығын анықтауда біз сандық көрсеткіштерді деңгейін: төмен деңгей (0-5 балл), орта деңгей (6-11 балл) және жоғары деңгей (12-16 балл) деп айқындадық. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау үдерісін модельдеу, ұсынылған оқу-әдістемелік кешенді практикада тексеру, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтардың даярлау кезеңінде мониторинг жасау, эксперимент нәтижелерін талдау жұмыстары жүргізілді.

Енді дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау деңгейлерінің сипаттамаларына тоқталайық.

Кесте 14 - Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау деңгейлерінің сипаттамалары

| Даярлық деңгейі | Болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығы деңгейлерінің сипаттамасы |
|---|---|
| Төмен деңгей (0-5 балл) | Инклюзивті оқытуға қажетті кәсіби сапалардың минималды жиынтығы. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту құбылысын білуі, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар туралы түсінігінің болуы, өзінің болашақ педагогикалық қызметін инклюзивті қағидаттар негізінде құруға дайындығы, инклюзивті білім берудің құндылықтары мен идеяларын қабылдауы. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар қажеттіліктерін анықтауда және оларға білім беру ортасын бейімдеуде, әкімшіліктің, мұғалімдердің, отбасы мүшелерінің, арнайы мамандардың жұмысын ынтымақтастықта ұйымдастырудағы қиындықтардың кездесуі. Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың жеке оқу траекториясын құруда кездесетін қиыншылықтар. Инклюзивті оқытатын педагог ретінде кәсіби маңызды жеке қасиеттері нашар қалыптасқан. |
| Орта деңгей (6-11 балл) | Инклюзивті оқытуға қажетті кәсіби құзыреттері жеткілікті және жүйелі түрде қалыптаспаған. Инклюзивті білім беруді, инклюзия идеялары мен принциптерін теориялық тұрғыда біледі, алайда тұлғалардың білім беру ортасын олардың ерекше қажеттіліктеріне қарай толықтай бейімдей алмайды. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен жылы қарым-қатынас жасайды, денсаулығында бұзылыстары бар инклюзивті білім беру процесінің барлық қатысушыларына толерантты. Инклюзивті білім беру субъектілерімен өзара іс-қимыл жасай алады. Инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруға әрқашан қабілетті бола бермейді. Әкімшілікпен, әріптестермен, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың ата-аналарымен нақты педагогикалық жағдайларда ғана жемісті ынтымақтастық жасай алады. Инклюзивті оқытуға қажетті кәсіби маңызды қасиеттер (эмпатия, мейірімділік, сезімталдық, эмоционалдық, икемділік) ішінара қалыптасқан. |
| Жоғары деңгей (12-16 балл) | Инклюзивті оқытуға қажетті кәсіби құзыреттері толық көлемде жүйелі түрде қалыптасқан. Инклюзивті теория саласындағы білімі жоғары. Инклюзивті оқытуды өзіне мақсат етеді. Инклюзивті білім берудің заманауи стратегиялары мен технологияларын іске асыруға дайын. Инклюзивті оқытуда инклюзия идеялары мен құндылықтарына сүйенуге ниетті. Инклюзивті оқытуда педагогикалық мақсаттарға қол жеткізудің әдістері мен тәсілдерін, білім алу қажеттіліктерін анықтайтын диагностикалық құралдарды меңгерген. Білім беру мекемесінің инклюзивті индексін анықтай алады, мектептің инклюзивті мәдениетін құруға, инклюзивті саясатты жүзеге асыруға және инклюзивті практиканы дамытуға дайын. Оқу бағдарламаларын мүмкіндіктері шектеулі әр тұлғаның ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне бейімдеуге қабілетті. Ата-аналарға инклюзия мәселелері бойынша кеңес беруге құзыретті. Инклюзивті білім беру процесінің барлық қатысушыларына арналған семинарлар мен тренингтер өткізудің әдістері мен технологияларын меңгерген. Инклюзивті оқытатын педагог үшін кәсіби маңызды қасиеттер толық көлемде қалыптасқан |

Дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлаудың:

-*мотивациялық-құндылықтық компоненті* (өз мамандығының мәнін түсінуі, өзінің мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсінуі, өз мамандығына деген қызығушылығы және т.б.);

-*танымдық компоненті* (нормативтік құжаттарды, заңнамаларды білу, оқу-бағдарлама құжаттарын, әдістемелік нұсқауларды білу);

-*іс-әрекеттік компоненті* (қызметтік қарым-қатынасқа дайын болу, өз жұмысын басқару білу, ұйымдастыру, өз еңбегін жоспарлау інің кәсіптік қызметін талаптарға сәйкестендіре білу және т.б.) бойынша және т.б.);

-*өлшемдік компоненті* (өз еңбегінің нәтижелерін талдау, өз болашақ педагогтың инклюзивті оқытуға даярлық деңгейін айқындадық.

Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау үдерісін модельдеу, ұсынылған оқу-әдістемелік кешенді практикада тексеру, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтардың даярлау кезеңінде мониторинг жасау, эксперимент нәтижелерін талдау жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу экспериментінің сандық және сапалық көрсеткіштерін дұрыс анықтау мақсатында Фишер критерийін деректерді өңдеуге және нәтижелерді талдауға қолдандық.

Дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлық деңгейін анықтау мақсатында ұсынылған келесі педагогикалық жағдайлар қамтылды:

-дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуды меңгеру мотивтерінің көрінісі;

-болашақ педагогтардың инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды білуі;

- дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын болашақ педагогтардың ДБМШТ нозологиялық ерекшеліктерін білуі;

-болашақ педагогтардың инклюзивті оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын практикада меңгеруі;

-жұмыс берушінің инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын болашақ педагогтарды қолдауы [207].

*Мотивициялық-құндылықтық компонент* бойынша Н.П. Фетискиннің «Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзіндік бағалау әдістемесі» болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығының мотивациялық баспалдақтың қай деңгейінде тұрғанын анықтауға мүмкіндік береді. Дәлірек айтқанда, әдістеме қорытындысы болашақ педагогтың инклюзивті оқытуға немқұрайлы ма, немесе кездейсоқ, жасанды қызығушылық па, немесе кәсіби білімге құмарлығының артуы ма, немесе функционалдық қызығушылық па, немесе шыңға қол жеткізу ме осы мотивтері нақты айқындадық (кесте 15 және сурет 22).

Кесте 15 - Мотивициялық-құндылықтық компонент бойынша дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау деңгейінің көрсеткіштері

| Топтар | Мотивициялық-құндылықтық компонент бойынша деңгей % | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жоғары | | Орта | | Төмен | |
| | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ |
| Білімгерлер саны | 35 | 22 | 37 | 33 | 2 | 17 |
| Пайыздық көрсеткіш | 47,30 | 30,56 | 50,00 | 45,83 | 2,70 | 23,61 |

Қалыптастыру эксперименті нәтижесінде мотивациялық-құндылықтық компонент бойынша болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даяр болуының нәтижелері талдау, бақылау, түзету, бойынша жоғары көрсеткіш бойынша бақылау тобы 47,30 % ал эксперименттік топ бойынша 30,56%, орта көрсеткіш бойынша бақылау тобы 50,00%, эксперименттік топ 45,83%, төмен көрсеткіш бойынша бақылау тобы 2,70%, эксперименттік топ 23,61 % құрады.

Мотивициялық-құндылықтық компонент бойынша деңгей көрсеткіштерін сызба түрінде келесідей бейнеледік (сурет 22)




Сурет 22 - Мотивациялық-құндылықтық компонент бойынша дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау деңгейінің көрсеткіштері

*Танымдық компонент* бойынша инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау деңгейінің көрсеткіштері (кесте 16 және сурет 23) берілді.

Кесте 16 - Танымдық компонент бойынша бойынша дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау деңгейінің көрсеткіштері

| Топтар | Танымдық компонент бойынша деңгей % | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жоғары | | Орта | | Төмен | |
| | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ |
| Білімгерлер саны | 26 | 15 | 39 | 39 | 9 | 18 |
| Пайыздық көрсеткіш | 35,14 | 20,84 | 52,70 | 54,16 | 12,16 | 25,00 |

Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде танымдық компонент бойынша болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығының нәтижелері талдау, бақылау-түзету, бойынша жоғары деңгей бойынша бақылау тобы 35,14 % ал эксперименттік топ 20,84 %, орта деңгей бойынша бақылау тобы 52,70 %, эксперименттік топ 54,16 %, төмен деңгейін көрсетеді. Төмен деңгей сәйкесінше, 12,16% және 25,00% көрсетті.

Танымдық компонент бойынша деңгей көрсеткіштерін сызба түрінде келесідей бейнеледік (сурет 23)




Сурет 23 – Танымдық компонент бойынша бойынша дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау деңгейінің көрсеткіштері

*Іс-әрекеттік компонент* бойынша инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау деңгейінің көрсеткіштері (кесте 17 және сурет 24) берілді.

Кесте 17 - Іс-әрекеттік компонент бойынша дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау деңгейінің көрсеткіштері

| Топтар | Іс-әрекеттік компонент бойынша деңгей % | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жоғары | | Орта | | Төмен | |
| | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ |
| Білімгерлер саны | 24 | 6 | 41 | 34 | 9 | 32 |
| Пайыздық көрсеткіш | 32,43 | 8,34 | 55,41 | 47,22 | 12,16 | 44,44 |

Іс-әрекеттік компонент бойынша деңгей көрсеткіштерін сызба түрінде келесідей бейнеледік (сурет 24)




Сурет 24 – Іс-әрекеттік компонент бойынша дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау деңгейінің көрсеткіштері

Қалыптастыру эксперимент нәтижесінде іс-әрекеттік компонент бойынша болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даяр болу нәтижелерін талдау, бақылау, түзету жоғары деңгей бойынша бақылау тобы 32,43 %, ал эксперименттік топ бойынша 8,34%, орта деңгей бойынша бақылау тобы 55,41%, эксперименттік топ 47,22%, төмен деңгей көрсеткіші нәтижесінде бақылау тобы 12,16%, эксперименттік топ 44,44% құрады.

*Өлшемдік компонент* бойынша инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау деңгейінің көрсеткіштері (кесте 18 және сурет 25) берілді.

Кесте 18 – Өлшемдік компонент бойынша дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау деңгейінің көрсеткіштері

| Топтар | Іс-әрекеттік компонент бойынша деңгей % | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жоғары | | Орта | | Төмен | |
| | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ | БТ | ЭТ |
| Білімгерлер саны | 23 | 12 | 42 | 41 | 9 | 19 |
| Пайыздық көрсеткіш | 31,08 | 16,67 | 56,76 | 56,94 | 12,16 | 26,39 |

Өлшемдік компонент бойынша деңгей көрсеткіштерін сызба түрінде келесідей бейнеледік (сурет 25).




Сурет 25 - Өлшемдік компонент бойынша бойынша дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау деңгейінің көрсеткіштері

Қалыптастыру эксперименті нәтижесінде өлшемдік компонент бойынша болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлау нәтижелерін талдау, бақылау, түзету жоғары деңгей бойынша бақылау тобы 31,08 %, ал эксперименттік топ бойынша 16,67%, орта деңгей бойынша бақылау тобы 56,76%, эксперименттік топ 56,94%, төмен деңгей көрсеткіші нәтижесінде бақылау тобы 12,16%, эксперименттік топ 26,39% құрады.

Болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығын қалыптастыру мақсатында ұсынылған оқу-әдістемелік құралдары мен оқу-әдістемелік кешені практикада тексеруден өткізілді. Қалыптастыру эксперименті нәтижесінде, эксперименттік топта болашақ инклюзивті оқыту педагогтары-білімгерлері түрлі ғылыми ұстанымдарды, қағидаларды, әдістемелерді, әдістерді,

құралдарды, формаларды болашақ кәсіби іс-әрекетте қолдану қажеттілігін, сонымен қатар педагогикалық шындықты мақсатты, жүйелі зерттеудің және жаңа білімді игеруге белсенділігін көрсетті. Сонымен қатар қалыптастыру экспериментін жүргізу барысында эксперимент тобы білімгерлердің болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлық деңгейі арта түсті.

Эксперименттік және бақылау топтарын салыстыруға Фишер критерийі қолданылды. Критерий бізді қызықтыратын екі үлгінің пайыздық үлестері арасындағы айырмашылықтардың дұрыстығын бағалайды.

Фишердің бұрыштық түрлендіруінің мәні пайыздық кездейсоқ іріктемемен радианмен өлшенетін орталық бұрыштың шамасына аудару болып табылады. Үлкен пайыздық үлес үлкен бұрышқа сәйкес келеді φ, ал кіші бөлшек кіші бұрышқа сәйкес келеді, бірақ мұндағы қатынастар сызықтық емес: φ = 2*arcsin(√P ), мұндағы P - пайыздық үлес.

φ1 и және φ2 бұрыштары арасындағы алшақтықтың жоғарылауымен және үлгілер санының артуымен критерийдің мәні артады. φ* мәні неғұрлым үлкен болса, айырмашылықтар соғұрлым сенімді болады.

Нәтижелерді талдау үшін F – Фишер критерийін қолдандық. Фишердің бұрыштық түрлену коэффициенті (φ* өлшемінің мәндері) қолданылды. Фишердің бұрыштық түрленуінің коэффициентін мына формуламен есептейміз:

$$\varphi = (\varphi_1 - \varphi_2) \times \sqrt{\frac{n_1 \times n_2}{n_2 \times n_2}} \quad (1)$$

Мұнда,

φ1 - болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлық көрсеткішінің үлкен мәні;

φ2 - алынған мәліметтердің аз көрсеткішінің мәні;

n1 - 1 бақылау саны;

n2 - 2 бақылау саны.

Фишердің φ* критерийі дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау үшін жасалған педагогикалық жағдайлардың оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілуі жеткілікті екендігін көрсетті. Экспериментке қатысушы эксперименттік топ пен бақылау тобы білімгерлерінің көрсеткіштерінің едәуір айырмашылықтары бар екендігін анықталды. Бұл айырмашылықтар жоғары (φ * = 1.64) және орташа (φ * = 2.28) деңгейлерде көрінеді. Фишердің φ* критерийі бойынша есептеулер нәтижелері дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытатын болашақ педагогтарды даярлауға жеткілікті жағдай жасалғандығын көрсетті.

Екінші шарт бойынша Фишер критерийі бақылаулардың екі сериясының таңдамалы дисперсияларының мәндерін салыстыруға мүмкіндік берді. Критерийдің шарты бойынша бөлшектің алымында көрсетілген мәні бөлгіштің мәнінен үлкен немесе оған тең болуы керек, сондықтан Femp мәні әрқашан Fэм≥1.

Болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығының p-деңгейін төмендегі формуланың негізінде есептедік:

$$X^2 = \sum_{i=1}^{n} \frac{(f_э - f_m)^2}{f_m}, df = (k-1)(m-1) \qquad 2)$$

Эксперименттің анықтау кезеңі эксперименттік топ және бақылау тобындағы білімгерлердің дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлығы орта және төмен деңгейде екендігі қарастырылды. Сондықтан аталған кемшілікті түзету мақсатында «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби даярлау» элективті курсы әзірленді, оқу-әдістемелік кешені жасалды. Курс бағдарламасы үш бөлімнен тұрады. Әзірленген бөлімдер ұйымдастыру, дайындық зерттеу кезеңдерімен танысу, ғылыми теориялық-білім жүйесін меңгеру, ғылыми-практикалық, инклюзивті оқытудың қалыптасуы және әлеуметтік қоғамға зерттеу нәтижелерін ендіру кезеңдеріне сәйкес келеді.




Сурет 26 – Фишер критерийінің қолданылуы

Эксперимент соңында мәліметтер бойынша эксперимент тобы білімгерлерінің инклюзивті оқытуға даярлығы жоғарылағандығы байқалды.

Сонымен эксперимент барысында білімгерлердің инклюзивті оқытуға даярлық деңгейінің олардың меңгерген білімі, іскерлігі және дағдыларына қатысты екендігін көрсетті.

Кесте 19 – Дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даярлығы көрсеткіштерінің динамикасы

| Критерийлер | Деңгейлер | Бақылау тобы | | Эксперимент тобы | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Эксп. басы | Эксп. соңы | Эксп. басы | Эксп. соңы |
| Мотивациялық-құндылықтық | Жоғары | 18,93 (14) | 47,30(35) | 23,62 (17) | 30,56(22) |
| | Орта | 45,94 (34) | 50,00(37) | 44,44 (32) | 45,83 (33) |
| | Төмен | 35,13 (26) | 2,70(2) | 31,94 (23) | 23,61(17) |
| Танымдық | Жоғары | 16,22 (12) | 35,14(26) | 15,28 (11) | 20,84(15) |
| | Орта | 50,00 (37) | 52,70(39) | 50 (36) | 54,16(39) |
| | Төмен | 33,78 (25) | 12,16(9) | 34,72 (25) | 25,00(18) |
| Іс-әрекеттік | Жоғары | - | 32,43(24) | - | 8,34 (6) |
| | Орта | 29,73 (22) | 55,41(41) | 29,17 (21) | 47,22(34) |
| | Төмен | 70,27 (52) | 12,16(9) | 70,83 (51) | 44,44 (32) |
| Өлшемдік | Жоғары | 14,86 (11) | 31,08(23) | 12,51 (9) | 16,67(12) |
| | Орта | 52,70 (39) | 56,76(42) | 51,38 (37) | 56,95(41) |
| | Төмен | 32,44 (24) | 12,16(9) | 36,11 (26) | 26,39(19) |

Білімгерлердің мотивациялық-құндылықтық компоненті бойынша эксперименттік және бақылау тобының мотивтерінің нақтылығы, инклюзивті оқыту қажеттілігі, инклюзивті оқыту педагогының тұлғасы, денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға құрмет көрсету және т.б.

Кесте 20 - Мотивациялық-құндылықтық компоненті бойынша эксперименттік және бақылау тобының нәтижелері

| Деңгейлер | Эксперимент тобы | Бақылау тобы |
|---|---|---|
| Жоғары | 22 | 35 |
| Орта | 33 | 37 |
| Төмен | 17 | 2 |

| | | |
|---|---|---|
| 29,25 | 9,75 | |
| 27,75 | 9,25 | |
| -7,25 | 52,5625 | 1,797009 |
| 7,25 | 52,5625 | 5,391026 |
| 7,25 | 52,5625 | 1,894144 |
| -7,25 | 52,5625 | 5,682432 |
| | | 14,76461 |

$\chi^2$ =*14,76461*

Танымдық компонент бойынша инклюзивті білімінің болуы, инклюзивті оқыту саласында нормативті құжаттарды білуі, іскерліктері мен дағдыларының беріктігі және т.б.

Кесте 21 - Танымдық компонент бойынша эксперименттік және бақылау тобының нәтижелері

| Деңгейлер | Эксперимент тобы | Бақылау тобы |
|---|---|---|
| Жоғары | 15 | 26 |
| Орта | 39 | 39 |
| Төмен | 18 | 9 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 19,89706 | 21,10294 | -4,89706 | 23,98119 | 1,205263 |
| 13,10294 | 13,89706 | 4,897059 | 23,98119 | 1,136391 |
| | | 4,897059 | 23,98119 | 1,830214 |
| | | -4,89706 | 23,98119 | 1,72563 |
| | | | | 5,897498 |

$\chi^2$ =5,837498

Кесте 22 - Іс-әрекеттік компонент бойынша эксперименттік және бақылау тобының нәтижелері

| Деңгейлер | Эксперимент тобы | Бақылау тобы |
|---|---|---|
| Жоғары | 6 | 24 |
| Орта | 34 | 41 |
| Төмен | 32 | 9 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16,05634 | 13,94366 | | | |
